




ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

YESSENOV FORUM «ЖАҢА МАҒЫНАЛАР»
атты халықаралық форумның материалдары
2-3 желтоқсан, 2021

YESSENOV FORUM «NEW MEANINGS»
материалы международного форума
2-3 декабря, 2021



АҚТАУ

**YESSENOV FORUM «ЖАҢА МАҒЫНАЛАР»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**

2-3 ЖЕЛТОҚСАН, 2021

**YESSENOV FORUM «NEW MEANINGS»
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ФОРУМА**

2-3 ДЕКАБРЯ, 2021

АҚТАУ

**ӘОЖ 338
ББК 65.9
Ү 46**

**Есенов университетінің президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен**

**Редакциялық алқа:
Е.Т.Нұрмағанбет, А.М. Джанисенова**

«YESSEN OV FORUM «ЖАҢА МАҒЫНАЛАР» атты халықаралық форумның материалдары – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2021, – 481 б.

ISBN 978-601-308-546-3

Жинақта ғылыми зерттеулерді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырады. Сондай-ақ жоғары сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету өзекті мәселелер қарастырылады. Экономикалық және құқықтық жүйелерді басқарудағы өзекті мәселелерін және оның проблемаларын шешуге, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіпкерлік белсенділігін дамыту сұрақтары қарастырылады.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білімалушыларға арналған.

**ӘОЖ 338
ББК 65.9**

© Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2021

ISBN 978-601-308-546-3

СЕКЦИЯ 1
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ – ТАПСЫРМАЛАРДЫ
ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА БАҒЫТ

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ
110 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ХАЛҚЫНЫҢ ДАҢҚТЫ ҚАЙРАТКЕРІ

Жаулин К.М.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан



Қай халықтың да әр заманда өзіне тұлға тұтар айбынды да даңқты қайраткерлері болады. Қазақ халқы үшін XX ғасырдың басындағы Алаш азаматтары шыбын жандарын шүберекке түйіп, қазақтың дербес ұлттық автономиясын құру үшін күресті, одан кейін оның Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы болып құрылуына, оның шекарасының бүгінгі аумақта бекітілуіне тікелей атсалысты. Сөйтіп олар XX ғасырдағы қазақ мемлекеттігінің негізін салуға бар күшін салды. Армандарына жете алмаса да, ұлтының жүрегінде өшпестей із қалдырды. Одан кейін кешегі кеңестік кезеңде тоталитарлық жүйеге қызмет істей жүріп, ұлтына қолдан келгенше қызмет еткен тұлғаларды да ұмытуға болмайды.

Халқына қадірлі болып, елдің есінде қалған, есімі мәңгі ұмытылмайтын сондай тұлғалардың бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Д. А. Қонаев – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО, бірнеше шет ел ордендері мен медальдерінің иегері. XX ғасырдағы Қазақстанда қызмет еткен мемлекет қайраткерлерінің ішінде Д.А.Қонаевтың орны ерекше бөлек. Ол коммунистік жүйеге қызмет еткенмен, Одақтың құрамындағы республикамыздың дамуына қолдан келгенше еңбек сіңірді, көптеген игі істерімен абырой мен даңққа бөленді, қазақ халқы мен республикасын дүниежүзіне танымал етті. Соншалықты күрделі кезеңде өмір сүріп, қызмет етсе де, Д. А. Қонаев Қазақстанның экономикасын, әлеуметтік өмірін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға ерекше еңбек сіңіргені күмәнсіз. Оның еңбегі, азаматтық және ғалымдық болмысы бүкіл бір ұлттың жарты ғасырлық өмірбаянына айналғаны шындық. Ол туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Дінмұхамед Ахметұлы – айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер. Сондықтан, біз оны Тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек», – деп атап өткен болатын.

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған кезде-ақ оны әлемдік қауымдастықтың көптен күткен заңды оқиғадай қабылдағаны, оған дейін Қазақстан атының танылып, өзіндік орны бар одақтық республика ретінде қалыптасқандығынан екендігін де мойындамасқа болмайды. Сан ғасырлар бойы езгіге түсіп, небір қиыншылықты көрген халқымыздың есін жиып, қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда танылып, экономика мен мәдениеттегі орнын айқындап, алыс-жақын әлемге аударып бастауы да сол Қонаев билік құрған кезеңнен басталғаны баршаға мәлім.

Д.А.Қонаев өз заманының танымал тұлғасы, халқының адал ұлы, Қазақстанның ғана емес, сол кездегі Одаққа танымал саясаткер бола білді. Түрлі деңгейдегі партия және

кеңес қызметін атқара жүріп, кеңестік жүйеге қызмет етсе де, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, өз елінің мүддесін, болашақ ұрпақтың қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. Оның есімі Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының тағдырымен тығыз байланысты. Ол өз халқының XX ғасырдағы жүріп өткен жолының ырғағымен ұзақ та күрделі ғұмыр кешті. Д.А.Қонаевты еске алсақ, еліміздегі ғаламат құрылыстар, сандаған кен орындары, зәулім қалалар және Қазақстан тыңын игеру кезеңі көз алдымызда тұрады. Ол, шын мәнінде, өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті, артында өшпес із қалдырған мемлекетшіл ірі тұлға болды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (1912-1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, көптеген КСРО және шетел ордендері мен медальдарының иегері. Ол 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында қызметкерлер отбасында өмірге келген. Балдәурен балалық шағы, жастық дәуірі осы әсем қалада өтті. Д.А. Қонаевтың ата-бабалары мал шаруашылығын кәсіп еткен жандар болған. Ауылы Құйған маңайындағы Күрті мен Іле өзені жағалауын мекендеген. Бертінірек келгенде тау бөктеріндегі Алматы өзенінің оң жағалауына тұрақты түрде қоныс тебеді.

Д.А.Қонаев Чернышевский атындағы №19 мектептің бастауыш сыныбында оқыған. Төртінші сыныпты бітірген соң №14 мектепке ауысып, сонда оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін, жоспарлау органдарында статист болып жұмыс істеп, кешкілік институттың дайындық курсына оқиды. 1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны Мәскеу Түсті металл алтын институтына оқуға жібереді. Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д.А.Қонаев Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогының машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болып істейді. Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.

1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етеді. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды. Тау кен ісі саласының ірі ғалымы Дінмұхамед Ахметұлы республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми-ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылды. Д.А.Қонаев 1955-1960 және 1962-1964 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-1962 және 1964-1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды.

Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді. Бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП-ның XIX съезінен бастап кейінгі съездерінің бәріне делегат болып сайланды. Парламент және партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтты. 1956 жылы КОКП Орталық комитетінің мүшесі болды. Партияның XXIII съезінде ол СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал XXVI съезде мүше болып сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды.

Қаншалықты күрделі, идеологиялық қысымшылықта әрі тоталитардық жүйеде қызмет атқарғанымен, Дінмұхамед Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол

Қазақстанның экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығына жығыла бермей, қажет жерінде ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. 1960 жылдар басында Н.С. Хрущевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайта қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі еді.

Мақаламыздың басында айтып кеткеніміздей, алаш азаматтарының асыл арманын жүзеге асыруда кешегі кеңес дәуірінде де ардақтыларымыздың атсалысқандары айдай анық. Ол Қазақстанда неміс автономиясын құруға қарсы шығып, Маңғыстаудай қойнауы құтты мекенді көрші елдердің қанжығасына байлап жіберуге бейіл болған кеңестік саясатқа ырық бермей, көзінің қарашығындай сақтап қала алған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтай халқының сүйікті ұлының болғанын қазіргі ұрпақ мақтанышпен еске алады, ешқашан ұмытпайды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін осынау территорияны тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ресми түрде бекіттіріп, әлемдік құқық мойындаған мемлекеттік шекараны баянды еткені баршамызға аян.

Осындай халқының адал ұлы, көрнекті қайраткерінің қызметтен кетуі ел тарихында елеулі оқиға болып қалды. 1985 жылы СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы болып М.С.Горбачевтің келуіне байланысты 1986 жылы желтоқсан айында Дінмұхамед Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатылды. Небәрі 18 минутқа созылған пленумда оның орнына Ульяновск облысынан келген Г.В.Колбин отырғызылды. Орталықтың жүргізіп отырған осындай әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан оқиғасына ұласқаны баршаға мәлім.

«Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру» – деген ұлт тұлғасы елдік үшін аянбай еңбек етті. Содан болар «Орысты ренжетсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында Мәскеу бар. Қазақтың артында Мәскеу жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой... Біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек», – деген еді Асанбай Асқаровқа.

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау – абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны, оған қосқан үлесін саралай отырып сараптау, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар, өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан

жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған», - деп тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең сезініп, қолдай білді. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білген абзал азамат 1993 жылы тамыздың 22-інде, 82 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

Д.А.Қонаев туралы замандастары, көрнекті қоғам қайраткерлерінің лебіздерін тыңдап көрелік:

«Димекен – өз заманының перзенті болған ірі тұлға. Ол кісінің артықшылығын да, кемшілігін де біз сол заманнан бөле-жара қарауға қақымыз жоқ. Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі – бәрімізге ұстаз болған ұлы адам» (Н.Назарбаев);

«Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхамед Қонаев» (Джавахарлал Неру);

«Қазақстанның өрлеу мен гүлденудің ең жоғарғы дәрежесіне жеткен кезеңі – Қонаев билік басына келген жылдар. Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кез келген мәселені шешуде үнемі батылдық пен көрегендік танытып отыратын тұлға болды» (Асанбай Асқаров);

«Оның өмір жолы тек бір адамзаттың ғана емес, күллі бір ұлттың бір ғасырлық өмірбаянына айналғаны мойындамасқа болмайтын шындық. Қалайық, қаламайық әлденеше он жылдар бойы көзқаракты дүние Қонаев аталған жерде Қазақстан, ал Қазақстан аталған жерде Қонаев бар деп ұқты» (Әбіш Кекілбайұлы).

Д.А.Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты ғұмырнамалық кітабында: «...Мен тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Еңкейіп отырмын деп, еңсемді түсірмеймін. Ат жалын тартып мінген азамат шақтан алдыма қойған бар арман, бар мақсат – өзіңмен еншілес болу еді, халқым. Ол ниет орындалды. Қалтқысыз қызмет етуге, аманатыңа адал болуға, адам баласына қиянат жасамауға, ала жіптен аттамауға тырыстым. Соңғы демім таусылғанша алақаны аялы, жаны саялы елім, саған, алтын бесігім – жерім, саған қызмет етуден танбаймын», – деп жазды.

Д.А.Қонаевтың қоғамдық-саяси, ғылыми еңбегі – Тәуелсіз Қазақстанның болашақ ұрпақтары үшін де өлшеусіз үлгі, қашан да өнеге. Өйткені, жас ұрпақ ата-бабаларынан бері келе жатқан халқының ерлік және еңбек даңқын, орасан тәжірибесін біліп өсуі, одан үлгі алып ержетуі لازم. Сол ата-бабалардың ерлік істерін кешегі тоталитарлы кеңестік кезеңнің өзінде ақыл-оймен жалғастырып, елі үшін елеулі еңбек сіңірген Д.А.Қонаевтай азаматтардың елге жасаған жақсылығын үйрене отырып қана бүгінгі тәуелсіздігіміздің бағасын біле алады және оны баянды қылу жолында әрекет етеді.

Қазіргі кейбір адамдар кешегі кеңестік кезеңге топырақ шашып, оны тұтастай жоққа шығаруға тырысады. Алайда, ол кезең де – біздің тарихымыз, біздің тағдырымыз болды. Өткенді қайта оралта алмаймыз. Кеңестік идеология мен саясаттың небір құйтырқылықтары болғанымен, сол кезеңде де қазақ қоғамы бір орнында тұрып қалған жоқ, елмен бірге дамыды. Экономикасы, білімі мен мәдениеті өсті. Оны жасаған да, басқарған да өз азаматтарымыз, білімді де бекзат аталарымыз бен ағаларымыз. Олардың тәжірибесі, өмір жолы мен өнегесі қазіргі жас ұрпақ үшін ауадай қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Д.А.Қонаев: «Мен өзімнің, сондай-ақ замандастарымның өмірін жарты ғасырдан астам уақыттан бері мүшесі болып келе жатқан Коммунистік партиядан, оның мұратты істерінен бөліп қарай алмаймын. Біз революция жеңісін (базбіреулер мансұқтаса да) халықтың әл-ауқатын жақсарту арқылы ғана емес, сонымен бірге адам санасына қайырым, рахым, мейірім, шапағат, кішілік, кісілік сияқты ізгілік рухын егу арқылы да баянды етуге ұмтылды. Сондықтан да олар малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы деп өмір кешіп келеді. Өзін-өзі әркім-ақ бақытты ете алады, ал біреуді бақытты етуге екінің бірі тәуекел ете бермейді. Басқаның бақыты деген сөз – халықтың бақыты деген сөз. Бұл – бір. Екіншіден, ертеңін ойлаған ел қазына жиюға ынтықпайды, кемелденуге ұмтылады. Біз барынша елдің келешегін соған үндедік. Өшкенімізді жаңғыртып, өлгенімізді тірілтуге тырыстық. Өскен, өркендеген ел қатарлы басын мұнар шалса да, іргесін сыз алмас ғимараттар, сәулетті сарайлар, тарих елшісі – музейлер салып, мәдениетке талпындық», – деп, ағынан жарыла баяндайды.

Д.А.Қонаев түрлі қызмет атқара жүріп ғылымнан бір сәтке де қол үзген емес. Ол 1948 жылы техника ғылымдарының кандидаты, ал 1963 жылы докторы ғылыми дәрежесіне диссертацияларды сәтті қорғады. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектер: «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» (1949), «Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру» (1966), «Қазақстанда кен қазу жұмыстарының ашық әдістерін дамыту» (1950) және т.б. аса құнды еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері кезінде жоғары бағаланып, 1942 жылы «Қазақ КСР-і Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықпен, ал 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогендік және болжау картасын жасағаны үшін Лениндік сыйлықпен марапатталды. Ұзақ жылғы ізденістердің нәтижесінде 1952 ж. Академияның толық мүшелігіне (академик) сайланады. Сондай-ақ ғалымның ұзақ жылғы ізденістерінің нәтижесі болып табылатын оның артында қалған 200-ден аса ірі ірі ғылыми еңбектері бүгінгі күні де сұранысқа ие.

Сондай ғылым жолындағы табанды ізденісі мен ғылымның қиыншылығымен қатар қызықты да кезеңдері туралы өзі: «...ғылым жолының инемен құдық қазғандай қиындығына да, шексіз мүмкіндігіне де қайран қаламын. Тереңірек үңіліп, сарсыла ізденген сайын, оның тылсым сырларына қаныққан сайын «ындының кеуіп», шөліккей түсесің, арбалғандай алаңсыз «құныға» түсесің. Ғылым деген құдірет осы. Оның түн ұйқыңды төрт бөлгізген ой кемерінен, сол ойдың ел игілігіне айналған жемісін көру қандай бақыт! Мен өзімді сол бақыттың дәмін татқан ғалымдардың бірі болғанымға шүкір деймін», – деп еске алады.

Д.А.Қонаевтың республика ғылымын дамытуға қосқан үлесі туралы академик Б.А. Төлепбаев былай дейді: «Д.А. Қонаев ірі ғалым, әрі ғылымды білікті ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның Ғылым Академиясының гүлденуіне көп еңбек етті. Оның басшылығымен ғылыми күштер мен материалдық ресурстар шоғырланған республика өндірістік күштерінің дамуының кешенді мәселелерін шешуде, сонымен қатар ұлт мәдениетінің көтерілуінде ғылыми мекемелердің жұмысы жандана түсті».

Д.А.Қонаев қызметтен кетіп, зейнеткерлікте дамылдаған жылдарында өткен-кеткенді пайымдап, 1992 жылы «Өтті дәурен осылай» деген атпен ғұмырнамалық кітап жазып, көпшілік оқырманның тілегі бойынша оның толықтырылған нұсқасы өзі өмірден өткеннен кейін, 1994 жылы «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген атпен қайта басып шығарылды. Сол кітапта автор өзінің республиканың басшылық қызметінде болып, халқына қалтқысыз қызмет еткен жылдарын мынадай негізгі кезеңдерге бөледі.

Біріншісі – сталиндік заман, бесжылдықтардың басталып, индустрияландыру, ұжымдастыру жалпыхалықтық сипат алған кезең. Бұл қазақтың ашаршылыққа ұшырап, «халық жауларын» қуғын-сүргінге түсірген азапты жылдар болды.

Екіншісі – Сталиннің жеке басына табынуының зардаптары әшкереленіп, догматизмнен арыла бастаған кезең. Бұл жылымық жылдарында экономикалық реформа деген тұрпайы тәсіл белең алды. Көптеген мемлекеттік органдардың таратылып, халық шаруашылығы кеңестері ұйымдастырылған және ауыл шаруашылығы органдары құрылымдарының астан-кестені шыққан тұс. Адам алғаш рет ғарышқа ұшып, дүние дүбірге бөлеген жылдар. «Антипартиялық топ» талқандалып, бар биліктің бір кісінің қолына көшкені, Хрущевтің ұрттан ішіп, шайқап төккен шағы.

Үшінші кезең –1964 жылы қазанда КОКП Орталық Комитетінің пленумында Хрущевтің субъективизмі мен валютаризміне күйрете соққы беріліп, оны «тақтан» тайдырған, сөйтіп Брежневтің билігі басталған жылдар, яғни, «тоқырау» деп айдар тағылған кезең болды. Бұл кезеңге Андропов пен Черненко басқарған жылдар да қосылады.

Төртінші – «қайта құру» деп аталған Горбачевтің билік құрған жылдары, жариялылық пен демократия жылымығы ескен, бірақ халқымыздың 70 жыл бойы өткен тарихы аяусыз сыналып, жөнсіз қараланған уақыты.

Мінеки, өзі арасын ашып, нақты сипаттап берген осы төрт кезеңнің соңғы үш кезеңінде Дінмұхамед Қонаев ағамыз 1942 жылдың сәуір айынан 1986 жылдың желтоқсанына дейін республикамыздың басшылық қызметінде болды. Ол кезең туралы аталмыш кітабында ақты – ақ, қараны – қара деп өз пайымымен саралай пайымдайды. Бұл еңбек – халқымыздың жүріп өткен XX ғасырдың жартысын ел басшысының көзімен зерделеген тағылымды еңбек. Бұл кітапта Дінмұхамед Ахметұлы өз замандастарының, ел басқару ісінде үзеңгілес болған тұлғалар мен заманының елеулі қайраткерлері туралы да тебірене баяндап: «Өнеге тұта білсек, сол адамдардың тәжірибесі – өмір мектебі ғой. Оған атүсті қарап, сыртқары тебу – алтынның қолда барда қадірі жоқтың кері. Асыл азаматтарымыздан айырылармыз, ол өмір заңы, бірақ олардың артында қалдырған өшпес ізі – өнегелі ісін ұмытуға қақымыз жоқ. Қайта мақтаныш етуге тиіспіз. Ұрпақ жалғастығы осымен баянды, осымен құдіретті. Сондықтан әл қадірімізше өз заманының үнін жеткізуге, рухын сақтауға, сондай-ақ жақсысын ардақтауға, «әттеген-айын» сабақ боларлықтай салмақтап айтуға күш салдым. Әділін айтуға, ақ сөйлеуге, ақиқаттан аттамауға тырыстым», – деп толғанады. Ұлы тұлғаның артына үшпес із қалдырған ұлы тұлғалар туралы айтқандарын өзіне қатысты айтуға да әбден болады. Сондай бағаға лайық қазақтың Ұлы тұлғаларының бірі де, бірегейі де – Д.А.Қонаевтың өзі екені сөзсіз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Д.А.Қонаев өмірден өткеннен кейін, яғни 1994 жылдың 24 ақпанында, «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» Жарлығын жариялады. Қазіргі күні Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі Алматы және Астана қалаларының көшелеріне, университет пен колледжге берілді. 1992 жылы Д.А.Қонаев атындағы Халықаралық қор құрылды. Оның мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттігін нығайту, елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға қолдау көрсету, қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани мұрасын игеріп, оның өркендеуіне септігін тигізу болатын. Қазақ халқы Ұлы қайраткер тұлғасының есімін ешқашан есінен шығармайды. Туған халқы барда Қайраткерінің есімі де ұлтының туы болып, ел есінде жаңғыра береді!

**ҰҒА АКАДЕМИГІ САЛЫҚ ЗИМАНҰЛЫ ЗИМАНОВТЫҢ 100
ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
ҰЛТТЫҚ ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗАҢҒАРЫ**

Жаулин К.М.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан



Ұлт тарихында әр кезеңнің айтулы тұлғалары, ел үшін еңбек сіңіріп, бар саналы ғұмырын мемлекет пен ұлттың ісіне арнаған қайраткерлері болады. XX ғасырдағы ұлттық заң ғылымын дамыту мен тәуелсіз қазақ мемлекетін қалыптастыру ісінің алдыңғы сапында болған сондай санаулы қайраткер тұлғалардың бірі – Салық Зиманұлы Зиманов.

Салық Зиманұлы Зиманов – аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, заңгер ғалым. Заң ғылымының докторы, профессор, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының (2002), ҚР Тұңғыш Президентінің мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының (1993) иегері, «Парасат» орденімен (2002), екі мәрте «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Салық Зиманұлы 1921 жылы қазіргі Атырау қаласында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғысқа бастан-аяқ қатысып, қатардағы жауынгерден полк командиріне дейінгі әскери лауазымда қызмет етіп, қан майданнан жеңіспен оралды. 1944-1945 жылдары дивизия командирі, артиллериялық полк командирі болып, әскери қызметтен полковник шенімен босаған. Бүкілодақтық құқық институтын бітіріп (1948), заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі үшін кандидаттық диссертация қорғады. 1946-1947 жылдары Гурьев облыстық прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші, 1947-1948 жылдары Қазақ КСР Прокуратурасы жанындағы ереешк маңызды істер жөніндегі тергеуші қызметін атқарады. 1948-1952 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясы құқық секторының аспиранты, аға ғылыми қызметкері, сектор меңгерушісі болды. 1952-1958 жылдары Алматы мемлекеттік заң институтының директоры, Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінің деканы, 1958-1969 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясы Философия және құқық институтының директоры, 1969-1976 жылдары осы институттың бөлім меңгерушісі, құрметті директоры, 1976-1977 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясы Төралқасының бас ғалым-хатшысы қызметтерін атқарған. 1995 жылдан Қазақ академиялық университетінің ректоры, 1999 жылдан Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Төралқасының мүшесі болды. 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланып, Жоғары Кеңес Төралқасының Сыртқы қарым-қатынастар мен парламентаралық байланыстар комитетінің мүшесі, Ардагерлер мен мүгедектер жөніндегі комитет төрағасы болды.

С.З.Зимановтың «Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбындағы кандидаттық (1950), «XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбындағы докторлық диссертациялары ұлттық заң ғылымына қосылған қомақты үлес болды. Ол заң ғылымдарының докторы

дәрежесін иеленген алғашқы қазақ болса, қазақтың заң саласы ғалымдарының ішінде алғаш академик атанды.

Салық Зиманұлы шын мәнінде отандық заң ғылымының патриархы болатын, оның қаламынан 300-дің үстінде ғылыми мақала, мемлекет пен заң тарихы саласынан 17 монография жазылса, оның 12-сін жеке өзі жазып, қалғандары телавторлықта жарияланды. Ғалымның биік беделі отандық қана емес, шетелдік әріптестерінің арасында да жоғары болды. Оның заң ғылымы саласындағы беделіне 30-дың үстінде ғылым кандидаты мен 15 ғылым докторын дайындағаны да дәлел бола алады.

«Салық Зиманов надандық пен жемқорлықпен күресте мәңгі лаулайтын от секілді ерекше жаратылыс иесі еді. Оның адами даналығы жоғары болатын, ол бірқалыпты өмір салтын ұстанып, терең парасатымен, тазалығымен, адалдығымен, шынайылығымен, адамсүйгіштігімен ерекшеленетін. Терең білім иесі бола тұра, ол керемет қарапайымдылығын ешқашан да өзгерткен емес», – деп жазды ол туралы әріптесі, профессор Х.Әлжанов.

С.Зиманов – ұлтқа қызмет етудің ерен үлгісін көрсеткен тұлға. Ол нағыз зиялылықтың өкілі еді. XX ғасырдағы қазақ зиялылары – алаш арыстарының азаматтық, мемлекетшілдік, патриоттық идеяларын империя құрамындағы кеңестік кезеңде жібін селдіретпей ұстап, Тәуелсіздік жылдарында лайықты жалғастырған отаншыл, мемлекетшіл буынның өкілі болды.

С.Зимановтың «Қазақтардың 19 ғ-дың 1-жартысындағы қоғамдық құрылысы» (1958), «Қазақстанның 18 ғасырдың соңы мен 19-дың алғашқы жартысындағы саяси құрылысы» (1960), «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарастары» (1965), «Бұқара мен Хиуадағы азаттық идеясынан кеңестік мемлекеттілікке» (1976), «Ұлттық мемлекеттілік пен ұлттардың жақындасуы» (1983), «Кеңестік ұлттық-мемлекеттік құрылыстың теориялық мәселелері» (1987), «Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Парламенті» (1996) еңбектерінің құқық тарихи мен мемлекеттік құрылыс бойынша теориялық маңызы зор.

С.Зимановтың ғылыми зерттеулері, негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орта Азия аймақтарындағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің құқықтық мәселелеріне қатысты көкейтесті мәселелерге арналған. Сол сияқты, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғалардың саяси, құқықтық көзқарастары, құқық теориясы, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениеті мен шарифат заңдарына байланысты да бірнеше еңбектері жарық көрді.

Ғалым «Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы» деген мақаласында Абайдың қазақ тарихындағы алатын орнына жоғары баға беріп, қазақтардың әдет-ғұрып заңдарын жетілдіруге қосқан үлесі мен құқықтық саладағы көзқарастарын саралайды. «Абайдың ақындығын билік, шешендік өнерімен ұштастыра қарау міндет. Сонда ғана ұлы адамның ұлылығы биігінен көрінбек. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып атқарған қызметінен бөліп қарау біржақтылық екені айқын. Солай бола тұрса да, өкінішке орай, бүгінге шейін Абайдың биліктері ол туралы зерттеулерден сырт қалып келді. Оның себебі де бар. Қоғамды топқа емес, қарсылас тапқа бөліп, тап күресін уағыздаған кеңестік идеологияның үстем болған кезеңінде «би» дегенді әшкерелеумен болдық. Оның көшпелі елдің өзіндік мекемесі екендігі, ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болғанын біле тұра, оны ғылыми тұрғыдан зерттеуден бас тарттық», – деп әділ баға береді. Осы мақаласында ол ұлы Абайдың жораға түсуі, биліктері ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйеніп, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені туралы кезінде ел арасына кең тараған Абайдың биліктері мен

шешендік сөздерін мысалға келтіріп, талдау жасайды. Олардың маңызына кеңінен тоқталып өтеді.

С.Зимановтың ғылыми ортада жоғары бағаланып, үлкен серпіліс туғызған «КСРО-дағы автономиялау теориясы мен практикасы» (1998) атты зерттеуінде коммунистік алып держава КСРО-ның ыдырауының себептері мен оның бұрынғы автономиялы аумақтары негізінде жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы нақты деректер мен тұжырымдарға сүйене отырып дәлелденеді. Қазақ халқының және Орта Азияның басқа да халықтарының федерациялық кеңестік мемлекет шеңберіндегі автономиялық және одақтас республикалар мемлекеттігінің мәселелерін зерттеді. Ғалымның бұл зерттеулеріне одақтас республикалардың азын-аулақ әрі шектеулі, бірақ қалай дегенмен ұлттық өзін-өзі басқарудың нышандары сақталған «ұлттық мемлекеттілігін» жетілдірудің мәселелері арқау болған.

С.Зиманов – қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, әдет құқығын терең зерттеген және кейінгі осы саладағы зерттеулерге соқпақ салған ғалым. Ол «Қазақтың әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» деген еңбегінде: «Ежелден бекіген, кешегі күнге шейін жүйесін, ереже негіздерін бұзбай бізге жеткен қазақ халқының әдет-ғұрып, жора-жолдарын зерттеу, оған тигізген басқа елдердің мәдениет мұраларының әсерін талдау, соның ішінде шариат әсерін тұжырымды ашу сол қазақ халқының "ескі ережелерінің" құндылығы мен маңыздылығын асыра түседі», – деп тұжырымдайды.

Ғалым қазақтың әдет құқығының дамуын зерттей келе, әсіресе, билер сотының маңызына ерекше мән береді. Билер сотының қазақ қоғамындағы теңдесі жоқ бірегей институт екенін айта келе: «Бір жағынан қоғамдық құрмет пен мәртебенің шыңында тұрған кезде «билер соты» ұғымы кез келген күрмеулі істің ақиқатын табу және сот кесімінің негізі – әділдікке қол жеткізу түсінігімен тең тұратын. Ал, би-қазы атағы аталмыш идеяларды қойылған шарт ретінде емес, өз мінез-құлқының табиғи қағидасы ретінде қабылдаған адамға бұйыратын. Мұндай ұғым халық санасында ғана емес, билер санасында да мығым орнаған. Сондай-ақ билерден сот әділдігін жүзеге асыру үшін даналық, шешендік, өзі теңдес бәсекелестермен тең дәрежеде сұхбаттасу, тарихтағы түрлі әдет-ғұрыптық, соттық-оқиғалық нормалардан хабардар болу, хандар енгізген заңдарды білу талап етілген», – деген қорытынды жасайды.

С.Зиманов іргелі ғылыми зерттеулерінде қазақтың құқық заңдарының, жарғыларының, билер соты секілді бірегей институттың маңызын жан-жақты талдайды: «Қазақ құқығы («жарғы») кең байтақ қыпшақ даласында еркіндік пен бостандық саясында, көшпенділердің дүниетанымы, өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару ұғымдарының негізінде қалыптасып, дамыды. Ру ішінде руаралық байланыстарда, сондай-ақ басқару қатынастарында шыншылдық, әділдік және адалдық сияқты моральдық құндылықтарды тәрбиелеп, бекітуге ерекше көңіл бөлінді», – дей келе, оны әлемдік тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын иемденуге лайық деген түйін жасайды.

Шынында да, кеңестік кезеңде көңіл бөлінбей, ғылыми зерденің назарынан тыс қалған көшпелі өркениеттің қазақ халқына ғана тән бірден-бір рухани құндылығы – қара қылды қақ жарған билер билігінің тарихи тәжірибесін зерделеп, ғылыми айналымға заманәуи дәрежеде ұсынуы ірі оқиға болды. Тәуелсіз жас мемлекетіміздің дербестігін бекемдеп, құқық жүйесіне негіз боларлық халық мұрасын ұтымды пайдалану жолдарын негіздеп, мәселені халықаралық дәрежеге көтеруі шет ел ғалымдарының да назарын аударып, қызығушылығын танытқаны – үлкен жаңалық еді. Бұл тақырыпқа арнаған еңбектерді бірнеше тілге аударып, он томдық монографиялар сериясын шығаруы – ғалымның ұйымдастыруымен жүзеге асқан бірегей ғылыми жоба болатын.

С.Зимановтың «Қазақтардың 19 ғасыдың 1-жартысындағы қоғамдық құрылысы», «Қазақстанның 18 ғасырдың соңы мен 19-дың алғашқы жартысындағы саяси құрылысы» атты көлемді монографиялары қоғамдық ғылымдар әлеміне елеулі сілкініс әкелді. Оларда өткен екі ғасырда өткен көптеген тұлғалардың есімдері аталып, елге құқықтық тұрғыдан қызмет еткен тұстары баяндалады. Бұрын көп адам біле бермейтін тұлғалар мен оқиғалар, қазақтың қоғамдық өмірі, қазақ қоғамының саяси құрылысы мен әлеуметтік өмірі туралы көптеген деректер қамтылып, саяси-құқықтық тұрғыдан талданады. Қазақстанның өткен замандардағы қоғамдық, саяси жүйе-бағыттары туралы тың мәліметтер, ұтымды да тұжырымды ойлар мен пікірлер, тиянақты деректер жұрт назарына ұсынылады.

С.Зиманов – Тәуелсіз Қазақстанның заң шығару, құқықтық қатынастар, құқықтық-демографиялық реформалар жүргізу ісінің басында тұрған дара тұлғалардың бірі. Ол 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланып, Жоғары Кеңес Төралқасының, Сыртқы қарым-қатынастар мен парламентаралық байланыстар комитетінің мүшесі, Ардагерлер мен мүгедектер жөніндегі комитет төрағасы болды. Қазақстанның халықаралық қарым-қатынас мәселелерін заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, президенттік басқару институтын енгізу, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу ісіне белсене араласты. 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Консультативтік Кеңестің, мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесі болды.

С.Зиманов қай кезде де ел мүддесі, ұлт тағдыры жолында аянбай еңбек еткен, шешуші сәттерде ақиқаттан аттамай, пікірін тура айтып, дәйекті тұжырымын ұсынатын нағыз абыз тұлға болатын. Оның 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде, тоқсаныншы жылдары империялық лауазым иелерінің қазақ халқының атына айтқан астам пікірлеріне тайсалмай қарсы шығып, ұлт абыройын, ел намысын қорғап қалғаны, орынсыз жалаға дәйекті ойларымен, ойлы да кесімді дәлелдермен тосқауыл қойған ерлік әрекеттері замандастарының есінде.

Еліміз Тәуелсіздік алған кезеңде жасы жетпіске келген егде жасына қарамастан, ширақ бітімімен еліміздің қоғамдық-саяси, ғылыми істеріне белсенділікпен араласып, тәуелсіздікті заңдық-құқықтық тұрғыдан бекемдеу ісіне айрақша үлес қосты. Сол жылдарғы Тәуелсіз Қазақстанның көптеген жаңа заңдарының қабылдануының басында жүрген азаматтардың бірі С.Зиманов болғанын тарих ешқашан ұмытпайды. Қайраткерлік, білімділік, зиялылық қырларымен танылған азамат еліміздің тарихында шешуші роль атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының» (25.10.1990) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңының» (16.12.1991) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Жоғары Кеңестегі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның мүшесі болып, сарапшылар тобын басқарды. Ол төрт тілде (қазақ, орыс, түрік, ағылшын) жарық көрген 10 томдық «Қазақтың ата заңдары» энциклопедиясына да жетекшілік жасады.

Салық Зиманұлының парламенттегі жұмысын тоқтатқаннан кейін де белсенділікпен еңбек етіп, ғылым жолында қыруар шаруа тындырғаны туралы көрнекті әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик Серік Қирабаев былай деп жазады: «Сәкеңнің кітаптары қазақтардың ұлттық санасын оятуға, олардың тәуелсіздік жолындағы күреске белсене қатысуына қызмет етті. Оның соңғы жылдардағы мақалалары тәуелсіздікті орнықтырудың жолдары туралы ақыл-кеңеске толы. Олардың ішінде мемлекеттік тәртіпті нығайту, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне жете көңіл бөлу, коррупцияға қарсы күресті ашық және тұрақты жүргізу, оны

тудырып отырған жағдайларды ашу, ғылымның қазіргі күйі мен оны жақсарту шаралары туралы ақыл-кеңестер аз емес. Пікірі ашық, батыл ғалым есебінде оның ойындағысын Президенттің атына талай хат жазып жеткізгені де бар. Ол қашан да жаңаны қолдаушы, жаңа идеяны жақтаушы. Қоғамдық дамудың жетістіктері мен олқылықтарын көріп, салыстырып отырады. Бұл жағынан оны Ұлттың жанашыры, оның мұңын мұндап, жоғын түгелдеп отыратын батыры деуге әбден сияды».

Қазақстанның халық жазушысы К.Салықов академик С.Зимановтың азаматтық бітімін былайша тебірене жырлайды:

Сөз құрауы болса ағынды, желісті,
Аз уақытта айқындапты көп істі.
«Шындық қымбат байлықтан да билерге» –
Деп мығымдап жайды айтар өрісті.

Табу қайда сөзінен бір терісті,
Кей жерінде жұртпен ақыл бөлісті.
Қазақтардың билік сотын әлемге
Үлгі еткені сөз болды үлкен келісті.

Абыз аға әр шешімі жүйелі,
Жан толқытты әмбеге арнау тілегі.
Билер сырын асқақтатса дәріптеп,
Қазағым деп соғып тұрды жүрегі...

Ал көрнекті академик Кенжеғали Сағадиев С.Зимановтың қазақ тарихындағы орны туралы былайша әділ баға береді: «Бүгін Салық Зиманов – осы заңгерлер қауымының барлығы бас иетін ақсақалы. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», – деген сияқты, бүгін заң, құқық реформалары туралы аталы сөзді Сәкең айтады, осы саланы басқарып жүрген лауазымы биік азаматтар осы Сәкең келіп жүгінеді. Сәкеңнің өресі өте биік, іргелі ғылымның озық қайраткері екенін кеше Қазақстан егемендік алып, ол туралы декларация қабылдағанда және де дербес еліміздің тұңғыш Ата заңы қабылданғанда көрдік. Жалғыз өзі осы егемендігіміздің іргесін қалайтын негізгі заңдарымызды құрастырып, шетел тәжірибесін молынан пайдаланып, осы қағидалардың дұрыстығын үкіметке де, парламентке де, қала берді бүкіл халыққа да дәлелдеп бергені ерлік емес пе! Тек осы еңбегі үшін Салық Зиманұлының есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында мәңгілік қалады және алтын әріппен жазылады».

Осындай ұлы тұлғаның есімін ұлықтап, мәңгі есте қалдыру шараларының туған өлкесі Атырау өлкесінен басталып жатқаны қуантады. Атырау облыстық сотының төрағасы, білікті заңгер Бауыржан Тұрсынұлы Жұмағұловтың бастамасымен С.Зимановтың 100 жылдығы қарсаңында облыс басшылығына Атырау қаласындағы оқу орындары мен көшелердің біріне ғалымның есімін беру туралы бастама көтеріліп, облыстық мәслихат депутаттарының тарапынан қолдау тапты. Жақында қаладағы №37 орта мектепке С.Зимановтың есімін беру туралы Қазақстан Үкіметінің қаулысы шықты, Атырау көшелердің бірінің де ғалымның есімімен аталатын күн де алыс емес деп ойлаймыз. Сондай-ақ Атырау қаласының Нұрсая шағын ауданында көрнекті ғалымның ескерткіші бой көтермекші (мүсіншісі Б.А.Мұқамбетжанов). «Ұлым дейтін елі болмаса, елім дейтін ұлы қайдан болсын» демекші, қайраткер ағаға деген мұндай ұлықтау шаралары алда да жалғаса береді деп ойлаймыз. Шәкіртінің ұстазға деген құрметі болса, осындай болсын.

Біздер С.Зиманов есімін жас кезімізден естіп өстік. Кейін студент кезімізде ағаны кейбір жиналыстарда көріп, сөйлеген сөздерін естіп, атағына тәнті болып жүрсек,

аспирант кезімізде онымен жақынырақ танысудың сәті түсті. Кандидаттық диссертациямның жетекшісі академик М.Қозыбаев арқылы ағамен танысып, кейін ағалы-інілі адамдардай араласып кеттік. Салық Зиманұлы қашан да жайдары қарсы алып, ақыл-кеңестерін беріп, ағалық қамқорлығын аяған жоқ. Мен Атырау облыстық білім басқармасының басшысы болып жүрген кезімде, 2011 жылы облыс әкімінің ұсынысымен ағаның Алматыда өткен 90 жылдық мерейтойына қатысып, облыс әкімі мен Атырау халқының атынан құттықтап, сый-сияпатын ұсынғанмын. Ағамызбен талай рет дәмдес болып, ғибратты әңгімелерін тыңдадық, сый-құрметін көрдік. Адамгершілік кішіпейілдікті, ғалымдық адалдықты, ұстаздық ұлағатты ағамыздан үйрендік. Заңғар тұлғаның өз төрімде отырып, шын көңілімен ақ батасын бергенін қалайша ұмытайын?! Жаңа ғана баспадан шыққан көптомдық кітабына қолтаңбасын жазып, ақ тілегімен ұсынғаны да күні кеше секілді еді. Енді, міне, жайсаң жан, кемел қайраткер, ұлағатты ұстаз туралы естелік айтуға тура келіп отыр.

XX ғасырдың басында азаттық туын көтерген алаштың ардақтысы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», – деп өзіне уәде беріп, сол жолда мерт болды. Арманына жете алмаса да, артында қыруар еңбегі, өшпес үлгісі қалды. Алаш арысының: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды», «Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса – қазақ халқы соңынан ерер еді», «Би түзу, билік әділ болсын», «Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумады ғой», «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды», «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген қанатты сөздері бұл күнде дүйім қазақтың жүрегіне жол тауып, нағыз елім деген ердің өмірлік бағдарламасындай естіледі. Сол арыстардың өсиетін үлгі тұтып, халыққа еткен қызмет жолын жалғастырып, ісімен де, сөзімен де жас ұрпаққа нағыз елжандылықтың, ұлтты сүюдің өнегісін қалдырып кеткен бірегей тұлғалардың бірі Салық Зиманов болды. Туғанына биыл 100 жыл болып отырған Ұлы Тұлғаның еңбектері халыққа қызмет етіп, өскелең ұрпаққа өнеге бола бермек!

ӘОЖ 323 (574)

ҚАЗІРГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Джанзакова Н.М.

Ғылыми жетекші: Суйменова М.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада еліміздің Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары, тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатыны сонымен бірге азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тартуы, бүгінгі уақыт – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс екендігі жөнінде жазылған.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік елдік, егемендік, ел болашағы, білім, Қазақстан.

Ата-бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкке желбіреді. Жас елдің тарихындағы жаңа дәуір өзінің бастауын Тәуелсіздіктен алады. Сондықтан Тәуелсіздік мерейтойы ерекше мәнге ие. Биылғы айтулы жылды жоғары дәрежеде ұйымдастыру және идеологиялық деңгейге жеткізу міндеті тұр. Ел

тарихындағы осындай бірегей белесті толайым табыстармен қарсы алу баршамыз үшін үлкен сын. Тәуелсіздік тойы жалпы халықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айрықша рух беруі керек. Тәуелсіздік тойына әрбір қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Ол – ауыл шаруашылығында, өндірісте, өнеркәсіпте жұмыс істеп жүрген кез келген отандасымыздың сапалы еңбек етіп, ел игілігін арттыру деген сөз. Яғни, азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тарту болмақ. Бүгінгі уақыт – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атап өткендей, елімізде халықтың әлеуметтік әлауқатын көтеруге қатысты үлкен шаралар қарастырылған, экономиканы индустриялық инновациялық дамыту бойынша жаңа міндеттер қойылған. Осылардың негізінде тәуелсіздік пен тұрақтылықты, келісім мен бейбіт өмірді нығайта түсетін боламыз. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде елімізді дүниежүзі танып, Елбасының ерен еңбегінің, сындарлы саясатының арқасында саяси-экономикалық, әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік алдық. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы.

Біздің Ата Заңымыз – негізгі тәуелсіздік нышандарының бірі. Қазақстанның өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар Ту, Елтаңба, Әнұран. Рәміздер егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз – Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз. Тәуелсіздіктің бүгінгі жетістігі – өткен жылдар ішінде елімізде атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген уақыттар. Бірақ алдымызда әлі де алар асулар, бағындырар белестер көп. Біз өткен 30 жыл ішінде қандай межеге жеттік, жеткен жетістігімізді 30 жыл ішінде ұрпақ жадында қалдырып, еліміздің болашақ тағдырын, тарихын, салты мен дәстүрін дәріптеу біздің қолымызда. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Тәуелсіздік – еліміздің егемендігінің айғағы. Көгімізде Тәуелсіздік туы желбіреді. Содан бері 30 жылға таяу уақыт өтті. Осы өшпес жылдар белесінде Қазақстан экономикасы қарыштап дамыды. Саясаттағы сындарлы бағыт өз жемісін беруде. Береке-бірліктің арқасында әлем таныған іргелі мемлекетке айналдық. Ғасырлар бойы арман еткен егемендікті қазақтың басына қонған бағы, астына орнаған тағы деуге болады. Желтоқсанда жарқ еткен жалынды жастар қазаққа азаттық таңын сыйға тартқандай болды. Осылайша күллі жаһанға қазақтың қайратын, айбынын танытты. Қазіргі тәуелсіз Қазақстан – ата-бабаның орындалған шұғылалы арманы, сарғайып күткен сағынышы. Тәуелсіздік таңын аңсаған ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды десек қателеспейміз. Сондықтан да тәуелсіздік тарихы арнайы әңгімеге үздіксіз тиек боларлықтай ұлы тақырып екендігін қазіргі ұрпақ ешқашан естен шығармауы керек. Тәуелсіздікке ынтымағы жарасқан, ауыз бірлігі берік халық қана қол жеткізе алатынын өткеніміз нақты дәлелдеп берді. Қазір елімізге тыныштық орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман келді деп мақтанышпен айта аламыз. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Президенттің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасы. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халықтарының өз болашағына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Паритет, 2010. — 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 216 б.

ӘОЖ 323 (574)

ҚАЗАҚСАТАН – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ

Сүйменова М.К.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздің өркениетті, алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті екені еліміз егемендігін алып, етек-жеңін жиды, оның одан әрі өркендеуі қоғамымыздың әр азаматының еңбегіне, біліміне, жауапкершілігіне байланысты сонымен қатар әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы айтылған.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік, еліміз, егемендік, ел болашағы, білім, Қазақстан.

Талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан!

Қазақсатан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыста өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалады.

«Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Тәуелсіздік – ұлттың, тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

1991 жылы – еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен даму – қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік

аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Тәуелсіздік – еліміздің жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. Бүгінгі күннің жетістіктері осы Тәуелсіздіктің арқасында келді. Отыз жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісіне қыруар жұмыстар жасалды. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде.

Ата-бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкке желбіреді. Жас елдің тарихындағы жаңа дәуір өзінің бастауын Тәуелсіздіктен алады. Сондықтан Тәуелсіздік мерейтойы ерекше мәнге ие. Биылғы айтулы жылды жоғары дәрежеде ұйымдастыру және идеологиялық деңгейге жеткізу міндеті тұр. Ел тарихындағы осындай бірегей белесті толайым табыстармен қарсы алу баршамыз үшін үлкен сын. Тәуелсіздік тойы жалпы халықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айрықша рух беруі керек. Тәуелсіздік тойына әрбір қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Ол – ауыл шаруашылығында, өндірісте, өнеркәсіпте жұмыс істеп жүрген кез келген отандасымыздың сапалы еңбек етіп, ел игілігін арттыру деген сөз. Яғни, азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тарту болмақ. Бүгінгі уақыт – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеңіне айналуы тиіс.

Артқа тастаған отыз жылдың ішінде бір мемлекетке жетерлік іс тындырылды және жүзеге асырылды. Экономикалық жағдайымыз жақсарып, әл-ауқатымыз өсті. Қазақ мектептері мен балабақшалар саны артты. Білім мен денсаулық саласына аса мән берілді. Өзге елдермен қарым-қатынасымыз жақсарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Паритет, 2010. — 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 216 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ ТҰҒЫРЫ!

Суйменова М.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада еліміздің өркениетті, алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті екені еліміз егемендігін алып, етек-жеңін жиды, оның одан әрі өркендеуі қоғамымыздың әр азаматының еңбегіне, біліміне, жауапкершілігіне байланысты сонымен қатар әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы айтылған.

Түйінді сөздер: тәуелсіз, еліміз, ел болашағы, білім, жастар.

Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ бүгінгі таңда басты мәселе бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөзден халқымыздың ықылым замандардан-ақ білімнің қадірін білгендігін аңғару қиын емес. Бұл күнде осы аталы сөздің өзектілігі артпаса, кеміген жоқ. Білім беруді дамыту, оқыту үрдісін жетілдіріп, оны аса жауапкершілікпен ұйымдастырып отыру керектігі туралы ойларды М. Жұмабаев А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, сынды алаш арыстары сол кездің өзінде - ақ айтып кеткен. Еліміздің өркениетті, алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Еліміз егемендігін алып, етек-жеңін жиды, оның одан әрі өркендеуі қоғамымыздың әр азаматының еңбегіне, біліміне, жауапкершілігіне байланысты.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қайсар рух пен қара күшті қару етіп, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың ерлік жолындағы күресі бүгінгі таңда айбыны аспан тіреген тәуелсіздік тұғырын биіктетті. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастар еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастар. Білімсіздің күні қараң. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген білімді ұрпақ өз Отанын даму жолында аянбай тер төгеді. Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда «алма піс, аузыма түс» деп жатудың өзі әбестік. Жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету әркімнің міндеті.

Бүгінгі жас болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Жастарды білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу білімнің тізгінін ұстату мемлекет пен қоғамның міндеті саналады. Қандай мықты мемлекет болмасын жастардың білімі мен оқу-ағарту ісіне көп көңіл бөледі. Келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен сол елдің жастарының саналы ұрпақ болып жетілуіне күш салу керек. Өмірге ұрпақ береген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген Бауыржан Момышұлы.

Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына, олардың ертеңгі күнге деген сенімі

мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбіт аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау – жастардың қолында.

Жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді мүшесі. Бүгінгі жастар – егеменді елдің ертеңгі үміті, ата-бабамыз сан жылдар армандаған тәуелсіздігімізді көзінің қарашығындай сақтайтын ұрпақ жалғасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // [http: kk.wikipedia.org/wiki](http://kk.wikipedia.org/wiki)
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. — Алматы: Паритет, 2010. — 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. — Астана: Елорда, 2005. — 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы: Атамұра, 2006. — 392 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — № 21 — 18—қаңтар. — 2008.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. — Алматы: Қарасай, 2006. — 216 б.

ӘОЖ 373.1.02.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Қанатова А.А.

Ғылыми жетекші: Сүйменова М.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселе айтылған.

Түйінді сөздер: болашаққа бағдар, рухани жаңғыру, технологиялар, ұлт, тәуелсіздік.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және

бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.

Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз.

Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

Рухани жаңғырудың алты бағыты

1. Бәсекелік қабілет Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

2. Прагматизм Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

4. Білімнің салтанат құруы Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзіміз жетеді.

6. Сананың ашықтығы Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауындағы 5 басымдылық

1–Басымдылық. Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыру;

2– Басымдылық. Бизнес– ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту;

3– Басымдылық. Макроэкономикалық тұрақтылық;

4– Басымдылық. Адам капиталының сапасын жақсарту;

5– Басымдылық. Институционалды түрлендіру, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күресу.

Қорытындылай келе алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. /www.akorda.kz.-2017. -12 сәуір

2. Назарбаев Н.А. 2014 жылғы 17 қаңтарда «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы.

3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. 23 қаңтар 2019 жыл.

4. Құлынды өңірі тарихынан.

SPIRITUAL REVIVAL IS THE REVIVAL OF THE NATION

Zhumakhanova M.

Research supervisor: Konarshayeva A.A.

Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan

Annotation. Spiritual revival is the renewal of a person's inner world, consciousness, the ability to accept new changes. It is a platform of the nation's memory, which harmoniously connects the horizons of history, creative present and bright future. The task of modernization is facing all states. Time waits for no one, and revival is a process that will continue, like history itself. At the crossroads of two eras, Kazakhstan has a unique historical opportunity to express its future through radical renewal and new ideas.

Keywords: revival, renewal, competitiveness, pragmatism, preservation of national identity, the triumph of knowledge, non-revolutionary, evolutionary development.

Spiritual revival is the renewal of a person's inner world, consciousness, the ability to accept new changes. The name "Revival" should not be limited to historical experience and national traditions. On the contrary, it is necessary to be able to turn the best traditions that have stood the test of time into important prerequisites for successful revival. If the revival does not take root in the national and spiritual roots of the country, it will go away from the correct path or direction. At the same time, spiritual revival is important for its ability to reconcile the various poles of national consciousness.

It is a platform of national memory, which harmoniously connects the horizons of history, creative present and bright future.

We want our people to take every step with confidence in the future, making the rich history and unbroken national traditions of antiquity a solid foundation for future prosperity.

1. Competitiveness

Today, not only the individual, but also the entire population has a chance to succeed only if they increase their competitiveness.

Competitiveness is the ability of a nation to offer a better world in terms of price or quality in a regional or global market. It can be not only a material product, but also knowledge, services, intellectual products or quality labor resources. The future success of a nation is determined not by its natural resources, but by the competitiveness of its people. Therefore, every citizen of Kazakhstan and the whole nation, must have the qualities of the XXI century. For example, factors such as computer literacy, knowledge of foreign languages, cultural openness are in the category of prerequisites for everyone to move forward.

Therefore, programs such as "Digital Kazakhstan", "Trilingual Education", "Cultural and Interfaith Harmony" are aimed at preparing our nation, that is, all citizen of Kazakhstan for the requirements of the XXI century.

2. Pragmatism

For centuries, our people have been leading an unprecedented ecological lifestyle, preserving the nature of their native land and using its resources carefully and wisely.

Pragmatism means a clear knowledge of your national and personal wealth, the ability to use it sparingly and plan your future accordingly, to avoid waste and excess, vulgarity and poverty. In today's society, the symbol of true culture is not an inappropriate luxury. On the contrary, restraint, contentment, and simplicity, as well as thrift and reasonableness, show

foresight. The pragmatism of behavior is the rational use of everything in this way, giving priority to achieving specific goals, education, a healthy lifestyle, professional development.

This is the only successful example in the modern world. If a nation or an individual does not set a goal and strive for it, populist ideologies will emerge that will not only fail tomorrow, but will destroy the country. Unfortunately, there are many examples in history where entire nations have been swept away by imaginary ideologies that will never be realized.

3. Preservation of national identity

The very concept of national revival means the perfection of national consciousness.

It has two sides.

First, to expand the horizons of national consciousness.

Second, to change a number of features of the national identity, while preserving its essence.

What are the dangers of the models of modernization that are now flourishing? The challenge is to see modernization as a replacement for everyone's model of national development, a universal model. However, life itself has shown that this view is fundamentally wrong. Virtually every region and every state is developing its own model of development.

Our national traditions, language and music, literature, traditions, in short, our national spirit must remain forever.

We want every citizen of Kazakhstan to understand two rules that will never be broken and get rich.

The first is the national code, if the national culture is not preserved, there will be no revival.

The second is to move forward.

4. The triumph of knowledge

The desire to be educated, open-minded and vigilant is a quality in our blood. A lot of work has been done during the years of independence. We have trained tens of thousands of young people at the world's leading universities. This work began with the launch of the Bolashak program in the early 1990s. A number of universities of a very high level have been opened in the country, and a system of intellectual schools has been formed. Many other things have been done. However, the triumph of knowledge must be universal. There are obvious and good reasons. If we look at the trends of the technological revolution, half of the current professions will disappear in the next decade.

5. Non-revolutionary, evolutionary development of Kazakhstan

Many problems arise due to the fact that, despite the fact that the world is rapidly changing, the mass consciousness remains in "hearts, hearts." At first glance, it seems that more than a billion people around the world need to learn English as a means of professional communication, as well as their mother tongue.

Consciousness of consciousness means three features of the mind.

First of all, it allows you to understand what is happening in the world, in the territory of the Earth and in your country.

Second, it means being prepared for all the changes that the influx of new technology will bring. In the next ten years, our way of life: work, life, leisure, housing, human relations, in short, everything will change radically. We must be ready for that too.

Third, it is an opportunity to learn from the experience of others and absorb the best achievements. The two great powers in Asia - Japan and China today - are a real example of how to take advantage of these opportunities.

In conclusion, spiritual renewal should be continuous, not limited. Because in today's rapidly changing world of science and technology, we do not want to increase our competitiveness, constantly strive as a creative nation, cheer ourselves up, innovate and prosper.

In a world that is developing at cosmic speed, the migration of civilization will take us a long time without waiting for us. Then he catches up with the migrant and finds it hard to keep up with him. Therefore, spiritual revival must go hand in hand with our revival and development as a nation. But it is difficult to measure this spiritual revival in five years, decades. Because this is the spiritual world. And spiritual revival must be felt by man and society. If we can raise the spirit of the Kazakh people, increase their competitiveness, develop art, science, culture and traditions, create a society of kind, honest, intelligent, educated, fraternal, nationalist, embassy, compassionate, patriotic people, then each country will be spiritually revived, the same the citizen himself feels the same.

REFERENCES

1. Nazarbayev NA Orientation to the future: spiritual renewal. /www.akorda.kz.-2017.
2. Nazarbayev NA January 17, 2014 Address to the people of Kazakhstan "Kazakhstan's way to 2050: one goal, one interest, one future."

ӘОЖ 378

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Есболай Г.І.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Рухани жаңғыру, халқыңды жаңғырту. Рухани жаңғыру - елдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, осы бастан үйрете беру қажет. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу.

Түйінді сөздер: болашақтың негізі, азаматтық патриотизм, жаһандану дәуірі, гуманитарлық ғылым.

Ұстаздың мақсаты шәкіртін оқыту, Рухани жаңғыру, халқыңды жаңғырту. Рухани жаңғыру - елдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, осы бастан үйрете беру қажет. Бізге мұның бәрі керек, ел болып тұруымыз үшін, ұлттық бірегейлігімізді сақтауымыз үшін керек. Осының бәрінің кілті- ұстазда деп ойлаймын. Сондықтан әрбір ұстаз қазіргі заман талабына сай жаңашыл, білімді, жан-жақты болуы тиіс. Ұстаз - ол ағартушы, мұғалім, оқытушы, жетекші және тәрбиеші. Сол себепті, рухани жан – дүниенді түсінетін адамның бірі – ұстаз.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, саликалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады:

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Н.Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: – еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру. Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Кенни Энтони. Батыс философияның жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 408 б.
- 2.Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 360 б.
- 3.Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 240 б.
- 4.Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. Астана: Фолиант, 2017. 496 б.

ӘОЖ 378

РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУ-ЕРТЕҢІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

Енболатұлы Ж., Есболай Г.І.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату

жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім.

Түйінді сөздер: жаңғыру, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан, ұлттық сана, технологияда.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз - ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі - үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл - тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Мақалада аталған бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін

жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз - ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты - ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу - Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз. Қазіргі таңдағы қаламыздағы сот жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жұмыс жасауда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», - деп ел келешегіне үміт артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Кенни Энтони. Батыс философияның жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 408 б.
- 2.Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 360 б.
- 3.Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 240 б.
- 4.Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. Астана: Фолиант, 2017. 496 б.

ӘОЖ 376.34

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ КЕМЕЛДЕНУІ

Жұмаханова М.Ж.

Ғылыми жетекші: Қонаршаева А.А

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақала Тұңғыш Президентіміздің бағдарламасындағы елімізді рухани жаңғыртудағы басты мақсаттар мен атқарылуы тиіс міндеттерді көрсетеді. Рухани жаңғырудағы мақсатқа жеткізетін басты жобалар: Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшірілуі , «Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық», «Қазақстанның 100 жаңа есімдері», «Қазақстанның киелі географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» қарастырылады.

Түйінді сөздер: жаңғыру, ұлт санасы, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм.

Рухани жаңғыру бағдарламасы Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының 2017 жылы 12 ші сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына негізделіп жасалынған болатын. Бұл жобаның мақсаты айқын, бағыты белгілі – ол Дамыған 30 елдің қатарына кіру. Сонымен қатар, онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту. Осы мақсаттарға жету жолына бағытталған жобалар бағдарламада толық көрсетілген. Бірақ, Елбасымыз айтқандай даму жолында біз өзіміздің ұлттық кодымызды ұмытпай, оны сақтай отырып жаңашылдық пен заманауи көзқарасты ұштастыра отырып, жандандыруымыз қажет, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай».

Әлем күн өткен сайын өзгеру үстінде. Егер біз санамыздағы пайдасыз қағидалар мен қажетсіз ақпараттардан дер кезінде арылмасак, әлемдегі алпауыт мемлекеттермен тең дәрежеде өмір сүре алмауымыз әбден мүмкін. Сол себептен де бізге, қазақ ұлтына өзгеру керек. Өзгеру үшін өзімізді қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жеке қабілеттерімізді дамытсак, мемлекетіміздің мерейінің үстем болатыны анық. Рухани жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтау. Бағдарламада келтірілген әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бағыттары: бәсекеге қабілет; прагматизм; ұлттық бірегейлікті сақтау; білімнің салтанат құруы; Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Елбасы «Таяу жылдардағы міндеттер» бөлімінде мемлекетімізге пайдасын тигізетін алдағы жылдары мықтап қолға алынуы қажет бірнеше жобалар туралы сөз қозғайды. Олардың бірінішісі, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау. Себебі де белгілі. Ол бүгінгі технологиялық қоғам мен коммуникацияның талап етіп отырғаны – осы. Жастардың мектеп табалдырығынан ағылшын тілін үйренетінін ескерсек, латын әліпбиіне көшудің аса қиындық туғызбайтыны анық. Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында мемлекеттегі барлық сала 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуі тиіс екендігін мәлімдеді. Оған дейін кириллицаны қолдануға рұқсат берілген. Қаншама жыл өмір сүрген қазақ елі бүгінгі күнге дейін бірнеше әліпбиді қолданды. Латыншаға көшу де терең логикаға сүйеніп ұсынылған жоба іспетті.

Екінші жоба, «Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік беруге, білім сапасын арттыруға

және ұлттың өзіндік сана-сезімі мен оның тілін дамытуға бағытталған. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық». Міне, осы шектіліктен арылу үшін, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология саласы бойынша әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аудару ұсынылып отыр. Бұл бағдарламаның нәтижесі 5-6 жылдан кейін – кітаптар студенттердің қолына тигеннен кейін өз жемісін бере бастайды, сол кезде отандық жоғары оқу орындарының түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын болады деп күтілуде.

«Қазақстанның киелі географиясы» атты жоба еліміздің тарихи-мәдени және символикалық киелі негіздеріне сүйенеді. Бұл жобаға жататын қасиетті орындар – елде туризм индустриясын дамытуға, сөйтіп халықты киелі жерлерге тартуға арналады. Сонымен қатар Елбасы өз мақаласында республикада жаппай спортты дамыту мәселелеріне де көбірек көңіл бөледі. Осы орайда аталған «Туған жер» жобасы елдегі әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге, азаматтарды өздері тұратын елді мекендерді абаттандырып, өлкені жандандыруға, дамытуға, сөйтіп жалпы қоршаған ортаны қорғауға баулуға бағытталған.

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін шетелге таныстыру жүйесін қолға алуды көздейді. Шын мәнісінде қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті мазмұндық жағынан да, қалыптық жағынан да ілгері дамытуға бағытталған. Осы орайда алдымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шетелдік қауым назарына ұсынылып, 2017 жылы 17–19 қазан күндері UNESCO-ның Париждегі штаб-пәтерінде онымен таныстыру рәсімі өткен болатын. Осы шара аясында шетелдік көрермен қазақстандық мәдениеттің әртүрлі бағыттарымен танысып, көптеген мәдени іс-шараларды тамашалады.

Сонымен қатар, бұл бағдарламада Елбасы ұсынған соңғы жоба – «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы. Бұл жобаның негізгі мақсаттары – ақылымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан қарапайым адамдарды қазақ қоғамына таныту мен оларға ақпараттық қолдау көрсету арқылы таныту. Жастар шет мемлекеттің азаматтарынан емес, отандастарымыздан үлгі алуға тиіс. Біздің мемлекетте де еліне пайдасын тигізіп жатқан, үлгі болуға лайықты адамдар жоқ емес. Ал олар осы жоба арқасында мемлекет алдындағы маңызын түсінуімен қатар ұлты үшін жасаған істерінің нәтижесін алады.

Айта кетерлік, Рухани жаңғыру аясында 2019 жылы – Жастар жылы болып жарияланса, 2020 жылы – Еріктілер жылы болып жарияланған болатын. Бұл серпін аясында болашақ жастардың қолында екені айқын көрініп, жастарды қолдау мен білім көкжиегін арттыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылғанын көре алдық.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мақаласын оқып шығып, осындай ой түйген болатынымын. Оның айтуынша, бұл ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн. Міне, осы бағдарламадағы ұлттық сана туралы Тұңғыш президентіміздің ойларын ой саласынан өткізіп, елімізді дамытуға арналған жұмыстарға бүкіл Қазақстан болып бірігіп, күш сала әрекет етуімізді жалғастыруымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болашаққа бағдар - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы. [Электронды ресурс]. Режим доступа: <https://www.gov.kz/k> (дата обращения: 19.01.2021).
2. Рухани жаңғыру: Мақсат пен міндет айқындалды. [Электронды ресурс]. Режим доступа: <https://ztb.kz/> (дата обращения: 19.01.2022).
3. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі. [Электронды ресурс]. Режим доступа: <https://qazaquni.kz/> (дата обращения: 19.01.2022).

ӘОЖ 378

ТӘУЕЛСІЗДІК-АСҚАҚ АРМАНДАР МЕН ҚАЙСАР РУХТЫҢ ЖЕМІСІ

Джанзакова Н.М.

Ғылыми жетекші: Есболай Г.І.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Тәуелсіздік бақытқа деген тура, ең жақын жол. Бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Біздің ата-әкелеріміз, апаларымыз бостандықты қанмен, термен алған. Тәуелсіздік біздің елімізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда біздің халқымыз батырлық пен батылдық, қайраттылық пен ержүректілік таныта білді.

Түйінді сөздер: мемлекеттік рәміздері, ұлттық теңгесі, қайраттылық, азаттық, бейбітшілік.

Тәуелсіздік – философиялық, психологиялық, саяси мәні зор, қастерлі ұғым. Тәуелсіздік - сананы жетілдіріп, ұлттық болмысты сақтап қала алатын басты қайнар. Тәуелсіздік - бізге бостандық, азаттық, бейбітшілік, яғни бақыт сыйлады. Тәуелсіздік бақытқа деген тура, ең жақын жол. Бізге тәуелсіздік оңай келген жоқ. Біздің ата-әкелеріміз, апаларымыз бостандықты қанмен, термен алған. Сондықтан 2016 жыл – барлық қазақстандықтар үшін елеулі жыл. Қазақстан. Осы бір сөзді естісек жүрегіміз лүпілдеп, сонау қиын- қыстау кезеңдерді басынан өткерген еліміз, оқ пен оттың арасында қасықтай қаны қалғанша айқасып, қыршыннан кеткен жастарымыз, тәуелсіз жолында құрбан болған асыл азаматтарымыз еріксіз есімізге түседі. Екі жүз жылдай патшалы Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам уақыт Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан бүгінде егеменді ел болды. Тәуелсіздік біздің елімізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда біздің халқымыз батырлық пен батылдық, қайраттылық пен ержүректілік таныта білді. Өздерінің туған елі үшін жанын пида қылды. Ұлт маңдайының бағына біткен Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сияқты хандар алмағайып заманда әділдік пен еркіндіктің туын ұстаса, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты қара қылды қақ жаратын шешен билер, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сияқты жезтаңдай жыраулар ел намысын биікке көтеріп, Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай сияқты ержүрек батырлар да қажыр- қайратын қазақ халқының елдік мұратына сарқа жұмсады. Талай адамның жүрек жарасын тырнап өткен Ұлы Отан соғысы да есімізде. Жұдырықтай жүректері елім деп елжіреген талай батырлар жауға қарсы шықты. Ерліктің қос шынарына айналған Әлия мен Мәншүк сынды қазақ қыздары, Бауыржан, Талғат, Мәлік, Баубек сияқты асыл азаматтар өшпес ерлік танытты. Өмірдің әр мезеті қымбат тұста жауға Отан үшін, ел үшін ұмтылды. Ұлы Отан соғысы біздің елімізге түскен ауыртпалық болды. Осы сыннан да халқымыз

мүдірмей өтті. Алайда Қазақстан бірде- бір мәселені өз бетінше шеше алмады. Біздің еліміздің ұлттық ерекшеліктері ескерілмей, құқықтары аяққа басылды. Қазақтарға өз тілін, дінін ұмытып, мәңгірттену қаупі төнді. Экономикалық жағынан да еліміз өз байлығына өзі ие бола алмады. Осы тұста елді еңіреткен азалы күндер жігерлі жастардың жүрегін қайнаған ашуға, кекке толтырды. Бұл 1986 жылғы «Желтоқсан қозғалысы» еді. Осыдан кейін- ақ Кеңес өкіметі ыдырап, 1991 жылы 16- желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіз республика болып жарияланды. Бұл күн егеменді еліміздің туған күні деп алтын әріптермен жазылды. Міне, қазақ халқы бабаларымыз армандаған тәуелсіздігіне, азаттығына осындай қиянат, азаптарды басынан өткізіп жетті. Азаттық жолында қазақ халқы қансырады, бірақ қаза болған жоқ, есеңгіреді, бірақ есінен айырылған жоқ, сүрінді, бірақ құлаған жоқ. Тәуелсіздік бүкілхалықтық мереке, әсіресе қазақтар үшін теңдесі жоқ, аса маңызды тарихи оқиға еді. Біздің халқымыз өзінің ғасырлық аясында қалыптасқан көпшіл, өзге ұлттың мәдениеті мен салт- дәстүріне құрметпен қарай алатын кең пейіл қасиетімен дараланатын халық. Бүгін де Қазақстан бүкіл әлем мақтанышпен айта алатын мемлекетке айналды. Осы уақыт аясында дербес кеңестік қалыптасып үлгерді, нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастық та бел ала бастады. Тәуелсіз Қазақстанымыздың Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық теңгесі, ең бастысы- егемендігі бар. Еліміздің болашағын дамытып, ынтымақ пен бірлікті орнатып отырған президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та тәуелсіздік жолында көптеген істер атқарды. Зор мақтанышпен айта алатын еліміздің бас қаласы Астана да күннен күнге гүлденуде. Оған куә алып Бәйтерегіміз, Тәуелсіздік сарайы, салынып жатқан көрме ЭКСПО- 2017. Тәуелсіздік қазақстандықтар үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым әкелді. Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең өлкемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан тамырымыздың лүпіл - бүлкіліндей естіледі бізге. Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан. Талай - талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны болған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегін жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз – Қазақстан! Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын. Сонау ел басына түскен нәубет жылдары тарыдай шашырап кеткендердің елге оралған сәттегі туған жерді, ата - бабаларының кіндік қаны тамған топырақты құшырлана сүйген сәттегі бейнелерін көргенде қалайша толқымассың?! Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды. Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар - ұжданы азаттықты тілейді екен Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса,

сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығу бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», — деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды.

Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды етсін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенни Энтони. Батыс философияның жаңа тарихы. 1-том. Антика философиясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 408 б.
2. Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. 240 б.

ӘОЖ 323

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Муташова Д.

Ғылыми жетекші: Исақұлова А.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі

дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, Елбасы, бағдарлама, басым бағыттар, прагматизм, бәсеке, үш тілді білім, саналы ұрпақ.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жарияланғанына, міне, бүгін төрт жыл толып отыр. Ежелгі аталарымыз «Өз тарихын білген ел ешкімнен жеңілмейді» дегеніндей, Елбасының бағдарламалық мақаласында халқымыздың тарихи санасын қалыптастырудың басым бағыттары айқындалған.

Сол себепті, бұл бағдарламаны – қоғамға рухани жол көрсетіп, болашаққа бағыт-бағдар сілтеген идея деп түсінеміз. Осы орайда, ең әуелі атап өтерлік оқиға – Елбасының бағдарламалық мақаласында атап өтілген басым бағыттарды айқындап, оның іске асырылу тетіктерін қамтамасыз етумен бірге, жоспарланған жұмыстарды жүйелендіру, бағдарламаны іске асыруды әдіснамалық және талдамалық сүйемелдеу, өңірлік жобалық офистердің қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі №225 қаулысымен «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты құрылған болатын.

Бұл институттың басты міндеті – заманауи бәсекеге қабілетті қазақстандық қоғам құру барысында, осыған қатысты барлық құрылымдарды ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеп, ғылыми негізделген тұжырымдамамен қамтамасыз ете отырып, бағдарламада көрсетілген 6 бағыт пен 17 түрлі жобаны жаңғыртудың стратегиялық тәсілін әзірлеу және қатысушыларды әдістемелік жұмыспен қамтамасыз ету. Осы орайда, жоғарыда атап өтілген алты бағытқа жеке-жеке тоқталар болсақ:

Прагматизм – ұлттық және жеке ресурстарды нақты білу, оларды үнемді жұмсау, өз болашағын жоспарлай білу, ысырапшылдықтан, менмендіктен бас тарту;

Бәсекелік қабілет – ұлттың аймақтық және әлемдік нарықтарда материалдық қана емес, сонымен қатар жоғары сапалы зияткерлік өнімді ұсына білу қабілетін арттыру;

Білімнің салтанат құруы – «білім – болашақта табысқа жетудің ең іргелі факторы» атты идеяны дәріптеу;

Эволюциялық даму – қоғамның бейбіт, зорлық-зомбылықсыз қайта құрылуы;

Сананың ашықтығы – бұл сананың үш ерекшелігін білдіреді. Атап айтқанда: күллі әлемде не болып жатқанын түсіну; жаңа технологиялық ағым әкелетін өзгерістерге дайын болу; өзгелерден үйрене отырып, олардың тәжірибиесін қабылдау;

Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық сана шеңберіндегі өзгеріс және оның кейбір белгілері өзгерген кезде ұлттық «мендік» ішкі өзекті сақтай білу.

Жоғарыда атап өтілген алты бағыт әрбір қазақстандықтың бойында болуға тиіс қасиеттерді дамытуға бағытталған. Осы орайда бұл алты бағытты жүзеге асыру мақсатында 17 жоба қарастырылған. Олар: «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «100 жаңа есім», «Қазақ тілін латын әліпбиі графикасына көшіру», «Ауыл – ел бесігі», «Архив-2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер мен технологиялар музейі», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» және прагматизм, сананың ашықтығы бағыттарының жұмысын жандандыру мақсатындағы арнайы төрт жоба: «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет» тақырыптары қосылып отыр.

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. «Жаңғыру» атаулыға бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіспіз. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сау, тарихын танитын, революциялық емес эволюциялық дамуды қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар қоғам қалыптастыру.

Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұстаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау.

Нақты бәсекелікке бастайтын үш бағдарламасын қолдау және игеру арқылы, біз жетістіктерге жете аламыз. «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Аталған үш бағдарламаның ішінде «Үш тілде білім беру» жүйесі іске асу үстінде. Мектеп, жоғары оқу орындарында үш тілде білім беру, көп тілді меңгеру жан-жақты талқылануда. «Қанша тіл білсең, сонша адамсың» деп айтқандай, тілмен қатар сандық қазақстанды қалыптастыру, дамыған технологияны меңгеру, мәдени қарым-қатынас орнату еліміздің қазір және болашақта тұғырлы болуының кепілі.

Болашаққа бағдар ретінде Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің әрбір профессор-оқытушылар құрамы және осы оқу орнында білім алып жатқан жастарымыз Елбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған

өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдемін. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://www.akorda.kz>
- 2.«Ұлттық жаңғыруға жол ашқан бағдарлама». <https://egemen.kz>
- 3.«Жаңғыру – ел дамуының жасампаз қағидасы». <https://egemen.kz>
- 4.«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы. <https://primeminister.kz>

ӘОЖ 314 (045)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Дариссалам Н.

Ғылыми жетекші: Арашова Н.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Маңғыстау облысындағы жоғары білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығына айналған Ш.Есенов университетінің қалыптасу кезеңдері, даму тарихы, негізгі қадамдары қарастырылған. Сондай-ақ Академиялық ұтқырлық бағдарламасы және университетімізде оқитын шетелдік студенттер туралы мәліметтер қарастырылған.

Түйінді сөздер: Академиялық ұтқырлық, диаспора, логистика, инфрақұрылым, инновациялық кластер.

«Ел мен елді, халық пен халықты, ұлт пен ұлысты теңестіретін нәрсе - білім» - деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, ғылым мен білім бәсекесі ХХІ ғасырда басты орынға шығып отыр. Бұл орайда білім мен ғылымның ордасы болып табылатын университеттердің маңызы ерекше. Университет – білім мен ғылымды тоғыстырып, талапкерді білімнің биігіне шығаратын, ғылымның өріне шыңдайтын қасиетті қара шаңырақ.

«YESSENOV UNIBERSITY» брендімен «АШЫҚТЫҚ, ЫҚЫЛАСТЫЛЫҚ, КРЕАТИВТІЛІК» сынды құндылықтарды ұлықтап, қазақстандық жоғары білім саласында өзіндік орнын айқындай алған Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті бүгінде Маңғыстау облысындағы жоғары білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығына айналып отыр. Бұл білім ордасы өзінің 45жылдық тарихында университеттік дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтті.

Бірінші кезең – университеттің құрылу кезеңі. 1976 – 1983 жылдар аралығында Маңғыстау өңірінде тұңғыш жоғары оқу орнының негізі қаланып, өнеркәсібі өркендеп келе жатқан облысымыздағы мамандар даярлайтын орталық ретінде орнықты.

Екінші кезең – қалыптасу кезеңі. 1983 – 2001 жылдары оқу орны В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Жалпытехникалық факультетінен ҚазПТИ-дің Ақтау филиалы, сосын Атырау университетінің Ақтау филиалы секілді аралық баспалдақтардан өтіп, өз алдына дербес жоғары оқу орны – Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетіне айналды.

Үшінші кезең – даму кезеңі. 2001 – 2005 жылдар аралығында жаңа заманның талаптарына сәйкес жаңа университеттің бейнесі қалыптасты, материалдық-техникалық базасы нығайып, еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы беделі өсті, халықаралық деңгейде таныла бастады.

2005 жылы университет дамуының жаңа дәуірі – төртінші кезең, яғни көркею кезеңі басталып, кең көлемдегі қайта құрулар жүзеге асырыла бастады. Білім ордасын оқу үдерісінің ұйымдастырылуы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігі жағынан да, сыртқы бейнесі мен материалдық-техникалық жарақтандырылуымен де әлемдік жетекші университеттердің деңгейіне сәйкестендіруге арналған түбегейлі өзгерістер жасаудың стратегиялық міндеттері айқындалып, ауқымды шаралар қолға алынды. Сол міндеттердің нәтижелері айқын көрініп, республикамыздағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының сапына енуімен қатар, Елбасы тапсырмасына сәйкес әлемдік университеттердің деңгейіне жетуге бағдарланды.

2017 жылдан бастап университет дамуының жаңғыру кезеңі басталды. Бүгінгі Ш.Есенов атындағы КТИУ – жоғары материалдық-техникалық базамен жарақтандырылған, студенттердің интеллектуалдық және шығармашылық дамуына жан-жақты мүмкіндік беретін, аймақтың дәстүрлі және инновациялық кластерлері (мұнай-химиялық, логистикалық, туристік, энергетикалық, теңіз т.б.) үшін мамандар даярлауды жүзеге асыруға икемді тұтас ғылыми-техникалық инфрақұрылым болып табылады.

Жаңа білім беру бағдарламаларының мазмұны еңбек қызметі немесе оқыту саласындағы озық білімдер бейнеленетін біліктіліктің еуропалық шеңберіне негізделген. Қазіргі таңда білімді кеңейтемін деген студентке университет тарапынан көп мүмкіндік қарастырылған. Яғни, сіз бір университетте оқып қана қоймай, басқа қаладағы немесе басқа елдегі университетте бір семестрге барып, білім шыңдап келе аласыз. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Yessenov University-дегі білім алушылар Еуропа елдеріндегі, оның ішінде Болгария, Польша, Түркия елдерінің және Оңтүстік Корея, сонымен қатар Ресей, Әзірбайжан елдерінің жоғары оқу орындарында білім алуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «жоғары оқу орындары шет елдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет» деп атап көрсетіп, нақты тапсырмалар берген болатын. Бұл әрине еңбек нарығына бәсекеге қабілетті, жаңа технологияларды меңгерген мамандар дайындайтын оқу орындары үшін ізденіс пен дамуға жол ашатын тың серпіліс.

Yessenov University еліміздің батыс аймағындағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі. Университет халықаралық ынтымақтастық қызметін жүзеге асыру бағытында шетелдік жоғары оқу орындарымен соңғы жылдарда көптеген елдермен келісім жасап, әріптестік байланысын нығайтты. Сонымен қатар, оқу орындары арасында студенттер алмасу, қос диплом беру, біріккен ғылыми жобалар бойынша зерттеу жұмыстары да жандана түсті. Қазіргі кезеңде университет өзінің халықаралық байланысын жетілдіре отырып, сенімді түрде Еуропалық білім беру кеңістігіне енді, университетімізге шетелден келген көптеген студенттерді оқытып шығаруда. Олардың ішінде алыс-жақын шетелдерден келген қазақ диаспорасының өкілдері, жоғары оқу орындары аралық

ауысымымен келіп оқитын шетелдік студенттер бар. Негізгі мәселелердің бірі осы шет елден келген студенттердің әлеуметтік бейімделуі болып отыр.

Тіркеу басқармасы мәліметтеріне қарасақ ол көрсеткіштердің жыл сайын көбейіп келе жатқандығын аңғарамыз. Бүгінгі таңда университетімізде 636 шетел студенті барлық салалар бойынша білім алуда (1-кесте). Олардың басым көпшілігі Түркменстан, Өзбекстан және Әзірбайжан азаматтары. Дегенмен тағы бір қуантарлық жағдай, олардың 51% ұлты қазақ, және Қазақстан азаматтығын алуға тырысуы өлкеміздің демографиялық үлесіне оң әсер етеді.

Кесте 1 - Ш.Есенов атындағы КТИУ білім алушы шетел студенттері туралы ақпарат

№	Елдер	Саны	6	Иран	1
1	Түркіменстан	334	7	Пакистан	1
2	Өзбекстан	266	8	Қытай	5
3	Азербайжан	15	9	Нигерия	5
4	Грузия	3	10	Түркия	2
5	Ресей Федерациясы	2	11	Ауғанстан	2

Университетіміз келген шетел азаматтарына бірінші кезекте жатақханамен қамтамасыз етіледі. Оларға білім алу жағынан еш айырмашылық жоқ, университет қабырғасында өткізілетін барлық тәрбие сағаттарға, қоғамдық-мәдени шараларға белсене қатысуда. Атап өтетін тағы бір жәйт ұлты қазақ студенттерге конкурс арқылы мемлекеттік грант алу мүмкіндіктері қарастырылған.

Дегенмен де, шет ел студенттері үшін басты проблема тіл, оқулық, қосымша курстардың аздығы. Тіл қарым-қатынастың басты құралы болып табылатындықтан, тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінуі керек деп ойлаймыз. Шетел студенттерінің келген елдің тілін білуі, олардың білім алу, еңбек, әлеуметтік өміріне араласуының негізгі индикаторы болып табылады. Шет елден келген студенттеріміз үшін қазақ тілімен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтары бетпе-бет кездесуде. Бұл өз кезегінде тілді білмеу салдарынан білім алу процесін одан әрі қиындатады. Осылардың алдын алуға байланысты шет елден келген студенттерге «Дайындық факультетін» ашуды қажетсініп тұрғанын айта кетуіміз керек. Еліміздің жетекші ЖООда бұл мәселе 10 жыл бұрын шешіліп қойған болатын. Мысалы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру» факультеті 2011 жылы бұрынғы 1985 жылы ашылған шетелдіктерге арналған дайындық факультеті негізінде құрылған болатын. Жоғарыдағы аталған мәселелерді уақыт өте келе өз орнымен шешілетіні анық. Бірақ біз, Yessenov University «Каспий теңізі» өңіріндегі елдердің арасында және ҚР ЖОО ның алдыңғы қатарында орын алуымыз үшін шет елмен байланыс күшейтудің маңызы зор екендігі белгілі. Ал келген студенттеріміздің әлеуметтік мәселелерін шешудің тиімді жолын қарастыру және қолданысқа енгізу шешуші элементтер деп ойлаймын.

Мазмұны жаңарған білім беру бағдарламаларымен қарыштап қадам басқан университеттің алдан күтері көп. Білім бәсекесінде жеңілмейтін зерделі жастардың көптеп шығуына ықпал ететін білім ордасының болашағы жарқын болғай!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. YU Тіркеу бөлімі мәліметтері.
2. Өткенге құрметпен, келешекке нық сеніммен Алматы-2021

КИЕЛІ МЕКЕН-МАҢҒЫСТАУ

Абуханова А.

Ғылыми жетекші: Шодыраева Ш.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Маңғыстау өңірі – бағзы заманнан құпиясын ішке бүккен, көшпелілердің ата-қонысы болған құтты өлке. Жерінің асты қазынаға, жерінің үсті аңызға толы, 362 әулиеге мекен болған қасиетті мекен. Мақалада туған жердің тарихи орындары мен ескерткіштері туралы жазылған.

Түйінді сөздер: ескерткіш, қала, мешіт, қорық, түбек.

Маңғыстау жері – бұл ежелгі өркениет елі, 11 мың тарихи ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай, мыңдаған тасқа салынған сурет-дастандардың елі.

Бүгінде Маңғыстауды қазыналы түбек, тарихи ескерткіштер мен мыңдаған жолдар өлкесі деп атайды. Бұл жолдар теңіз жағасында пайда болған қала – Ақтауға, Қазақстан Республикасындағы ең жас орталықтардың бірі болып табылатын Маңғыстау облысына апарады. Ұлы геолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, КСРО ҒА академигі Қ.И. Сәтбаев бірде түбекті ұшақпен айналып ұшқанда, оның құм пердесімен жабылған әйелдің кескініне ұқсайтынын байқап, оны «ұйқыдағы ару» деп атаған.

Форт-Шевченко қала-Түпқараған ауданының орталығы. Орта ғасырларда осы жерде Кетік қалашығы орналасқан. 1846 жылы штабс-капитан М.И.Иваниннің басшылығымен Ново-Петровск бекінісі бой көтерді. 1857 жылдан бастап Форт-Александровск, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Форт-Урицкий, 1939 жылдан бастап қазіргі атымен аталады.

Қызылтас- 1834 жылғы Маңғыстау жеріндегі алғашқы әскери бекініс. Белгілі ғалым, саяхатшы Г.С. Карелиннің басшылығымен осы жерде Ново-Александровскі форты салынды. Артынан Каспий теңізінің кейін қайтуына байланысты бекініс Түпқараған түбегіне көшірілді. Қазіргі уақытта ол жерде бекіністің құланды орындары сақталған.

Тынымбай шоқы- Шопан Ата әулиесінен күн шығысқа қарай жүргенде 20 шақырымдай жердегі биік шоқы. Таудың тегіс жарлы қабатына көптеген таңбалар ойылып жазылған.

Жау жол- Жыңғылды аулынан күнбатысқа қарата жүргенде 15 шақырымдай жердегі таудағы асу. 18 ғасырдың 80 жылдары Хиуа басқыншыларына Қожагелді батыр бастаған Адайлардың тойтарыс берген жері.

Шоңай Қожакелді Тоқсанбайұлы – осыдан 250 жыл бұрын өмір сүрген, халық арасында аты аңызға айналған халық батыры. Қазіргі Маңғыстау ауданы, Жыңғылды елді мекенінде туып өскен. Батырдың өмір сүрген уақытында Маңғыстау қазақтары мен Хиуа хандығына бағынышты түрікмендер арасында жер, мал, жесір дауы, барымта, қақтығыс өршіп тұрды. Адайдың білікті азаматтары Ұланақ-Жыңғылды жеріне ту тігіп, түрікменнің Құтты Сейіт ханын бітімге шақырады. «Құтты Сейіт өзін Ұланақ жерінде

күтіп отырған қазақтармен жүздесетін уақытын Атажанның ақша атымен Хиуаға хабарлап, әскер жіберуін өтінеді. Көзге түспеу үшін түрікмендер Орпаның тұсындағы ақ таудан құлайды. Олар тау асуларында қазақ әскерлерін көп заялапты» жау жол деп осы жолды атап кеткен. Кейіннен 1941-1945 Ұлы Отан соғысы кезінде Орпа колхозының ту сыртындағы Ақтаудың үстінен шығатын айналма жолды шөп, мал тасымалына ыңғайлы етіп Қосмағанбетов Рахметпен Сатанбаев Қайысбай бірге ауылда қалған әйел адамдардың күшімен ешқандай техникасыз қарапайым қол күрек, сүймен, балта, қашау сияқты құралдармен жаяу адам, атты адам түсіп шығуға ыңғайлы етіп төте жолдыөңдейді. Бұл еңбекші колхоз адамдарының жолды қысқартып уақытты үнемдеудегі шараларының бірі болатын. Осы жол міне, «жау жол».

Қызыл қала- Орта ғасырлардағы керуен жолы бойындағы қала орны. Археологиялық қазба жұмыстары бір неше рет жүргізілді, болашақта жалғасын табады.

Отпан тау- Тарихи-мәдени кешен. Адай Ата рухына ақын Сабыр Адайдың бастамасымен салынған ескерткіш. Бұл жерде ерте кезде ел басына күн туғанда Адайлардың бас қосатын жері болған.

Ерсарының қайрағы - тарихи ескерткіш. 14-15 ғ.ғ. туындысы. Аңыз-деректерде осы жерде күрделі мәселелерді шешу үшін Маңғыстаудағы ру басшылары бас қосатын болған.

Отпан – тау биігі: Маңғыстаудағы Батыс Қаратаудың ең биік нүктесі (биіктігі – 532 м). Ақтау – Таушық – Шетпе тас жолы бойындағы Жыңғылды ауылы менен Тұщыбек санаторийінің орта жерінде, жолдан 5-6 км сол жақ қапталында орналасқан.

Отпан таудың басынан жан-жағына көз салсаң, Бес шоқы – биік тауларды, сай-сала жазық даланы, ағарған биік төбелер мен жотаны, ағып жатқан бұлақты, көгеріп жатқан теңізді, ала бұлт шалған көгінді, кең байтақ шексіз жерінді, кей кездері тұман басқан даланы, ақ шаңқан Ақтау қаланы, көгерген бақша көз тартқан елді мекен ауылды, тау бөктеріне жайылған төрт мүлік малды көре аласың. Көктем кездерінде түрлі-түсті гүлдерді, ерте кезде ақсақал ағалар, ем үшін іздеп келетін 15 түрлі өсімдік киелі шипа шөптерді көресің.

Маңғыстаудың ең биік шоқысы Отпан тау болып есептеледі. Жаугершілік заманда ел іргесіне жау тигенде адайлар Отпан тау басына от жағып белгі берген. Оны көрген батырлар келісімді жерге жиылып, бас біріктіріп, жауға соққы берген. Сондықтан Отпан тау ел бірлігінің символы болып келді. Маңғыстаудың, исі қазақтың танымал ақындары Сабыр Адай мен Светқали Нұржан бас болып, 2003-жылы осы Отпан тау басына Адай ата кесенесін салу жөнінде іс басталған болатын. Қазан айының 25-жұлдызында сол жұмыс оңына асып, кесене ашылды.

Адай ата кесенесі Отпан таудың ұшар басына орналасты. Оның жанында Ұран от жағылды. Сәл төменірек «Түгел түркі түбі бір, түп атасы – Көкбөрі» деген ұғымға сай Көкбөрінің алып бейнесі орнатылды. Одан да төмен Ақсарай салынды, ол ел ақсақалдарының бас қосып, ақылдасар, пәтуаласар орны әрі мұражай болмақ. Тікұшақ қонатын алаң, жолдар салынып, бұл жер үлкен тарихи-мәдени кешенге айналды.

Кешеннің ашылуына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құттықтау жолдады. Бұл той да үш күн тойланып, 500 үй тігілді. Түрлі ұлттық спорт жарыстары, мүшәйра, республикалық ақындар айтысы, ғылыми конференция ұйымдастырылды. Аламан бәйге мен ақындар айтысының Бас жүлдесіне шетелдік джип автомобильдері тігіліп, мүшәйра жеңімпаздары 500 мың мен 50 мың теңге арасында сыйлықтар алды. Бұл той – Адай рухын асқақтатқан, ел бірлігін ту қылып көтерген, Маңғыстау тарихындағы ұлы оқиғалардың бірі болды.

Бұл таудың бөктерінен жер бетінде сирек кездесетін көптеген сырқаттарға ем үшін пайдалануға таптырмайтын бал тәрізді қара қоңыр мумияны да кездестіре аласың.

Тау бөктерінен қырағы көзге киелі аң арқар да, түлкі мен көкбөрі көкжал қасқыр да қараң етіп көрініп кетуі мүмкін. Көк аспанда қалқып ұшып жүрген тау бүркіті мен сұңқар, ителгі, қаршыға мен күйкентай, Қашаған ақынның жырында айтқан («Отпан таудың басында, «Дегелек» деген бір құс бар, аспанда жүріп ысқырса, мың орда жылан басылған...») киелі қыран құсты да көре аласың. Батыста алыстан ап-анық Каспий теңізінің құрлыққа еніп жатқан жері – Үш ауыз тауы көрінеді. Бұл таудың арасында Адайлардың көтерілісін басам деп теңіз арқылы келген патша әскерімен Иса-Досан сарбаздарының соғысып, шапқыншы орыс әскерлерін қырып тастаған, ұрпағымызды ерлікке, бірлікке, елдікке жетелейтін тарихи орын айналасы қоршалып, ауқымды жерді алып жатқан мола-төбе жатыр.

Түнде басына шықсаң оңтүстік батыстан Ақтау қаласының, оңтүстік шығыстан мұнайлы Жетібай кентінің, терістіктен Қаражанбас кенішінің самсаған оттарын көресің. Бейне бір көкжиекке шашып тастаған отты моншақтар сияқты. Бұлар Отпан таудың басынан 150, 100, 80 шақырым қашықтықта орналасқан.

Ақсарай Адай атамyzдың Ақордасы. Ақсарай Адай атаның сегіз немересінің құрметіне арналған сегіз бөлмеден тұрады. Бұл бөлмелерде елдің елдігін ұлықтайтын ас-жиын, елдің елдік, ұлттық мүдделеріне байланысты салиқалы кеңестер өткізіледі. [1]

Орталық залда Қазақстан мемлекетінің даму тарихына арналған тұрақты көрме (қазақ хандықтары, хандар шежіресі, ұлт қаһармандары, қазіргі заман бейнелері, ұлттық рәміздер, тәуелсіздік көріністері, тұңғыш президент – Елбасы туралы деректі көріністер) ұлттық мәнермен безендірілген.

«Маңғыстау және жеті жұрт» тақырыбындағы көрме залы Маңғыстау тарихына арналып, ол жердің археологиялық сараптамасы, картасы, макеттер, артефакттер аңыз-әңгімелермен айқындалып, тас дәуірінен осы күнге дейін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихы, мәдениеті бойынша жинақталған мәліметтер жүйеленіп жасақталған. Мысалы: Қазақстан жеріндегі тайпалық одақтастар картасы, және біздің эрамызға дейінгі V-II ғасырдағы ежелгі сақ тайпалары жауынгерлері суреттері ілінген. 552-744 жылдары билік құрған Түрік қағанаты туралы деректер (Түрік империясы картасы, Ноғай ордасы картасы, «Қырымның қырық батыры» кітабы) көрсетілген.

Адай Ата кесенесі Қаратау жоталарының ең биік шоқысы (Балтық теңізі деңгейінен 532 метр биік) Отпан тауда орналасқан. Кесененің биіктігі күмбез найзасының ұшына дейін 37 метр. Ресей республикасында жасалған күмбездер арқауы алтынмен шайылған. Адай Атаның екі қапталындағы-екі баласы Құдайке мен Келімберді атамyzдың құрметіне арналған кесенесі.

Адай Ата елінің Ел таңбасы. Қалқанның фонында айқастырылып салынған. Найза мен қылыш, ортасында бүкіл ел білетін атауы «Жебе» делінетін Адай таңба. Бұл таңба ұштары біріккен үш сызықшалардан тұрады және ол садақ оғының ұшын бейнелейді. Бұл Ерліктің, Елдіктің, Бірліктің белгісі. Адай таңба Үш жүздің басының біріккен күшімен, көк найзаның ұшымен ғана жауынды жеңіп жерінді қорғай аласың, «үш жүздің басы біріксе алынбайтын қамал жоқ, тәуелсіздіктің тірегі-үш жүздің басының бірлігі» деген мағынаны білдіреді.

Адайдың Жебе таңбасы (стрела, стрелка) бағыт-бағдар, жол көрсетіп бүкіл әлем елдерінің кез-келген жерінде тұр. Бұл Атам Қазақтың қарашаңырағының иесі Адайлардың «авторлық» құқы.

Ерте заманда елге жау шапқанда, кең байтақ Маңғыстауды ру-ру болып жайлап жатқан халықтың басын жинау үшін Отпан таудың басында Ұран отын жаққан. Сүйтіп Адай халқы бірігіп елін, жерін жаудан қорғап қалған. Отпан таудың басынан жаққан алау от сонау Үстірттің үстінен көрінеді екен.

Киелі Маңғыстау өлкесінде мұндай тарихи және табиғи орындар жетерлік. Мұқым қазақ баласы сол себепті бұл өлкені қасиетті санайды. Оның әрбірінің сырына үңілсеңіз, қаншама құнды дүниелерге кезігетінің анық. Өркениетке бет бұрған бүгінгі қоғамда біздің бұрынғы шежіремізге үңіліп, қайтадан бір тиянақтап, зерттеу жасау міндеміз ғой. Бізге жетпей жатқаны осындай ыждағаттылық. Болмаса, біздің кең-байтақ өлкемізде тарихтан мол мағлұмат беретін киелі орындар және табиғаттың керемет құбылыстары баршылық.

Ендігі бағыт Үстірт қорығының үстімен Көгесемге бару. Аласалау төбеге орналасқан Көгесем әулиесінен Маңғыстауға ғана тон айшықты архитектуралық құрылыстың не бір таңдай қақтырар нұсқаларын көруге болады. Бұл өзі жеке әңгіме қылуға тұрарлық үлкен ансамбль. Бірі-біріне кедергі жасамай, көз алдында өзінің тамаша көріністерімен ерекше әсер қалдырады. Кезінде осындай кереметті өмірге әкелген сол кездегі шебердің, оның туындыларының асқақтығына, күдіреттілігіне еріксіз басыңды иесің. Ойыңа Әбекеңнің, Әбіш ағамыздың "Ертедегі сәулетшілер жеке – жеке ескерткіштердің ажарымен қоса, күллі зираттың жалпы ажарын, ортақ көркін мықтап ойластырыпты. Олар зираттағы ескерткіштердің бірін – бірі көлегейлеп, қалқалап тастамай, көрушінің көзіне түгел көрінуін мұқият қамдастырған. Қысқасы, бұл зираттан жекелеген шеберлердің бармағынан бал тамған өнерін ғана емес, күллі бір сәулетшілік үрдісті, сәулетшілік мектепті, архитектуралық мәдениетті көресіз", – дегені түседі.

Ия, айтса айтқандай Маңғыстау жері өз бойында көрерге көз керек талай асылды сақтай білген ғой.

Түбектің төсін айқұш – ұйқыш тілімдеп жатқан керуен жолының тармағы бір кездері осы Уәлі арқылы өткен. Бастауын сонау біздің дәуірімізге дейінгі уақыттан алатын Жібек саудасы батыс пен шығысты үнемі байланыстырып жатты. Қытайлар өздерінің ұлттық құпиясы санаған жібек жолдарын қаншама қатал бақыласа да, іштен шыққан жау жаман Сақ князына тұрмысқа шыққан қыз, жібек құртын шашының арасына жасырып, өзімен бірге ала кетті. Жібек өркендету осылай дүниеге тарап кетсе де бағзы жерлермен сауда керуендері бәрібір өтіп жатты. СССР-ның Волга-Урал экспедициясының жетекшісі Л.Л. Галкиннің карта схемасында сонау көне – Үргеніштен шыққан жол Кендірліге келіп екі айрылатын. Бірі Маңғыстау арқылы Қабақтыға келіп, одан әрі теңіз арқылы Хажы —Тархан (Астрахань) асатын. Ал екіншісі Бейнеу – Жезді – Мыңсуалмас – ұшқан арқылы Сарайшыққа баратын. Ал Маңғыстаудан шыққан жол, кейде Уәлі арқылы Ноғай жолына қосылып жатты. (Наука и жйзнь. 1990. 9. 101 бет).(Сызба сурет) қазір мал қырқатын пункт, тоғыт орналасқан жерде Уәлі қамал - қаласының қалдықтары өлі көзге ұрады. Есекең өз еңбегінде "қабырғасының қалыңдығы 2 метр, күйдірілген қызыл кірпіш пен ақ тастан қаланған. Уәлі биік басындағы қауым аты. Ол қыпшақ ханы болған, қамал төмpek басында. Бұл жер ханның орда тіккен орны, деп жазған еді. (С. Шалабаев Е. Өмірбаев, Қ. Сыдиықов. Маңғыстау. Алматы 1973 44-бет) Бір кездері қамал болған бұл жердің қыпшақ заманынан кейінде өмір сүргенін, керуен тоқтап, ызы-қиқы тіршілік болғанын дәлелдейтін деректер әлі де жетерлік. Бұл жерге 1825 жылы Ф.Ф. Берг те келіп кетті. Г.С. Карелин осы Уәліден онша қашық емес Қызылтастан әскери бекініс салғанда да болашақ Хиуаға жорыққа шығуға ең ұрымтал түс осы жер деген еді. Адай ауылдарының Жем бойына көшетін жолы сонау Түбіжік– Үдек– Ұланақ– Шетпе– Қаратүйе– Өтес– Манашы– Күйкен– Қарашүңгіл– Бақашы болып осы жермен өтетінді. Сондықтан да осы жолдардың бойында белгілі бір дәрежеде ащы болсын, тұщы болсын құдықтар кездесіп отырады.

Сонау ықылым замандардан тіршіліктің тамыры іспеттес болған Уәліде ескі керуен соқпағымен қатарласа бүгінгінің даңғыл жолдары жатыр.

Бейнеуге жақын жерде Манашының ащыағары, соның іргесінде шығыстық архитектуралық құрылыстан мол хабары бар адамның қолынан шыққан Көркембайдың мешіті тұр. Маңғыстаудың жеріне жеті жұрт келіп, жеті жұрттың кеткені туралы қариялардың айтып отыратыны бар емес пе еді. Оған керек десеніз терең зерттеудің қажеті де шамалы. Түбек төсіндегі кез-келген төбе де, үйік-қорғандар мен тау жоталары да олар туралы аңыз-шындықты жайып салады. Соның бірі есте сақтау қабілеті адам баласында сирек кездесетін дарынды жырау Мұрын Сеңгірбекұлының жырлаған "Қырымның, қырық батыры". Атақты жырау осы бір асыл мұраны ғасырлар қойнауынан бізге аман жеткізді. Бәлкім оның жырын аласапыран тарих толқынының тұңғығында қалған Гомер келіп тыңдаған болса, ерекше дарынға егіле отырып қол соққан да болар еді. Міне осы теңдесі жоқ эпоста Манашыұлы Тұяқбай туралы тарау бар. Сол тарауда Ноғайлы елінде болған он бір би туралы айтылады. Ащыағар сайдың бойында отырған Ноғайлының ақылшысы Орманбетке ындыс қалмақтар өзіне бағынуды талап етеді. Ел мүддесін жоғары қойған, олардың ұсынысын қабыл алмаған Орманбетті өлтіріп, қалған билерді шақыртады. Олар жолда отырған Манашы мырзаға соғып, өздерімен бірге ала кетеді. Манашының шешесі Күйкен билердің жүрісінен сезіктеніп қоса жүріпті. Қалмақ ханының талабына олар "Біз елге қайталық,, үш күн мұрсат бер. Сол үш күнде елді өзіңізге бағындырып келеміз деп", Манашыны аманатқа тастайды. Бірақ, қорқақ билер осы уақытта елін көшіріп қашып кетеді. Он бір би үш күнде келмегесін қалмақтар Манашыны кескілеп өлтіреді. Күйікке шыдамаған Күйкен Аралтөбе тауынан ұшып өледі. Содан бері Аралтөбе тауы Күйкен ұшқан, Ащыағар сайы Манашы аталып кетеді.[2]

Ал, осы ащыағардың жағасындағы Көркембай мешіті күнінде үлкен білім ордасы болған. Мешіттің қожасы да, шәкірттерге дәріс берген ұстазы да руы Ақбота Көркембай Бектүрұлы. Жана үкіметтің озбыр саясаты кесірінен сонау 1928 жылы түн жамылып, туған жерінен үдере көшкен елмен бірге ол да кеткен. Төбесінде 30 күмбез бар, 26 бөлмеден тұрады. Ортасында үлкен бөлме. Біздің шамалауымыз бойынша әлгі аталған кішкене бөлмелерде бөлек – бөлек шәкірттер отырған. Ортадағы үлкен бөлмедегі ұстаздың даусы, барлық шәкірттерге бірдей дәрежеде естілетін болуы мүмкін. өйткені қазір сылағы түсіп, кейбір жоғары жашнан жаңбыр сулары ене бастаған бөлмелерде кезінде акустикалық заңдылықтар сақталған болуы керек. Бейнеулік азаматтар оны қалпына келтіру жұмыстарына кіріскен де сияқты. Бірақ аяқталмай қалған іс тағы да "әттең – ай" айтқызады. Жанашыр, тағы да жанашыр болмаса күндердің күнінде үйіндіге айналар жәдігердің бірі болуы да мүмкін.

Терістікте 12–13 шақырымдай жерде Ақмешіт. Бұл төбенің ерекше, тарихи орын екені жөнінде мынадай әңгіме бар. Адайлар Маңғыстаудың ойына аттанар тұста осында Есек батырдың үйінде бас қосады. Әр рудан, әр атасынан өкілдер Жарыдан – Шотан мен Үсен, Бәйімбеттен Арғынбай мен Төлеп, Ескелдіден –Жанұзақ, Жеменейден – Сейіт би мен Бегеш батыр, Зорбайдан -Таған, Бабықтан –Әжібай, Шоңайдан – Бекбауыл мен Құнан болыпты. Есек батасын беріп, батырларды осы жерден Маңғыстауға аттандырған көрінеді. Қазір бұл төбенің басында бір кереге там тұр. Жазуы жоқ. Бейнебір жорыққа кеткен батырлардың артынан қарап, тілеуін тілеп, алысқа көз тіккен, хабар күткен қариядай төбе басынан алыстан қарауытып көрінеді.

Міне, тебе басынан шыға келгенде алыстан мен мұңдалап Ақмешітте көрінеді. Ақмешіт десе дегендей. Осы бір аймақ ерекше қасиетті мекен. Алдамыздағы Ақмешітте Бекет өмірге келді. Ол өзінің алғашқы ұстаздық жолын да осында бастады. Оған әруақтың қонған жері де осы. Оның әкесі Мырзағұл, шешесі Жания, атасы Жаналының, баласы Тоғайдың да жатқан жері осы. Талай адамға, талай тағдырға, талай мілләтке мекен де болған, аумалы төкпелі замандарда үдере көшіп жат мекенде іжел айдаған

қаңбақтай болып жүргенде, көз жасын көлдете, сағыныш жырын айтқызған да осы жер: "Ойыл қайда, Жем қайда, Сағыз қайда", – деп түн жамылған жолаушының асқақтата әнге салып, ат басын еркіне жіберетіні де осы жер ғой.

Ақмешіттің құбыла бетінде төрт–бес шақырымдай жерде Құлшан–ата әулиесі бар. Күншығыс бетінде Аралтөбе. Осы Аралтөбеде қазба жұмысын жүргізген Зейнолла Самашев бастаған археологтар б.д. дейінгі ерте кезеңдегі алтын адамды тапқан еді. Қалпына келтірілген, осынау ықылым замандағы алтын киімді жауынгер қазір Атыраудың облыстық мұражайында тұр.

Құлаат батыс Қаратау мен Солтүстік Ақтау жоталарының аралығындағы аңғардың ортасында шошайып тұрған төбе. Биіктігі 277 м. Құлаат тауы Шайыр аулының солтүстік – батысқа қарай шамамен 22-25 км жүрген жерде орналасқан.

Құлаат туралы аңыз осы маңда жерленген Қырықкез батырдың Қади немесе Қазидеген батыр інісі болыпты. Батырлығымен атағы мәшһүр болған Қади аталған тауда болған бір үлкен шайқас кезінде қаза тапқан, сірә, сол жерге жерленген. Қадидың құла түсті аты болған. Міне, осы атының есімі тау атына негіз болыпты дейді халық аңызы.

Аусары алқап Аусар деп те аталады. Шетпе кентінен шығыста 8 км жердегі тауаралық аңғар. Бұл жерде ертеде бұлақ көздері, қыста отын етіп жағар жер үстіне шығып жатқан көмірі болатын. Аусары деген сөздің өзіндік тарихы бар. Аусары-мұрындықсыз түйеге салатын нөктаның ішкі бетіндегі темір тіс. Тартсаң екі жағын темір қысады да түйе елпектеп жетекке ере береді. түрікмендер жер бедеріне қарап, түйеге салатын аусары сияқты деп Аусары деп атап кеткен екен. Ал қазақтар оны Аусары деген.

Аусары – қара таудың етегі. Сары қабақты жер жарыса келіп, аша болып барлық сүзілген су ызаменжылымшылап ағып жатады. Тау ішінде сарқырап ағып, төменгі қайыр жерге кетіп жатқан су көзі бар. Ол кезде Аусарыда қалың ши өскен. соның ішінде жайылған мал көрінбейтіндей болған.

Шетпе кентінің ең көне бөлігі болып есептелетіні Ескі Шетпе ауылының тауға қараған бетіндегі қорымдықтың аты «Үшкөз» немесе «Үшкөз әулие» деп аталады.

Үш көз – көшпелі ауылды қоршай қазылатын шеңбер пішінді ор. Оны қорғаныс жүйесі ретінде пайдаланған. Ауылға шапқан жаудан, барымташылардан қорғану үшін жасалған амал болатын. Бір кездері осы маңда, Ескі Шетпе орнында осындай ауыл - қамал болып, оның сыртынан үш қатарлы ор – үш көз қазылған болар. Уақыт өте ауыл орнында бос жұрт қалады ескі жұртты айналдыра қазған ор да қалады. Сондықтан осы аймақтың жұрты осы жерді әлгі ордың атымен «Үшкөз» деп атаған шығар. Жел мен жаңбыр суы үш қатарлы орды да топырақпен толтырып жоқ етеді, енді тек жердің «Үшкөз» деген аты қалады. Артынан осы жерге белгілі машайых жерленеді, оның есімі бастапқы ұрпақтарға белгілі болса, жаңа ұрпақ оның атын естен шығарады да жер атымен осы әулиені атап «Үшкөз әулиесі» деп жаңа есім жасайды.[3]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. А., 1994.
2. Батырлар жыры. Алматы "Жазушы", 1990 ж
3. «Жұмбақ жайлап аңыз өрген - Маңғыстау», О. Көшбайұлы, 2005ж

Ә.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арманд Р.

Ғылыми жетекші: Табылдиева О.Д.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Әлихан Бөкейханның еңбектерінде XIX және XX ғасырлардағы әлемдік деңгейде өтіп жатқан тарихи оқиғаларға саяси-әлеуметтік тұрғыдан талдаулар жасап, қазақтың географиясын жан-жақты терең зерттеген. Қазақстанның құнарлы, құнарсыз жерлері, қазақтың көшпелі мал шаруашылығы, сан ұрпақтың мыңжылдықтар бойы жасаған тәжірибесінің негізінде сұрыпталған шаруашылық жүргізудің қалыптасқан жүйесін ғылыми түрде дәлелдеген.

Түйінді сөздер: этнограф, қыр баласы, депутат, ғылыми-зерттеу экспедициясы.

Ә.Бөкейханов бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азамат, соңғы демі біткенше осы мақсат жолында сан алуан қызмет жасаған. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы мемлекеттілігі, өзін-өзі билеуден айырылып, бөтен жұрттың езгісі мен қанауына түссе, XX ғасырдың басында сол кезгі өркениет үлгісімен жерлерін біріктіріп, мемлекеттілігін қалпына келтіруді батыл қолға ала бастады. Бұл істің басында зиялы топ пен олардың көсемі Әлихан Бөкейханов тұрды.

Әлихан Бөкейханның еңбектерінде XIX және XX ғасырлардағы әлемдік деңгейде өтіп жатқан тарихи оқиғаларға саяси-әлеуметтік тұрғыдан талдаулар жасалып, қазақ халқының тарихы, экономика мен мәдениеті, шежіресі мен тұрмыс-салты, отарлану тарихы да қамтылды. Төңкеріске дейін «Дала уалаяты», «Пікір», «Уақыт», «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа» сияқты газет журналдарда, Кеңес дәуірінде «Жаңа мектеп», «Темірқазық», «Жас азамат», «Жас қазақ», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» секілді мерзімді басылымдарға жариялап тұрған. Орысша мақалаларында «Туземец, Киргиз, Киргиз-Степняк, Сын степей, Статистик», қазақша мақалаларында «Қыр баласы, Ғали хан, Қалмақбай, Арыс ұлы» деген бүркеншек аттармен жарияланған.

XX ғасырдың басында қазақтардың дәстүрлі құндылықтары ығыстырылып, халық рухани күйзелуді бастан кешті. Әлихан Бөкейханов жалпыұлттық мақсатқа жету үшін ұлтты ұйыстырудың тетіктерін, яғни ұлтжандылықты, ауызбірлікті, ынтымақтастықты орнықтыруды алдыңғы орынға шығарды. Сондықтан да қазақ зиялыларын айналасына топтастырып, жол көрсетіп, ұйыта білген көшбасшыны халқы еркелетіп алаштың Әлиханы деп атады.

Әлихан Бөкейханов 1894–1926 жылдар аралығында төрт түрлі ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмысына қатысты: «Тобыл» экспедициясы; В.А. Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар; С.П.Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция; сондай-ақ 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясына қатысады. 1896 жылғы Орыс үкіметінің Ф.А.

Щербина бастаған экспедициясына мүше болып қатысқан Әлихан көшпелі шаруашылықтың жер пайдалану әдіс-тәсілдерінің заңдылықтарын тереңірек зерттеп-үйренді.

1896-903 жылдар аралығында бұл экспедиция Ақмола және Семей облыстарының он екі уезінен жинаған материалдар бойынша 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу болып Воронеж қаласында басылып шығады. Оның 4 томында Ә.Бөкейханов Павлодар уезіне қатысты еңбектері түгел жинақталды.

Осы кезге дейін мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық, қазына мал кіндігінде деп біледі. Мың қойды бір-екі қойшы бағатын жұрттың сиқы «тамақ, ұйқы, жалқаулық» – дейді. Адамды еріншектікке, жалқаулыққа, тоғышарлыққа душар еткен олардың тұрмыс-салттары ғана емес, халықтың ғылым-білімнен кенжелеуінен, қараңғылығынан деп білді [1].

Әлихан Бөкейханов қазақтың мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қойған, өркендетуге елеулі үлес қосқан азамат. Щербина экспедициясынан кейін 1903 жылы С.П.Швецов бастаған Сібір темір жолы бойында орналасқан Челябі мен Томск қалалары аралығын мекендеген қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедициясының бас қасында болады. Экспедиция мақсатына сай Ә.Бөкейханов қазақтың қой шаруашылығы, қазақы қойдың тұқымдары, жем азығы, жайылымы, малдың аурулары мен емдеу әдістері туралы мәліметтерді жинақтап зерттейді. Ол бүкіл қазақ даласы Жетісу, Сырдария бойындағы қазақтардың шаруашылығын да қамтып, салыстырып монографиялық еңбек жазып шығады. Бұл еңбегі экспедиция материалдарымен бірге «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» деген үш бөлімнен тұратын кітап болып 1904 жылы Том қаласынан жарыққа шығады. Ә.Бөкейхановтың монографиясы «Животноводство» атты 1 томның 1-кітабында жарияланады.

Ә.Бөкейханов ғылыми-зерттеу экспедициясына қазақ төңкерісінен кейін де араласқан. 1926 жылы КСРО ғылым Академиясының одақтас және автономиялық республикаларды жан жақты зерттеу мақсатында құрылған Ерекше Комитеттің құрамына Қазақстан бойынша тұрақты сарапшы қызметіне шақырылады. 1926-1927 жылдары Ерекше Комитеттің тапсыруымен С.П.Швецов басшылық еткен экономикалық, антропологиялық, этнографиялық экспедициясымен Қазақстанның зерттелмей кенже қалған өлкесі Адай уезіне аттанады. Уездің табиғатын, экономикалық жағдайын, мекендеген кіші жүз руларының тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын зерттейді. Уезд халқының құрамына тоқталып 27 болыстың 22-ін қоныстанған Адайдың қай жерді қыстап, жайлайтынын, мал санын, құдық шыңырау қазу әдісін, рулардың шежіресін схемаға түсіріп, алғаш рет генологиялық карта жасайды. Жинақталған материалдарды қорытып, «Адай уезінің қазақтары» (Казахи Адаевского уезда) деп аталатын еңбегін экспедицияның басқа материалдарымен бірге 1927 жылы Ленинградтағы академия баспасынан басылып шығады [2].

Ә.Бөкейхан қазақтың географиясын жан-жақты терең зерттеген ғалым. Жер – адамзаттың алтын бесігі. Қандай да бір халық, ұлт болмасын, оның дамуы жерге байланысты. Ол Қазақстанның қандай аймағында жер құнарлы, құнарсыз екенін өте жақсы білген. Сондықтан осыған орай қазақ халқы өзінің ыңғайлы, тиімді, сапалы шаруашылығын ұйымдастыруы қажет деген. Ә.Бөкейханов қазақтың көшпелі мал шаруашылығы отаршыл оқымыстылар айтып жүргендей жабайы, дөрекі, пайдасыз кәсіп емес, керісінше сан ұрпақтың мыңжылдықтар бойы жасаған тәжірибесінің негізінде сұрыпталған, қоршаған орта жағдайына бейімделген, табиғатпен адам әрекеті арасындағы бірлік-ынтымақты сақтап қалған, тұрақты өнім алуға болатын шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тамаша жүйесі екенін дәлелдеп береді.

Бұл тіршілік – үлкен талас, бір бәйге, жүйірік алады, шабан қалады. Жүйіріктік ақыл, ұсталық. Сондықтан қазақтарды қоныстас жаңа көршілерден шеберлікті, кәсібилікті, өнімді еңбек етуді үйренуге шақырды. Мейлі мал бақ, мейлі егін сал бірақ сол істе шебер бол, мал тұқымын асылдандыр, жерінді өнде, салған егінінді бапта. Қандай іспен шұғылдансаң да кәсіби шеберлік, іскерлік, білімділік қажет екендігін «Қырғыздар», «Павлодар уезі», «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» мақалаларында жан-жақты талдап, ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасады.

Заманның өзгеруіне байланысты дүние керегінің бәрін қолдағы алтынымызды беріп, бәрін сырттан сатып алып отырмыз дейді. Басқаларға жем болмай сауда серіктіктерін құру, әлеумет дүкендерін ашу керектігін бірігіп іс қылуға шақырды. Қазақ болмысын жаңа арнаға бұруды көздеп, әлеуметтік өзгерістерден артта қалмау үшін алдымен адам бойындағы бойкүйездіктен арылу қажет деп білді.

Ә.Бөкейханов этногенез, яғни халықтардың шығу тегі, тарихы мен мәдениеті, ру тайпалар шежіресі, қазақ жерлерінің ортарлану тағдыры туралы да маңызды зерттеулер жүргізген. «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры мен мәдени өркениеті» (1903 ж), «Дала өлкесінің түкпірлеріндегі орыс қоныстары» (1908 ж), «Қырғыздар» (1910 ж) және т.б. Бұл еңбектерінде қазақ этнонимінің шығуы мен қазақтарды қырғыздар атауының орыстар таңған қате атау екенін, қазақ-қалмақ, қазақ-орыс, қазақ-қытай қарым қатынастары, қоныстандыру және шоқындыру саясаты, ел билеу ісіндегі өзгерістерді статистикалық деректермен, дәлелді фактілер, мысалдармен көрсете берген. Мысалы: «Қырғыздар» деген зерттеуінде «Ұлтымызға жасалған зорлықта шек жоқ. Мемлекеттік Думаның депутаты Марков деген біреу бет ауызы қисаймай, шіміркпестен қазақтар бұлар Шыңғыс хан мен Ақсақ темірдің ұрпағы, сондықтан Америкада қызыл терілерді қалай қырса, біз де қазақтарды солай жойып жіберуіміз керек деп айтуға дейін барған. Тапа тал түсте мал айдап кету, жазықсыз абақтыға қамау, ата-қонысты тартып алу, әбден әдетке айналдырған отаршылар туралы «Орыстан досың болса, қойныңда балтаң болсын», «орыс келді қасқыр келді» деген сөздердің шыққанын Ә.Бөкейханов жасырмай айтады [3]. Ә.Бөкейханов ғылыми ізденістерінің ішінде тарихи құжаттарды да жариялап отырды, олар «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Абылайханова», «Из переписки хана Средней Киргизской Орды Букея ии его потомков», «Из переписки киргизских ханов, султанов».

Ә.Бөкейхан мемлекет, құқық, партия, дін, әбедиет т.б. мәселелер жөнінде де көп келелі ой-пікір, кеңес, ұсыныс берген. «Би һәм билік», «Русские поселение в глубине Степного края», «Серуен жасап зерттеу әдісі», «Мұғалімдерге хат: планеталар», «Хахас». «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қазақ жыры «Қобыландыдағы» әйел бейнесі» атты ғылыми-әдеби мақалалары мен сын, рецензиялар жазды. Әлихан бұл ойларын қазақтың ұлан-ғайыр даласын мекендеген халқының арасында баспасөз арқылы мақалалар, ашық хаттар түрінде таратты. Қазақтың көзі ашық оқыған азаматтарын осы мәселе төңірегінде талқылауға қатысуға шақырды. Мақсаты халықтың ұлттық сана-сезімін ояту. Жалғыз ақпарат көзі болған газет жұмысын жандандыру. Төңкеріске дейін төрт газетті ұйымдастырып, шығарып отырған. Оның үшеуі орысша «Омич», «Иртыш», «Голос степей» газеттерінде өзі редактор болса, қазақ тілінде тұңғыш рет жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Ал, төңкерістен кейін «Темірқазық» журналын шығарды. Жалпы ағартушылық идеясын тарату арқылы қазақты саяси сауаттандыруға, белсенділіктерін арттыруға, оятуға, өз тізгінін өзі ұстайтындай халге жетуге үндейді.

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің қазақ халқының болашақ дамуына пайдалы және залалды жақтарын жан-жақты зерделей келе Әлихан Нұрмұхамедұлы «Сайлау» атты мақаласында қазақ қоғамындағы келеңсіздіктердің себеп-салдарларын талдап-тарқатады. Мысалы: Ресей империясы әуелі халқымыздың аңғал, ақкөңіл, мәрт, жомарт,

қонақжай сияқты жақсы қасиеттерін пайдаланып, оның ішіне кірді. Халықты тұтастығынан айыру басты нысана етіп алынды. «Бөлшекте де, билей бер» деген қағиданы мықтап ұстанған орыс шенеуніктері біртіндеп өзара алауыз болып отырған елді кедергісіз, соғыссыз жаулап ала бастады. Енді, жаңа қоңсымыз жақыннан біздің осал жақтарымызды, руға бөлінушілігімізді, мансапқорлығымызды тағы басқа толып жатқан кемшіліктерімізді білген бойда ағайындар арасында дау-жанжалдар туғызуға лайықты әдіс-айлалар ойлап тауып отырды [4].

Ресейге қараған кезден бастап жалақорлық, даукестік, іштарлық, мансапқорлық сияқты келеңсіз әдеттер сахара жұрты арасында әсіресе ел тізгінін ұстаған кісілер бойынан көрініс бере бастады. Олар әртүрлі тәсілдер арқылы қазақтар арасында іріткі салудың, бір-біріне айдап салу саясатын ұстанды. Ауызбіршілігі мен шынайы ақ пейілділік сияқты жақсы қасиеттерін жоғалтқан, керісінше екіжүзділік, күндестік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттерді бойларына жұқтырған жаңа қазақтар қалыптасты. Қырда азды-көпті жаңаша хат танитындар көздерін домалақ арыз жазумен ашты. Сайлау науқаны әкені балаға, ағаны ініге қарсы қойып, руластардың арасына іріткі туғызды. Бірі асқа, бірі атқа сатылып сандалады дейді.

Жатжұрттықтардың көздеген мақсаты кең байтақ жердің асты-үсті байлығын иемденіп, халқына үстемдік етуге негізделген болатын. Оның қырағы көзі мен ақыл-пайымы дүние жүзіндегі барлық дамыған елдердің қоғамдық жүйелерін шолып шыққандығын, оның сол жылдардағы ғылыми-мақалаларынан байқаймыз. Әлихан Бөкейханның өрелі ой-тұжырымдарының негізгі алтын қазығы еркіндік идеясы болды. «Жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» деді.

Намысың мен жігеріңді қайрамасаң құлшылықта болудың өзі сенің еркінде болады. Ол сенің таңдау еркіндігің. Осы жағдайда Әлихан Бөкейхан «Екі жол» деген мақала жазды. Онда: «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласының құл кезіндегі салтында хұқы үшін талас-тартысы болмайды. Хұқы үшін таласу-тартысу орнында жылау болады. Бұл бір жол. Біздің замандағы салт: әркім хұқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім хұқы үшін жылау емес, хұқын талас-тартыспен қорғау. Міне бұл екінші жол».

1910 жылдардың өзінде Әлихан Бөкейхан «Қырғыздар» деп аталатын мақаласында, таяу болашақта далада қырғыз арасында, екі саяси бағытқа байланысты екі саяси партия құрылуы мүмкін, оның бірі – ұлттық-діни, қазақтарды басқа мұсылмандармен біріктіруді мақсат етсе, екіншісі батыстық деп жазған болатын. Сол кездің өзінде ұлттық көлемдегі саяси сананың қалыптасып, соған сол кезеңдегі қалыптасып отырған тарихи шындыққа нақты сараптамалар жасалғанын көреміз.

Ғылыми жетекші: Таймуратова Л.У.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада жеке тұлғаға бағытталған білім берудегі әдіснамалар қарастырылған. Оқушылардың танымдық белсенділігін көрсетуі үшін, мектеп оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мен дамыту туралы қарастырады. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды пайдаланып қана қоймай, оны жасау және пайдалану туралы айтылады.

Түйінді сөздер: жеке тұлға, интеллектуалды ұлт, бағдарланған оқыту, оқыту технологиясы.

Қазіргі индустриялы, жаһандану заманында білім беру жүйесінің мақсат-міндеттері, мазмұны және жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің мазмұны түбегейлі өзгерді. Жаһандану заманындағы барлық қоғамдық жүйенің өзгеруі орай, оның басты нысаны «адам» болғандықтан, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени салалардың басты бағдары мен құндылықтарының өзгеруі, жаңа ғасырда білім беру жүйесінде демократия мен ізгілік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етуде.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – «ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетіліп, онда білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Осындай міндеттерді жүзеге асыру үшін Елбасы Н.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын

ұсынды. Интеллектуалды ұлт болу үшін тұлғаның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, психологиялық, моралдық ерекшеліктері мен әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуына баса назар аудару қажеттігі туындап отыр [1]. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің міндеттерінің өзгеруіне орай, білім берудің үш тұжырымдамалық үлгісі анықталды. Олар:

1. пәнге бағытталған білім беру үлгісі;
2. тұлғаға бағдарланған оқыту үлгісі;
3. пәндік және тұлғаға бағдарланған оқыту үлгілерінің кіріктірілген түрі–ынтымақтасу үлгісі.

Білім беру парадигмасының өзгеруіне орай, жеке тұлғалық парадигмаға көшу қазіргі білімнің басты тенденцияларының бірі болып саналады.

Бұл – технократтық қоғамның дағдарысынан туындаған адам жайлы ойлаудың тереңдігінің көрінісі. Тұлғалық парадигма білімнің мөлшерінің өсуі, ондағы бірсарындылық сияқты құбылыстарды мойындамайды, керісінше ол оқу үдерісіндегі ішкі ізгілікке негізделеді [2].

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру дегеніміз, педагогикалық іс әрекеттің әдіснамалық жаңа бағыты, яғни баланың қайталанбас дара тұлға ретінде өзін-өзі тануын, өзін - өзі жетілдіре отырып дамытуын қамтамасыз ететін өзара тығыз байланысты идеялар, түсініктер және іс - әрекеттер жиынтығы.

Жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиясының мақсаты: оқушылардың танымдық белсенділігін көрсетуі үшін, мектеп оқушыларының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мен дамыту, өзіндік оқу іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Білім беру үдерісінде оқытушы білімденушілердің жеке тұлғалық даралық болмысын дамытуға «барлығы әрқайсысын жеке және әрқайсысы барлығын оқытады» деген қағидасын педагогикалық жағдай жасау мақсатында жүзеге асырады. Ұжымдық жұмыстың жеке тұлғалық бағыты саралап оқыту қажеттіліктерімен айқындалады.

Саралап оқыту оқу ісін білімденушілердің бейімділіктерін, мүдделері мен байқалған қабілеттерін ескере отырып, бірақ олардың жалпы даярлығының базалық деңгейін төмендетпей ұйымдастырудың тиімді нысаны.

Саралап оқыту адамның қажеттіліктерімен мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау арқылы оның біршама дамуына бағдар ұстай отырып, оқу процесін ізгілендіреді [3].

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, саралап оқытудың мақсаты қоғамның шығармашылық интеллектуалдық, кәсіптік әлеуетін қалыптастыруға, қоғамның әрбір мүшесінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануға ұмтылуға мақсаткерлікпен әсер ету. Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

1. Интерактивтік тақта;
2. Мультимедия;
3. Интернет кеңістігі;
4. Электрондық оқулық.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электрондық оқулықтарды пайдаланып қана қоймай, оны жасау және пайдалану. Сондықтан білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім сапасының өсуіне мүмкіндік туғызады.

Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесінде материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқулықтардың атқаратын ролі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба тәсілдері арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп және мида бекіту үрдістері ұтымды болады.

Электрондық оқулықтар оқытудың модульдік технологиясы негізінде жасақталады. Әр сыныптың білім мазмұны модульдерге бөлініп, әр тақырып бірізділікпен, жүйелі түрде беріледі. Оқушылар электрондық оқулықтағы интерактивті тапсырмалармен жұмыстана отырып сабақта алған білімдерін кеңейтеді, өз бетімен шығармашылықпен жұмыстануға дағдыланады. Алған білімдерін өзбетімен тексеру үшін тест тапсырмаларын орындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://multiurok.ru/files/bilim-bieru-zhuiiesindieghi-zhiekie-tu-lg-ag-a-bag.html>
2. Т.И. Шамова, Т.М. Давыденко, Г. Н. Шибанова. Управление образовательными системами.; – М.: Издательский центр «Академия», 2005.
3. Е.С.Полат, М.Ю.Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. –М.: Издательский центр «Академия», 2002.

УДК 378

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ НА СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ

Сатыбалдыев Н.Б.

Научный руководитель: Жилкишбаева Г.С.

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Ақтау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается анализ влияния цифровизации на систему образования. Проанализирован научный взгляд влияния цифровизации на систему образования. Выявлены плюсы и минусы влияния цифровизации на образование. Описаны перспективы и тенденции влияния цифровизации на систему образования.

Ключевые слова: цифровизация, система образования, образование, цифровое образование, цифровые технологии.

Вопрос цифрового образования, использования со временных информационных технологий в образовании не является чем-то новым. Заинтересованность применения цифровых технологий в образовании начал волновать ученых и преподавателей почти сразу, наряду с тем, как в повседневную жизнь начали внедряться современные технологии связи (интернет) и повсеместное использование компьютеров. Причем, данный интерес к цифровизации в системе образования поначалу возник в странах запада, по причине более стремительного развития цифровых (электронных) технологий. Так, в 2002 году американские ученые Д. Джонсон и Л. Бакер издали один из первых научных трудов о цифровизации системы образования под названием «Оценка влияния технологий в преподавании и обучении». Джонсон и Бакер одни из первых высказали возможность применения цифровых технологий в образовании. В своей монографии авторы описали на свой взгляд возможные плюсы и минусы

цифровизации образования в разных сферах образования: когнитивной, аффективной, в успеваемости учащихся, в образовании взрослых, в изменениях в педагогике, в улучшении технологических навыков педагога и в технологической интеграции.

Если говорить в целом, проанализировав научные труды о цифровизации в образовании, то их можно разделить на две составляющие: первая часть авторов заявляют о многочисленных плюсах данного процесса, активно сами используют цифровые технологии в образовании и всячески продвигают их использование. Здесь можно выделить таких авторов, как Г. Гейбл, Д. Седера, Т. Чан, Г. Гэскел, С. Гхош, Е. Мансур, А. Томшик, М. Веллер.

Вторая часть авторов ставят под сомнение активное использование цифровых технологий в образовании, считая, что оно несет больше минусов, чем плюсов. Тут стоит отметить таких авторов, как Р. Мустафаоглы, Я. Алдхамди, Хэй Чу. Тем не менее, процесс цифровизации в системе образования зарубежом идет активно. Особенно он затронул высшую школу, во многих западных учебных заведениях развита система дистанционного образования (так называемые «открытые университеты»), в том числе получение дополнительного образования и переквалификации.

В Казахстане этот процесс стартовал относительно недавно, в конце 2010-ых годов. Причем, в Казахстане есть отличия от запада. Если в западных странах цифровизация системы образования началась с высших учебных заведений, то в Казахстане в качестве пилотного проекта цифровизация системы образования началась со школьного образования. Средние школы включают в себя следующие элементы цифровизации образования:

- 1) внедрение информационных технологий в образовательный процесс;
- 2) повышение уровня ИКТ-компетенции педагогического состава;
- 3) создание новых форм образовательного контента;
- 4) обновление IT-инфраструктуры города в части образования.

К 2024 году элементы моделей цифрового университета должны быть внедрены во всех Казахстанских ВУЗах, у каждого студента должен быть доступ к востребованному образовательному контенту, эффективным технологиям обучения, цифровым сервисам поддержки. Основным элементом обновленной модели цифрового университета должны стать большие данные, при помощи которых ВУЗы смогут управлять образовательными траекториями студентов.

У цифровизации образования есть как и плюсы, так и минусы. Рассмотрим их поподробнее.

Плюсы цифровизации системы образования:

1. Отсутствие бумажного документооборота.

Переход к цифровизации системы образования позволит значительно снизить количество бумажных документов, учебников, конспектов. Весь документооборот образовательный процесс (или значительная их часть) перейдет в электронный формат.

2. Экономия средств.

Поскольку образовательный процесс перейдет в электронный формат, это позволит сэкономить существенные средства. Образовательным учреждениям уже не нужно будет тратить средства на образовательную инфраструктуру (здание, оборудование аудиторий), студентам не нужно будет тратить средства на учебники, канцелярию. Кроме того, снизятся транспортные издержки как у преподавателей, так и студентов.

3. Экономия времени.

Благодаря цифровизации учебного процесса получится существенно экономить время. В первую очередь, это касается расходов времени на дорогу до места обучения.

Во многих крупных городах студентам и преподавателям приходится тратить в день по несколько часов, чтобы добраться из дома до образовательного учреждения и обратно.

Минусы цифровизации системы образования:

1. Вероятность снижения качества образования. При переходе к цифровизации системы образования упасть. Особенно это касается технических направлений, где в образовательном процессе необходимо проведения лабораторных занятий с применением специализированного оборудования.

2. Снижение когнитивных способностей.

Использование современных технологий, в том числе Интернета, могут негативно влиять на когнитивные способности человека. Человек попросту перестает запоминать нужную информацию, записывать ее, проще найти ее в Интернете. Это все приводит к снижению творческих способностей.

3. Отсутствие социализации.

При дистанционном образовании теряется возможность живого общения и взаимодействия между самими студентами, так и между студентами и преподавателем. Человек является существом социальным, ему попросту необходимо живое общение для всестороннего развития личности. Цифровые технологии могут лишить человека подобного взаимодействия.

Подводя итог, стоит сказать, что процесс цифровизации системы образования неизбежен. Несмотря на имеющиеся минусы и трудности перехода в цифровую среду, сейчас цифровое образование является попросту необходимостью.

ЛИТЕРАТУРА

1. Государственная программа «Цифровой Казахстан» от 12 декабря 2017 года
2. Гэйбл Э. Цифровая трансформация школьного образования. Международный опыт, тренды, глобальные рекомендации [Текст] / пер. с англ.; под науч. ред. П. А. Сергоманова; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. — М.: НИУ ВШЭ, 2019.

ӘОЖ 93. 902/908

ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бөпежан Р.С.

Ғылыми жетекші: Байшов Б.Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда әлемдік өркениет пен тарихта «Ұлы дала» атауымен танымал еліміздің әр өңірінің тарихи-мәдени ерекшеліктері бар. Сол секілді Маңғыстау өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің де қазақ даласындағы археологиялық сәулет өнері ескерткіштерінен өзіндік айымашылықтары бар. Осы ерекшеліктерді ескере отырып жазылған шағын зерттеуімізде өңіріміздегі Нұрмағанбет, Жұлдыз күмбездары мен Үшкүю, Көкжал бекіністерінің археологиялық сипаты мен ерекшеліктері көрсетілді.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, күмбездар, кесене, өркениет, Каспий.

Біз жаңа дәуірде Алтайдан Днепрге дейінгі Евразия сахарасында әрі сулы (өзенді), әрі таулы, әрі далалы өркениет болғанын білуге тиіспіз. Ұлы Жібек жолындағы халықтың 20%, ал дәл сол кезде Батыс Еуропада ортағасырлық қалаларда халықтың 12% шоғырланғандығын айта келе, біздің жеріміздегі өркениет қала мен дала мәдениетінің қосындысы екендігін дәлелдеудеміз.

Кеңестік кезеңде көшпенділіктің әлемдік өркениеттегі орны мен рөлі біржақты түсіндірілгендігі белгілі. Осы кезеңдегі идеологиялық қысымға қарамастан Л.Н.Гумилев көшпенді халықтардың тарихы, мемлекеттілігі, этникалық тегі, мәдениеті туралы кешенді зерттеулерін ғылыми қауымға ұсынды. «Ұлы дала» терминін ғылымға әкелген санаулы ғалымдардың басында Лев Николаевич Гумилев тұр деп айтуға толық негіз бар. Л.Н.Гумилев ұшы-қиыры жоқ, жазы ыстық, қысы суық қатаң континентальды климаттық ерекшелігі бар даланы жадағай һәм дәлелсіз «ұлы» демейді, керісінше салыстырмалы түрде тұрмыс-тіршілік пен шаруашылыққа қолайсыздау табиғи ортамен үйлесімді өмір сүрген, сол даламен жарасқан, қайталанбас далалық өркениет пен мемлекеттілігін қалыптастырған көшпелі халықтардың елдік парасат-пайымын ғылыми жүйемен дәлелдей алды.

Арғы ата-бабаларының аруағын сыйлап, қастерлі тұтатын біздің дана халқымыз туған жерінің тау-тасы, өзен-суы, даласын да қасиетті де киелі санады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстанның батысындағы Каспий теңізімен шектесіп жатқан киелі Маңғыстау өңірінде де өзіндік ерекшеліктері бар өркениет дамыды. Көптеген деректерде жеріміз —«Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстау» деп айтылып жүр. Ал сол көшпелілердің қалдырған материалдық және рухани мұраларын біреу білсе, біреу білмес. Олардың қалдырған мұраларының басқа өңірлерге қарағанда өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы Маңғыстаудың салт-дәстүрлері, діни сәулет ескерткіштері, этнографиялық заттай деректері күні бүгінге дейін жақсы сақталған. Ал енді өңіріміздің ерекшелігі саналатын архитектуралық тарихи-мәдени ескерткіштердегі дала халқының қолтаңбаларының ерекшеліктерін зерттеу үшін тұтас бір ғылыми кешенді жұмыстар жүргізу де артық болмайды.

Маңғыстау өңіріндегі «Қазақстанның қасиетті орындары» ретінде ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, діни сәулет ескерткіштері кесене, күмбезтам, тарихи қорған-қамалдар болып есептеледі. Маңғыстаудың киелі орындары саналатын сәулет ескерткіштеріне Қараман Ата, Нұрмағанбет, Сисем Ата, Есенберлин Ата қорымдарын айтуға болады. Маңғыстауда дала төсіндегі күмбезтамдардың ерекшелігі - өте биік, порталды, астыңғы тұрған тастарына дейін бір тұтас етіп бір тастан салған. Олардың көбісі іші-сырты өңделген қиматаммен салынған. Қабырғалары әртүрлі бояумен көрсетілген, күмбезі мен найзатастарында да ою-өрнектер кездеседі. Екінші ерекшелігі - ішкі қабырғаларында араб-эпиграфикалық жазбалар жазылады. Ол жазулар – біріншіден мазарда жатқан кісі әулетінің қолтаңбасы, екіншіден - жерленген адамның есімі, қайрудан екенін және осы құрылысқа кеткен шығын көлемін білдіреді [1].

«Ата-бабаларымыз баяғы кезде далалық өсімдіктер - жусан, адыраспан, жоса, томарбояу мен топырағын түгел қайтатын жасаған бояудан әртүрлі ою-өрнектерді салған. Өңірімізде күмбезтам салатын арнайы шеберлер болған» - дейді ауыл үлкендері өз әңгімелерінде. Әйтседе олардың бояуды қандай материалдан жасайтындығы әлі күнге дейін белгісіз. Аталған ескілердің бояулары күні бүгінге дейін мін құрамай сақталып келеді. Ауылдағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тағы бір ауызекі деректерде «Күмбезтам салу-екінің бірінің қолынан келе бермейтіндігі, бұл да нан табудың бір түрі екендігі айтылады және шеберлер тапсырыс келген уақытта қасына дорбасын, құрал-сайманын алып шөп жинауға кетіп қалады екен. Бірақ қасына адам алмайды. Құпияны жанынан артық сақтаған ғой. Егер бояудың құпиясын кім көрінген білсе ол жұмысынан айырылып

қалады емес пе?»-делінеді. Кеңес өкіметі орнаған соң Маңғыстаудағы бұл құрылыстарға адамзат тарапынан және қатал табиғат әсерінен үлкен зиян келді. Себебі жер-жерде жалған зерттеушілер көбейіп, алтын іздеп, барлығын қирандыға айналдырды. Кейін 60-жылдары талай-талай мұнайға қатынаушы көліктер үстіндегі жүктерді түзеп алу үшін тамдар және күмбезтамдарға әдейі соғып, олардың қабырғаларына зиянын тигізді. Оның үстіне жеріміз ащы, шөлейтті болған соң да табиғи эрозияға ұшыраған. Маңғыстаудағы ерекше күмбезтамдарға Нұрмағанбеттің Күмбезтамы, Қараман Атадағы Шойынбай күмбезтамы, Жұлдыз күмбезтамы секілді сәулет ескерткіштерін жатқызуға болады. Ал сол күмбезтамдардың кейбіреулеріне жеке-жеке тоқталып өтсек:

Нұрмағанбеттің күмбезтамы - XIX ғасырдың аяғы – XX ғасыр басына тән ескерткіш. Таушықтан Ақтау қаласына жүретін ескі жол бойында, Ақтаудан солтүстікке қарай 35 км жерде осы аттас қорымның орталық бөлігінде орналасқан. Нұрмағанбет күмбезтамының биіктігі 6, 55 м, өлшемдері 3, 57х4, 89 м, жоспарда төртбұрышты, төбесі күмбезді, аласа бір сатылы цокольге орнатылған бір бөлмелі, табиғи әктастан қаланған ғимарат. Күмбезтамының алдыңғы беті оңтүстік-батысқа бағышталған, төртбұрышты ойығы мен парапеті бар. Қабырғалары екі бетінен өңделген қиыстырылған жазық тастардан құрастырылып, ортасы саз балшықпен аралас уақ тастармен толтырылған. Дулыға тәрізді, биік барабанды, әшекейлеп қашалған үшкір найзатасты күмбезі бір-біріне нақыштап қиыстырылған жазық тастармен жабылған төбеге орнатылған. Төбесі ішкі жағынан «жалған күмбез» әдісімен бұрыштарын иілте отырып қаланған. Фасадтары мен интерьерінің қабырғалары жазықтықтары әртүрлі тақырыптағы түрлі-түсті ою-өрнектер мен суреттер арқылы безендірілген. Негізгі фасадтағы ою-өрнек парапет арқылы симметриялы орналастырылған. Бояулары ашық, қанықтығымен ерекшеленеді. Бұл ескерткіш - халық шебері Омар Қырымқұлдың туындысы. Мемлекет қорғауына алынған [2, 7-6]. Жұлдыз күмбезтамы- XIX ғасыр ескерткіші, Қарақия ойпатының оңтүстік-батыс жағында, Құрық кентінен солтүстік-шығыс жақта 25 шақырым жерде орналасқан. Күмбезтамның биіктігі 3, 60 м жоспарда тікбұрышты, күмбезді, бір бөлмелі, табиғи әктастан қаланған, фундаменті жоқ ғимарат. Қабырғалары сом тастардан қаланып, сыртқы бетінен өңделген әрі қиыстырылған жазық тастармен беттелген. Күмбезтамның алдыңғы фасады оңтүстікке бағытталған, кіріс ойығы бар. Күмбезі өңделмеген тастардан қаланған. Тамның оңтүстігінде жасалған кіру ойығы жанында қойылған таста «Қосай, Сүйіндік Қожабекұлы Маңдай Жұлдыз осында жатыр. 1743-1806 ж.ж. Тас қойған Қарауылбек» деген жазу бар. Қорымы мемлекеттік есепке 2004 жылы алынған [2, 20-6].

Маңғыстаудағы осы уақытқа дейін көп зерттелінбеген сәулет ескерткіштері қатарына Маңғыстау қамалдарын да жатқызуға болады. Қамалдардың ерекшелігі - өңірімізге тән, керуен сарайларды қорғау мақсатында салынған болуы мүмкін деген ғалымдардың болжамы бар. Олардың орнында қазіргі кезде сонау оғыз-қарлұқ заманынан XVIII ғасырға дейінгі уақытты қамтитын бекіністердің үйінділері сақталған. Маңғыстау қамалдарының өзіне тән ерекшелігі-қамалдың үш жағы адам баласы шыға алмайтын, құлама-құз, тік жартастан және жазық бетіне бекіністердің салынуы. Қорғаныс және аңшылық мақсатта салынған 2,6 метрден 18 метрге дейін жететін бастияндары (мұнаралары) бар. Мұндай жар, құз мен жартастардың тасасына тиімді географиялық жағдайларды ескере отырып салынған қамалды жаулап алу мүмкін емес. Аталған бекіністердің биіктігі 2 метрден жоғары және жергілікті сом тастардан қаланған. Олар солтүстік-шығыстан солтүстік-батыс бетке, яғни жел келетін жақтан Қаратау, Бозащы бетіне қарай созылып салынады. Маңғыстауда қазіргі кезде мемлекет қорғауына алынған және ең танымал бекіністер-қамалдарға Көкжал қамалын, Ұқшы, Қарлыбас бекіністерін және т.б. жатқызуға болады. Құлпытастағы көне жазбаларды оқи алатын

өлкетанушы Нұрлан Құлбай: «Маңғыстау қамалдары XI-XII ғасырларда салынғандықтан, оларды отырырықшы шығыстан келген тайпалардан қорғану мақсатында салуы мүмкін» - деген болжамын айтты [3].

Үшқұю бекінісі - XII-XIV ғасырларға тән ескерткіш, Жетібай кентінен солтүстік-батысқа қарай 28 шақырым жерде, Мұнайлы ауданының аумағында орналасқан. Қарақия ойпатының теңізге қарай құлайтын биік басында, жардың ернегінде және ұшпаның астында тасаланған бірнеше сатылы террасада шоғырланған. Бекітілген елді мекеннің орны 150 шаршы метр жерді алып жатыр. Жардың ернегінде, төменгі террасадан 3 м жуық биіктікте, өңделмеген сом тастардан қаланған мықты 6 қорғаныс мұнаралары бар. Олар бір-бірінен 30 метр, яғни оқ жетердей қашықтықта, ұшпаны жағалай орналастырылған. Бұл қырдан келіп, жоғарыдан қауіп төндірген жауларды ұшпаның астындағы елге жолатпай, мұнаралардан оқ жаудырып қорғану мақсатында салынғаны айқын. Бекіністің төменгі бөлігінде адамдар шаруашылықта ұзақ уақыт пайдаланған құдық көзі, таудың баурайын жағалап келетін жалғызаяқ жол бар. Елді мекен аумағы төменгі жақтан тас қоршаумен бекітілген болуы керек, қазіргі таңда өте үлкен сом тастардан қаланған қақпасы сақталған. Бекіністің «қақпасының» екі жағындағы тастарда оғыз-түрік тайпаларының тамғалары кездеседі. Аталған тарихи-мәдени ескерткіш 2004 жылы мемлекет қорғауына алынған [2, 18-б.].

Көкжал бекінісі (ел аузында - Ұзынбастың қорғаны) – XVI-XVII ғасырлардағы ескерткіш, Емір ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым, Құйылыс насосты станциясынан 8 шақырым жерде орналасқан. 2004 жылы облыстық тарихи-мәдени қорық экспедициясы барысында анықталды. Бекініс - Маңғыстау өңіріне тән, табиғи ортаның мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, жартастардың мүйісінде, негізгі керуен, көш жолдары маңдарында орналасқан қорғаныс бекіністерінің бірі. Үш бетінен ұшпамен (тік жартастармен) шектелген жардың мүйісінің екі шеті өңделмеген тастан қаланған мықты қоршаумен жалғанады. Қалыңдығы бірнеше метрге баратын қабырғаның екі бетін үлкен сом тастармен қалап, ортасын саз балшықпен аралас уақ тастармен толтырады. Бұл қабырғаның бойында садақшыларға арналған, арнайы ойықтары бар бекітілген мұнаралар орналастырылады, ішкі бетінен жауынгерлерге арналған тас баспалдақтар, жасырын қақпасы болады. Көбінде ұшпаның бойымен төменге түсетін арнайы жасырын жалғызаяқ жолдар орналастырылады.

Көкжал бекінісінің ұзындығы 110 метр болатын қабырғасының биіктігі 2 метр, кейбір жерлерде 3 метр, қалыңдығы 1,5-1,8 метр. Бұл бекіністің ерекшелігі - мұнаралары жоқ, ал қорғаныс қабырғалары иректеліп орналастырылған. Бір бетінде қабырға мүйістің ұшпасына жалғанбай аяқталған, бұл жерде ені 1,5 м-ге жуық ашықтық бекініске кіретін есік ретінде қалдырылған: жауды кіргізбей ұшпадан құлатып жіберуге ыңғайлы. Бекіністің ішкі жағында ұшпадан түсетін жасырын жалғызаяқ жол бар. Қабырғаның үстінгі жағында ішкі бетінде садақшыларға арналған оймалар бар, оларға шығу үшін арнайы баспалдақтар жасалған. Барлығы осындай 18 «ұялар» тіркелді. Екі жерде қабырғаның тастарында ойылған ортағасырлық таңбалар бар. Осы аталған таңбалар Осман империясын құрған Оғыздың Қайы, Салу, Байандур руларының белгілерімен бірдей. Аталған қорғандарды зерттеу мақсатында арнайы археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген және мәселе алдағы уақытта өз зерттеуін күтіп отыр. Ескерткіш мемлекеттік есепке 2004 жылы алынған [2, 19-б.].

Көтеріп отырған мәселеміз тұрғысында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы

керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз... Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды» [4] деу арқылы қазақ елінің киелі тарихи орындарының маңызын ашып көрсеткен болатын. Осы тұрғыдан алып қарағанда да, біздің көтеріп отырған зерттеу тақырыбымыз мемлекеттің отандық тарихты қолдауға арналған саясаты аясында қарастырылды деп нық сеніммен айта аламыз.

Каспий теңізі іргесіндегі Маңғыстау түбегіндегі ежелгі дала өркениетінің бір бөлігі болып табылатын оғыз-түркі дәуірі, одан беріректегі дала халықтарының архитектуралық сәулет өнері ескерткіштері әлі де кешенді түрде зерттеу үшін өз кезегін күтуде. Осы тұрғыдан аталған мақалам аясында жас ұрпақ өкілі ретінде бұл мәселеге тарихшылардың назарын аударуға мүмкіндік туды деп есептеймін;

Сонымен қатар, өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерін көрсету арқылы өңірдегі далалық өркениеттің аясында дамыған қолөнер, ұсталық, құрылыс саласының да дамуының өзіндік ерекшеліктері болғандығын айтуға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанбауыл ата Сырым батырдың дос! Адай-Байбақты! 24.06.2018ж. // <https://youtu.be/НyZlIz1SGLQ>. Жүгіну мерзімі: 11.11.2021 ж.
2. Мерейлі мекен – Мұнайлы: дерекнама-ақпараттық, энциклопедиялық жинақ. Құраст.: Я.Қ.Аталықов, Ү.Жәлеке. Алматы: Бадамұра-М, 2011. – 248 б.
3. Н.Құлбай, өлкетанушы. Қарақия. Ұзынбас бекінісі. Аққар көтерілім // <https://youtu.be/v7JvWBeTVvM>. Жүгіну мерзімі: 17.11.2021ж.
4. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017ж. // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynup. Жүгіну мерзімі: 17.11.2021ж.

ӘОЖ 159.923.35:378 (043.3)

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІНЕ ТАЙМ–МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЫҚПАЛЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алмағанбетова Қ.

Ғылыми жетекші: Бегимова М.М.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Қазіргі таңда уақыт тапшылығының әсері ЖОО студенттерінің жетістікке жетуіне, оқу барысындағы мансаптық өсуіне ықпал етіп отыр. Уақыт тапшылығынан түрлі эмоционалды келеңсіздіктерге келуі қоғамда елең алып, оқу барысындағы стрестік күйлерге түсу жағдайын туғызды. Бұл тұрғыда студенттердің эмоциясын ұстай алмауы, эмоциясын басқара алмай қақтығыстық жағдайларға келуі,

студенттердің эмоционалдық күйінің тұрақсыздығы байқалады. Мақала тайм-менеджменттің эмоционалды интеллектке ықпалын және оның қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерін талқылайды.

Түйінді сөздер: Эмоционалды интеллект, тайм-менеджмент, эмоционалды күй, өзін-өзі басқару.

Адамдардың өз уақыттарын үнемді пайдалану мен оны басқару мәселесі бұрыннан келе жатқан өзекті мәселерді бірі. Басқару адамзат іс-әрекетінің ертеден келе жатқан саласы. Басқару психологиясы туралы неміс зерттеушілері В.Зигерт және Л.Ланг: «Басқару – алдыға қойылған мақсатқа адамдарды және материалдық құралдарды ізгілікпен, үнемді және рационалды пайдалану арқылы қол жеткізу» деген анықтама берген. Адамзат тарихындағы мол материалдық және әлеуметтік құндылықтар адамдардың үйлестірілген жұмыстарының нәтижесінде ғана жасалып, қалыптасты. XX ғасырға дейін басқару ғылыми зерттеудің дербес саласы болып саналмаған. 1911 жылы Фредерик Уинслоу Тейлор «Менеджмент» немесе «Фабриканы басқару» атты кітабында басқару еңбегінің негізгі ұстанымдарын (принциптерін) атап көрсетті. Өткен ғасырдың 30–шы жылдарында менеджмент теоретиктері еңбек әрекетіндегі адамның мотивінің роліне ерекше назар аудара бастады. Ол басқаруда адамның іс-әрекетінің орны мен мәніне назар аударудағы үлкен жетістік болды. Басқарудағы мұндай жетістік «экономикалық адам» түсінігінің орнына «әлеуметтік адам» түсінігін енгізіп, Элтон Мэйоның «адамдар қарым-қатынасы мектебінің» дамуына негіз болды. Бұл мектептің ұстанымы бойынша өндірістік ұйым белгілі тұтас бір әлеуметтік дене, ал онда қызмет істейтін адамдар сол әлеуметтік жүйенің мотивтік, тұлғалық, дара-психологиялық сапаларының көрсеткіші - деп қарастырылды. Э.Мэйоның «адамдардың қарым-қатынасы» менеджмент практикасына мынадай түзетулер:

1. Адамның әлеуметтік қажеттіліктеріне көбірек көңіл аудару;
2. Еңбекті шексіз мамандандырудан бастарту;
3. Ұйым ішіндегі билік иерархиясынан бастартудың қажеттілігі;
4. Өндіріс ішіндегі адамдар қарым-қатынасының формальды емес түрін барынша қалыптастыруды;
5. Ұйым ішіндегі формальды және формальды емес топтарды зерттеу әдістерін жетілдіруді енгізді [1].

Америка құрама штаттарының белгілі оқымыстылары Э.Мэйо және Ч.Барнард 1938 жылы бірлесіп «экономикалық адам» түсінігінің орнына «әлеуметтік адам» түсінігін ұсынуының басты себебі өзі тікелей басқару жұмысымен айналысқан Ч.Барнардты ұйым туралы қалыптасқан түсініктің қанағаттандырмауы болды. Ол ұйымдағы топтарға назар аударылмағанын байқап, сол топтардың құрылымын талдау қажеттігін түсінді. Сонымен қатар зерттеуінің тағы бір жағымды жағы оның адамды ұйымның стратегиялық факторы деп бағалауы болды. Ч.Барнард ұйым жұмысында басқарушының орнын ерекше атап, оның қызметіне:

- шешім қабылдау өнері;
- келешекті көре білу негізінде мақсат қоя білу;
- ұйымның сызбасы мен персоналды басқару құрылымындағы қарым-қатынас жүйесі туралы нақты түсінігінің болуын;
- ұйымдастыру моралін жасап, қалыптастырудағы ролін көрсетіп, осы сапаларды басқарушының басты міндетіне жатқызды. Сондай – ақ ол көшбасшылыққа ерекше назар аударды. Ч.Барнард стимул мақсатқа байланысты, мақсат үнемі өзгеріп отыратын ортада адамның табандылығын жеке сенімін жандандырып, кооперацияны біріктіретін күш деп таныды. Э.Мэйо және Ч.Барнард ұсынған «Адамдар қарым-қатынасы»

тұжырымдамасын Массачусет университетінің профессоры Дуглас Марк Грегор, Мичиган университетінен Д.Лайкерт, Иель университетінен К.Арджирис қолдаған. Ұйымдағы қарым-қатынасты жақсартудан басқарушы да бағыныштылар да ұтатындықтан бұл оқымыстыларды көбіне «адам ресурсы» тобы деп атаған [2].

Үйрету теориясы. И.П.Павловтың, Д.Б.Уотсонның, Б.Ф.Скиннердің еңбектерінде басқарушы мен бағыныштылардың арасындағы кері байланыс орындаушының қабілетіне сәйкес ақылға қонымды еңбек ету сферасын анықтау мадақтау және жазалау (үйрету) жүйесіне негізделген. Үйрету теориясының негізі - организмнің сыртқы тітіркендіргіштерге жауабы- рефлекс болып табылады. Рефлексдер туа берілген (шартсыз) және тәжірибенің арқасында жасалатын шартты болып бөлінеді. Туа берілген рефлексдер көбінесе санасыз акттерде, сезімнің күрделі гаммасында, эмоцияда, қалауда, сондай ақ ерік пен шешімділікті талап ететін мінез-құлық актілерін қалыптастырады. Шартсыз рефлексдер тәрбиенің, білім алудың және әлеуметтік тәжірибенің әсерінен тежелетін және өзінің көрінісінде шектелетін тұлғаның инстинктивті мінез-құлқын анықтайды. Шартты рефлекс бұл теорияны жақтаушылардың пікірі бойынша ойлау мен мінез-құлықтың стереотипін қалыптастырады және адамның мотивациялық жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

И.П.Павловтың пікірі бойынша адамның мінез-құлқының бір негізі туа берілетін шартсыз рефлексдермен іргелес тұратын білуге құмарлық, жаңаны сезіну, еңбекте жетістікке жетудің алғышартын жасайтын мақсат рефлексі (басқаша айтқанда-бағдарлау). Бұл қуатты рефлекс өнертапқыштардың, түрлі коллекционерлердің, тіпті сүйіспеншіліктің таңқаларлық табандылығын түсіндіреді. Мақсатына табанды түрде ұмтылу түрлі ұжым басшыларына және барлық шығармашыл тұлғаларға тән қасиет. Алдына қойған мақсатына жетуде кездесетін түрлі қиындықтар оларды белсенді іс-әрекетке жетелейді. Басқару психологиясының тәжірибесінде үйрету теориясы адамның ұжымға бейімделуінде кеңінен қолданылады. Себебі адамның мінез-құлқы мен социум өзара тәуелді. Ұжымға бейімдеу нәтижесінде қарым-қатынастың реттелуі адамға да ұжымға да пайдалы. Адамның қоғамдағы іс-әрекеті үнемі бағаланып, мадақталып және талқыланады. Мінез-құлықтың жағымды және жағымсыз жақтары қалыптасқан норма мен ережелерге сәйкес реттеледі.

Жалпы басқару мәселесінде «тайм менеджмент» ұғымы XX ғасырдың 50-90 жылдары аралығында ғылыми қолданысқа енгізілді. Тайм менеджмент басқарудың бір бағыты ретінде уақытты басқару, уақытты тиімді пайдалану, тұлға тиімділігін арттыру мәселелері туындағанда жеке қарастырылды [1].

Ұйымды басқару туралы өз көзқарасын ескере отырып, классикалық ғылыми басқару, бұл жағдайда пассивті құндылық ретінде әрекет ететін қызметкердің жеке тиімділігін арттырудың жалғыз көзі, өндірістегі ақыл-ой, басқарушылық және шығармашылық еңбектің рөлі арта түсуде.

Ең алдымен, «адами қарым-қатынастар» мектептерін (Э.Мэйо, Дж.Браун) және «жаңа адами қарым-қатынастарды» атап өту керек (К.Арджирис, А.Маслоу, Э.Шейн). бұл бағыттар бойынша зерттеушілер ең алдымен Ф.Тейлор мен А.Файолдың зерттеулеріндегі ұйымды басқарудың осыл тұстары мен кемшіліктеріне талдау жасай келе «адами фактор» мәселесіне ерекше назар аударды. Сондай ақ адам ресурстарын басқаруда олардың шығармашылық қабілеттері мен өзін еркін ұстау қасиеттерінің маңыздылығын көрсетті. Бірақ та бұл бағыттың өкілдері жеке адамның тиімділігін арттыру мәселесін кеңінен аша алмады, тек қана адам ресурсын басқаруды мотивациясын өзгерту және корпоративтік мәдениетін дамыту мәселелерін шешумен ғана шектелді. Сол себепті де жеке еңбекті ұйымдастыру, жұмыскердің өз бетінше әрекет етуіне тек қана менеджерлер арқылы ықпал етумен шектеліп қарастырылды.

Кәсіпорын тиімділігінің арттырудағы адам факторының рөлі зерттеліп, менеджментте «өзіндік менеджмент» бағыты бөлініп, «гуру менеджменттің» дамуына негіз болды. Бұл бағытта 80 жылдары Т.Питерс, Р.Уотермен еңбектерін ерекше атауға болады. Компанияның тиімділігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі, оның қызметінің барлық аспектілерін жетілдірудегі ең жақсы компаниялардың тәжірибесін жинақтап, барлық деңгейдегі қызметкерлердің шығармашылық бастамасын қарастырды. Зерттеушілер менеджерлер қызметкерлердің белсенділігін арттырудағы өз бетінше әрекет етудің негізгі бағыттарын көрсетті: қызметкерлерге деген сенім білдіру; қызметкерлерді мадақтау; жаңа идеяларды дамыту мен жүзеге асыруда қызметкерді марапаттау мен мадақтау және т.б. Осылайша кәсіпорын тиімділігіндегі жеке қызметкер тиімділігі, тұлға тиімділігі мәселесі, менеджердің басқарудағы тиімділікті арттыруға ықпалы мәселесін алдыңғы орынға шығарды [3].

Питер Дукер кәсіпорынның тиімділігі жеке жұмыскердің тиімділігімен қатар, оның мазмұны мен әдіс тәсілдері мәселелерін зерттеу өзінің ғылыми еңбектерінде жеке менеджер қызметінің тиімділігін алғаш қозғап, менеджерді мамандық ретінде ұсынумен қатар, мамандардың тиімділігін арттырудың ғылыми негізін бастап ұсынып, еңбек жағдайында тиімді ету тәсілдерін ұсынды.

Студенттердің эмоционалдық интеллектісі ұғымы ғылыми еңбектерде қарастырылды. Сондай-ақ, тұлғаның кәсіп орын дамуындағы тұлғалық тиімділігін арттыру маңызды мәселелердің бірі екендігін білеміз. Бұл бағытта менеджменттің теориялық тұғырларына талдау жасаудан бастауды жөн көрдік. Ең алдымен психоанализ бағытындағы адамды басқаруда тиімділікті арттырудың маңыздылығы туралы идеялар айтылды. Бұл бағытта психоанализ өкілдерінің ойларында қарастыра кетуге болады. психоанализ негізін қалаушылар З.Фрейд және оның ізбасарларының идеялары да өзіндік орын тапқан болатын. Әрбір әлеуметтік процесті зерттеуде қазіргі басқару психологиясы адамға, тұлғалық басымдылықтарға ерекше назар аударады. Әр адам өзінің ойлау тәсілін нәтижесі болғандықтан тиімді деп есептейді, бірақ шектелушілігі және сенімділігі, жаңалықтан қорқуы жалған тәсілдер мен өзіне шектен тыс сенімділігіне байланысты шығармашылықтың тиімділігі төмендейді. Адамның қабілетінің қоры шексіз, оның интеллекті, психикасы өте күрделі. Ертедегі ойшылдардың «Өзінді өзің таны» деп өте жоғары мақсат қоюы кездейсоқ емес.

Америка авторлары «өндіріс бәсекелестігінің артуы және басшы жұмысының тиімділігін бағалау адамдарды басқару өнерінің сын сағаты болды» деп есептейді. Басқару саласының әрбір қызметкері өзі басқаратын ұжымда ешнәрсеге сенімді болу қиын екенін жақсы біледі. Ол үнемі көңіл күйді бақылап және жедел шешім қабылдап отыруы тиіс. Мұндай мақсатты сенімсіз бөлшектерден жинақталған машинаның сенімділігін анықтау мәселесі туғанда Дж.фон Нейман зерттеген. Алынған зерттеу нәтижелері мұндай сенімділік жеке элементтерінің қимылын дұрыс ұйымдастырумен және олар өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Адамдар социумын басқаруда осы байланысты үнемі ескеріп және болжап отыру керек. Әрбір адамда биологиялық тіршілік иесі ретінде тұқым қуалай берілген немесе өмірден қабылдаған дара ерекшеліктері, өзінің қайталанбас эмоциялық, интеллектуалдық және психологиялық ерекшеліктері бар. Сонымен қатар адам социумына тән ерекшеліктерді, өзі жұмыс істеп, оқыған ұжымына тән үлгілік нормаларды көрсетеді. Тұлғаның биологиялық қасиетінің негізіне тұқым қуалау информациясы, оның генотипі жатады. Тұлғаның әлеуметтік сапалары қоршаған ортаның ықпалымен қалыптасады [4].

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық төңкеріс пен әлемнің экономикалық көрінісі-ғылым мен инновацияның жаңа деңгейін жасап отыр. Осыған орай, ғалымдар мен ұстаздардың білім беру сапасы мен тұлғалардың даму мәселесіне үлкен қызығушылығы

туындап отыр. Тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық және саяси шарттар қоғамның дамуындағы мәселелерді өзектендіреді, яғни студенттердің тұлғалық-кәсіби сапасын дамыту, соның ішінде эмоциялық интеллектісін дамыту міндеттері арта түседі.

Тұлғаның кәсіби жетістігі, күмәнсіз білімге, шеберлікке, дағдыға, ғұламалыққа және тұтас ойлауға деген қабілеттілікке, яғни жалпы интеллектіге байланысты. Жоғарғы кәсіби білім беру жағдайындағы студенттердің эмоциялық интеллектісінің даму мәселесінің өзектілігі психологтың педагогикалық жағдайдағы эмоциялық интеллектісінің дамуында қажетті көрінулермен шартталған. Бұл бір жағынан студенттердің эмоциялық интеллектісінің дамуының жоғарғы деңгейде қажеттіліктерін, ал бір жағынан психология саласында білікті мамандардың қоғамдағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Нақты баға беру мен эмоцияны білдіру эмоция адамның ішкі, я болмаса сыртқы әлем тұрғысында болып жатқан маңызды мәселелер жайында белгі беретін сигнал болып табылуымен айрықшаланады. Өзінің эмоцияларыңды қаншалықты сезіне білсең, өзгенің де эмоцияларын соншалықты қабылдай білу қажет. Бұл адамның физикалық жағдайына, ой-пікіріне, сыртқы кескін-келбетіне және өзін-өзі ұстау мәнеріне қарай оның көңіл-күйін анықтай алу қабілетімен сипатталады. Эмоцияны ой қызметі үшін қолдану адамның ой қорытуына әсер етеді.

Эмоционалды интеллектіні реттеуде тайм менеджмент техникалары өзіндік үлесін қосты. Студенттерге тайм менеджмент техникаларын және психологиялық трансформационды ойындарды қолданып, тренинг жұмыстарын жүргізу арқылы оң нәтижелерге қол жеткіздік. Тайм менеджмент алға қойға мақсатына сәйкес міндеттерді дұрыс анықтай отырып, сол мақсатқа жетудің тиімді жолдарын таңдауға негіз болады. тұлға мақсатына жетуде өз ресурсын, энергиясын дұрыс жұмылдыру, қажетті уақытты дұрыс бөлу және өз уақытын дұрыс тиімді пайдалануға жол ашады. тұлғаның ішкі қақтығыстарын, сана блоктарын анықтап, оларды жою жолдары қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект в работе. – МИФ Саморазвитие, 2020. – 570 стр.
2. Борисо Д.,EQ. Эмоциональный интеллект на практике. – Бомборо. Книги-драйверы, 2018. – 150 стр.
3. Кузовкин В.В., Баранникова С.А. Концептуализация понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке //Психология и школа. № 2 / 2014.
4. Чиркина Е.А. Формирование эмоционального интеллекта у студентов, будущих специалистов в сфере помогающих профессий дидактическими средствами: автореф.дисс.канд.психол.наук. – Ижевск, 2012.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Бекжанов А.Н.

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау,
Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы системы обучения, содержание образования и учебного процесса в контексте цифровизации. Характеризуется ситуация с переходом системы образования на обновленное содержание. В статье раскрываются возможности учебного процесса в условиях дистанционного обучения.

Ключевые слова: образование, реформа, цифровизация, дистанционное обучение, видеоурок, учебный процесс.

Сегодня образование вступило в стадию фундаментальных реформ, основу которых составляет принципиально новое мышление.

В 2015-м году Комитет по образовательной политике Организация экономического сотрудничества и развития (ОЭСР) начал реализацию нового проекта «Будущее образования и навыков: Образование-2030».

ОЭСР исходит из того, что мир все больше сталкивается с ранее неизвестными глобальными вызовами, становится все более непредсказуемым и уязвимым.

Передовые экономики требуют смены целей образования от «человека, знающего» – к «человеку, способному творчески мыслить, действовать, саморазвиваться».

В связи с этим в 80-е годы XX-го века ведущие страны мира начали переход от знаниецентризма к практико-ориентированному образованию.

В целом, наши учащиеся получают сильные предметные, если быть точнее, фактологические знания, однако зачастую не имеют навыков их применения в жизненных ситуациях.

В отечественном образовании попытки отойти от традиционной системы обучения предпринимались неоднократно, но фрагментарное введение изменений накладывалось на старое содержание образования. Это приводило к перегруженности учебного процесса и передаче большого объема готовой информации.

Сегодня образование Казахстана находится на этапе нового старта. В настоящее время приоритетами стали инфраструктурное развитие и переход на обновленное содержание.

Страны, где цифровые технологии развиты лучше, богатеют. Цифровые технологии становятся новой «нефтью». И мы видим, что многие государства присоединяются к этой гонке и выносят это на повестку дня. Сейчас Казахстан на 50-м месте в мире по цифровому развитию [1].

В Послании Первого Президента Республики Казахстан, Елбасы Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» цифровизация образования обозначена как основной механизм модернизации образования, что «...необходимо создать новую модель экономического роста, которая обеспечит глобальную конкурентоспособность страны...».

Целью Государственной программы «Цифровой Казахстан» является ускорение темпов развития экономики РК и улучшение качества жизни населения за счет использования цифровых технологий в среднесрочной перспективе, а также создание условий для перехода экономики Казахстана на принципиально новую траекторию развития, обеспечивающую создание цифровой экономики будущего в долгосрочной перспективе.

В современном мире цифровые технологии играют все более важную роль в развитии экономики стран. Уже сегодня более 40 % населения планеты имеет доступ к Интернету, и почти в каждом из 7 из 10 домохозяйств есть мобильный телефон. Цифровые технологии дали ряд преимуществ - упрощение доступа населения и бизнеса к государственным услугам, ускорение обмена информацией, появление новых возможностей для ведения бизнеса, создание новых цифровых продуктов и т.д.

Основная цель государственной программы «Цифровой Казахстан» – прогрессивное развитие цифровой экосистемы для достижения устойчивого экономического роста, повышения конкурентоспособности экономики и нации, улучшения качества жизни населения [2].

Качество и доступность образования сегодня решаются с помощью цифровизации. Созданы контентные ресурсы по подбору и работе с методическим материалом для студентов и преподавателей, такие как open.kz, где можно ознакомиться с новыми учебниками на казахском и русском языках, bilimland.kz – специально для преподавателей, которые могут скачать любой нужный материал, [twig](http://twig.kz), где можно посмотреть 4500 познавательных видеороликов по разным предметам на трех языках, [bilimbook](http://bilimbook.kz), который вообще работает без интернета. Все сделано максимально просто и понятно для рядового преподавателя [3].

Сегодня образовательное пространство интенсивно растет и расширяется за счет развития цифровой среды: создаются электронные учебники, появляются и развиваются образовательные платформы, количество массовых открытых онлайн-курсов измеряется тысячами, а численность их потребителей – миллионами. Дистанционное образование уже прочно вошло в нашу жизнь [4].

Проблема обучения студентов в условиях цифровизации требует тщательных эмпирических исследований. Для более полной картины новых методов обучения в условиях цифровизации необходимо провести среди студентов и преподавателей наблюдение, беседу, анкетирование.

Важным элементом критериального оценивания является рефлексия. Методически рефлексия может быть организована по-разному. Два наиболее простых способа – это письменный вопросник и устный обмен мнениями. В первом случае вопросы зачастую достаточно банальны: «самое удачное в работе», «самое неудачное в работе», «пожелания преподавателю - организатору и консультантам (если работа была большая и в ней участвовало несколько преподавателей)», «пожелания себе», «пожелания товарищам по группе», «самое трудное в работе», «самое интересное», «чему я научился в процессе работы» – конкретный их набор определяется спецификой работы, но особое внимание хотелось бы обратить на последний вопрос, который является чуть ли не смыслообразующим элементом [5].

Цифровизация в образовании дает преподавателю и учащимся большие возможности в реализации творческих проектов. Так, на уроках истории учебный материал представлен большим выбором видеоматериалов, интерактивных карт, иногда студент сам может опередить преподавателя и дать ссылку на тот или иной ресурс. Задача преподавателя – выбрать оптимальный вариант по времени, содержанию, соответствию возрасту.

При составлении заданий в условиях дистанционного обучения преподаватель может дать задания различной степени сложности. Это могут быть такие задания, которые раскрывают вопросы под новым ракурсом. Это может быть один вопрос, но с несколькими параметрами оценивания. Ученик, используя доступные средства информации, может составить краткий библиографический список по конкретно заданному вопросу, заданию, привести несколько мнений по предложенной проблеме.

Преподаватель может дать задание в форме «группового проекта». Несколько учеников между собой могут организовать беседу, выбрать модератора среди учеников, записать видеосюжет обсуждения изучаемой проблемы, вопроса и т.д.

Важным элементом цифровизации образования является составление видеоуроков. Для этого учителю желательно пройти курсы по методике составления видеоуроков. В условиях дистанционной системы это новшество преподавания хорошо прижилось и нашло отклик среди учащихся. Преподаватель становится не просто обучающим субъектом, но и в какой-то степени ключевой фигурой самого учебного процесса в новой образовательной системе. Преподаватель может анализировать свой урок, увидев себя со стороны в новом качестве. Отсюда можно сделать вывод, что цифровизация образования выдвигает на передний план преподавателей компетентных, креативных, готовых к новым вызовам глобализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Цифровизация как путь к успеху
<https://www.kazpravda.kz/articles/view/tsifrovizatsiya-kak-put-k-uspehu/>
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан»
<https://zerde.gov.kz/activity/management-programs/digital-kazakhstan/>
3. Как цифровизация в образовании идет на помощь учителю
<https://mail.kz/ru/news/kz-news/kak-cifrovizaciya-v-obrazovanii-idet-na-pomoshch-uchitelyu#hcq=nAQdg2s>
4. Клячко Т. Цифровизация образования – надежды и риски
<https://vogazeta.ru/articles/2018/2/26/blog/2148-tsifrovizatsiya-obrazovaniya-nadezhdy-i-riski>
5. Пинская М.А. Формирующее оценивание: оценивание в классе. Учебное пособие. М.: «Логос», 2010. С. 193

UDK 378:801.89(045)

TEACHING MEDIA IN ELT CLASSROOM

Dalmukhanova F., Burkitova N.

Sh.Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan

Annotation. This article is about teaching media which takes a role as a tool that will help the teachers in explaining and delivering the material to the students. Besides, there are given the types of media techniques that can be used, especially in teaching English vocabulary.

Key words: teaching media, flashcards, skills, learning process.

Teaching Media is a tool that can be used by the teachers to deliver their materials to students during teaching and learning process, so they can reach a certain learning goal. In

teaching and learning process, teachers not only need a method but also a media. It takes a role as a tool that will help the teachers in explaining and delivering the material to the students.

There are so many media that can be used, especially in teaching English vocabulary, and one of them is flashcards. It is an inexpensive media and easy to make. Besides, it can be used in collaboration with drilling. Flashcard will ease the students in understanding the vocabulary because it provides them with the picture or the name of the object picture and drilling will help students to increase their accuracy and build up their confidences.

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап бүкіл саналы ғұмырын шешендік өнерді, шешендік сөздерді жинақтауға, зерттеуге, дәріптеуге арнаған ғалым Балтабай Адамбаев. Оның шешендік өнерге байланысты еңбектері 1967 жылдан бастап жарық көрді («Қазақтың шешендік өнері» (1984), «Алтын сандық» (1989), «Шешендік сөздер» (1990), «Тозған қарды топтанған қарға жейді» (1991), «Шешендік сөздер» (1992), «Шешендік өнер» (1990-1999) [12].

Шешендік өнерде ең алдымен, адамгершілік заңдары, педагогтік этика бірінші орында тұратыны белгілі. Сонда шешендік өнерге үйрету пәні оқушылардың жеке тұлға (личность) ретінде дамуына берік баспалдақ деп саналады. Ал, оқушының жан-жақты дамуы – барлық дидактикалық жүйелердің басты мақсаты екені белгілі.

Шешендік өнер ғылымы философия, психология, логика т.б. қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста отырып, сол ғылымдардың мәліметтеріне сүйенеді. Оқушылар шешендік өнерді үйренуде психологиялық процестерді де білуге тиіс. Психологиялық таным процесінің бастапқысы – түйсік, яғни сыртқы дүниені танып білу түйсіктен басталады. Тілдік шешендікті меңгертудегі орны ерекше түйсіктер мыналар:

- көру түйсігі;
- есту түйсігі;
- қозғалыс түйсігі.

Таным әрекеті процесінің онан арғы күрделісі – қабылдау. Оқыту және тілдің мәліметтерді ұғыну қабылдауға байланысты болады. Қабылдау берілген анықтамаларды, мағлұматтарды іріктеу арқылы жүзеге асады.

Тілді меңгеруде ес әрекетінің де атқаратын қызметі ерекше. Психолог ғалымдар есте сақтаудың екі түрін көрсетеді: механикалық есте сақтау және мағыналық есте сақтау.

Жалпы ес туралы сөз болғанда ұлы импровизатор ойшылдардың есте сақтау қабілеті аса күшті болғандығын француз зерттеушісі М.Ажам дәлелдеп берген болатын.

Ойдың толыққанды болуында ес пен қиялдың алатын орны ерекше. Ал ой – сыртқы дүниені адам миында бейнелеуші, күрделі процесс. Тіл – ойды басқа біреуге жеткізетін қатынас құралы. Не айтылатыны жөнінде туған ой сөз қабығына еніп, толық кіріккенде ғана айқындалып дәлелденеді, яғни адамның ойы сөйлеу (әрекет) арқылы беріледі.

Ойлау тәсілдеріне:

аналитикалық;

синтетикалық;

абстракциялау;

жалпылау;

нақтылау амалдары жатады.

Тіл – бірқатар қызмет атқаратын жүйе, оның қызметінің ішінде ең бастылары информация (хабар) жасау, оны сақтау және тарату. Тіл – адамды қоршаған орта туралы, адамның өзі жөніндегі білімді сақтау үшін қажет (эпистемиялық қызметі). Жаңа білім игеру де тіл арқылы жүзеге асады (танымдық немесе когнитивтік қызметі) және ол байланыс құралы (коммуникативтік қызметі).

Тілдік коммуникация – тек адамға ғана тән процесс. Тіл адамның ішкі өрнектелген ойын сыртқа шығаратын құралы. Соның барлығында да күрделі психикалық процестер жүріп жатады. Осы процестердің өзі көптеген зерттеулерге негіз болды, психофизиологиялық (Б.А.Ананьев, П.К.Анохин, А.Р.Лурия т.б.) және психологиялық (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Н.И.Жинкин т.б.) [13].

Психолог ғалым М.М.Мұқановтың тіл мен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың тығыз байланысы, ұлттық ойлау мәнері ұлттық сөйлеуді туғызады деген ұлағатты ойлары – тіл дамытудың негізі болып саналады. М.М.Мұқанов қазақ тіліндегі этнопсихология мәселесіне алғаш көңіл бөліп, ойдың әр тілде түрліше берілуі этнопсихологияның зерттеу объектісі екеніне баса назар аударған ғалым. (Ойды этно және лингвопсихология тұрғысынан талдау. А., 1971, 4-бет) [14].

Ал тіл дамытудың психологиялық негізі ретінде Ә.Алдамұратовтың грамматикалық ұғымдарды меңгерту мәселелері туралы пікірлерін де басшылыққа алуға болады. Сонымен қатар, шешен өз сөзінің мазмұнын дұрыс, толық және белгілі бір тәртіппен жүйелеп құру үшін айтатын мәселесін жан-жақты, терең білуі қажет. Егер ол айтайын деген мәселесін өзі жете түсінбесе, оның мазмұнын да шығара алмайды, жүйесін де табу мүмкін емес. Мұндай құбылыс жөнінде Цицерон: «Сөз мәселені терең білу негізінде ғана гүлдеп, құлпыруы қажет, егер сөздің артында шешеннің өзі жете түсінген және зерттеген мазмұн тұрмаса, сөзді қалай әшекейлесен де бос мылжың болып қала бермек», - деген болатын.

Сөзді сөйлеу әдісі мен сөйлеу түрінің де этикалық мәні зор. Қағаздан оқығаннан гөрі ауызша, бетпе-бет сөйлесу әлдеқайда қиынырақ, оның есесіне бұлайша сұхбаттасу өзара шынайы сенімділік жағдайын туғызады, демек, сөздің пәрменділігін арттырады.

Сөз сөйлеу кезінде шешеннің өзін-өзі ұстауы, жүріп-тұруы, қолын сермеуі, керекті жерде дауыс ырғағын өзгерте білуі, жарасымды ишараттар жасауы – осының бәрі адамның тәрбиелілігін, шешендік шеберлігін, білімін, тәжірибесін т.с.с. көрсетеді.

Сөзді бастай білу – үлкен өнер. Бұхар жыраудың:

«Көш бастау қиын емес, -

Қонатын жерде көл бар.

Қол бастау қиын емес, -

Шабатын жерде жау бар.
Бәрінен де қиыны –
Топ алдында сөз бастау», -

дегені, «сөз бастау» – үлкен мәдениет пен білімді, жауапкершілікті қажет ететінін көрсетеді.

Алғашқы айтылған бірер сөздің өзі-ақ аудиторияның назарын өзіне аударып, шешен сөзіне құлақ түргізуі, қызығушылық туғызуы мүмкін. Немесе, керісінше, тыңдаушылар шешеннің бар дайындығын жоққа шығарып, оның өзіне де, сөзіне де сенімсіздік тудыруы мүмкін. Сондықтан алғашқы сөздің этикалық мәнін мықтап ескерген жөн.

Сонымен, ана тілі сабақтарының танымдық мақсатына мыналар ескерілу қажет:

1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы
2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық
3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер
4. Дау - жанжалдардың бітімін екі – ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы

Қазақ шешендік сөздері - бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай - ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс.

Сонымен, біздің негізгі мақсатымыз – оқушыларды шешендік өнер табиғатынан хабардар ету, сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру және дамыту, оқушылардың шешендік өнерге деген бейімділіктерін ұштау және дамыту.

Аристотель риториканың табиғатын түсіндіре келіп, мынадай пікір айтады: «Шешендік өнер – дәрігерлік өнерге ұқсас, дәрігерлік өнер – барлық адамды бірдей сауықтыра алмайды, бірақ, мүмкіндікше, сауықтыруға жақындатады; сонымен қатар, мүлде айықпайтын адамдарды тәуірлендіреді».

Қорыта айтқанда, шешендік өнерге үйретуде бастауыш сынып оқушыларының логикалық мәдениетін қалыптастыру – алдыңғы орында келетін маңызды бағыттың бірі. Жүйелі сөз жүйесіне жету үшін, оқушының ой жүйелілігі туралы нақты, білік-дағдылары дұрыс қалыптастырылуы керек. Ол үшін бізге психология, логика ғылымы үлкен тірек бола алады. Сөйтіп шешендік өнерді үйретудің философиялық және психологиялық негізгі заңдылықтарының шешендік өнерді үйрету үшін зор маңызы бар екенін атап өтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң //Егемен Қазақстан. 1997 жыл, 11 шілде.
2. Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңы, 2007, 27 шілде,
3. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы
4. ҚР этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы, ҚР Президентінің Өкімі 1996 жылғы 15 шілде.
5. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Жазушы, 1997.- 140 б.
6. Байтұрсынов А. «Қазақ» газеті. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
7. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. – М.: 1961. 256 с.
8. Ломоносов М.В. Краткое руководство к красноречию, М.; 1976, 290с.
9. Жарықбаев Қ., Қазақ психологиясының тарихы, -Алматы, 1996. 160 б.

10. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы, 1986. - 616 б.
11. Досмұхамедов Х. Аламан. Құраст. Ғ.Әнес, Мектеп. – Алматы: Ана тілі, 1991.- 172 б.
12. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. I тарау.Шешендік сөздер. – Алматы: ҒА, 1987.-112 б.
13. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. - М.: Педагогика, 2010. – Т.1. 20 с.
14. Мұқанов М.М. Ойды этно және лингвопсихология тұрғысынан талдау. – Алматы, 1971.- 41 б.

ӘОЖ 159.99

БАЛАЛАРДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙДІ ЖОЮДА ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жунелбаева Г.

Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардағы қорқыныш проблемасы және оның зерттелу деңгейі баяндалады. Қорқыныш, үрей, мазасыздық ұғымдарына сипаттама беріліп, оларды түзетуде қолданылатын психотерапиялық әдістердің түрлері: арттерапия, изотерапия және т.б. жүргізу жолдары қарастырылады.

Сонымен қатар, бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуының шарттары: Әлеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары; Үрей жасаралық және невротикалық шарттары; Биологиялық алғы шарттары туралы айтылады. Арттерапияның мақсаттары және арттерапиядағы әдістемелердің түрлері: музыка-терапия, ертегі терапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия түрлерін, қолдану жолдары сөз болады.

Түйінді сөздер: қорқыныш, үрей, арттерапия, психотерапия, изотерапия.

Балалардағы қорқыныш сезімі проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р.Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған [1, 165б.]. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Қорқыныш - адамның санасында оның өміріне және аман-саулығына төнген қауіптің аффективтік (эмоционалдық ушыққан) бейнеленуі болып табылады. Қорқыныш сезімін ешқашан сезініп көрмеген адамды табу оңай емес. Уайымшылдық пен қорқыныш - қуаныш, таңдану, ашулану, қайғы секілді біздің психикалық өміріміздің ажырамас эмоционалды көрінісі

К.Г.Юнг «қорқыныш - бұл түсініксіз сансыз құбылыс, күтпеген қауіптер мен өлшемге толы», - деген болатын[2, 178б.].

З. Фрейд өзіне тән үлкен сеніммен: «Қорқынышты адамның туылу актісі кезінде басталады,»- дейді, яғни туылу процесінде жағымсыз сезімдер бірігіп, соматикалық түйсіктерден бастауын алған өлім қаупі мен қорқыныш біздің өмірімізде өне бойы қайталанып отырады екен[3, 23б.]

Балалық қорқыныштар, егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликтті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Г.Н.Кассильдің зерттеуі бойынша кез-келген қорқыныш, физикалық, эмоционалды ауырсыну реакциялары арқылы, мидың иірімдерінен бастап, субклеткаларда аяқтай, молекула түзеді [5, 150б.]. Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұқсан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе түртуден шошынатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты - рефлекторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш зат ретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар ретінде қайғырылады. Үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда үрейдің пайда болуы.

1. Әлеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары. Бала алғашқы жылдары барлық таныс емес әрі жаңа заттардан қорқады, ертегі кейіпкерлері мен заттарды жандандырып, бейтаныс жануарлардан қауіптеніп, ата-анасының мәңгі өмір сүретініне сенеді. Кішкентай балалар үшін бәрі шын, демек олардың қорқыныштары шындық сипатқа ие. Жалмауыз кемпір - жақын маңда жүретін тірі жан. Тек олар түйсіктерін ажырата алып, сезімдерін жеңіп және абстракты-логикамен ойлай бастағанда ғана баланың елестері бірте-бірте ақиқат сипатқа иелене бастайды. Көптеген өркениеттерде балалар өзінің дамуында бірнеше қорқыныш сезімін көреді.

2. Үрей жасаралық және невротикалық болады.

Жасаралық қорқыныштар эмоционалды сезімтал балалар арасында олардың жеке және психикалық дамуының ерекшеліктерін бейнелеу ретінде белгіленген. Әдетте олар келесідей факторлар әсерінен пайда болады: қорқыныш сезімінің ата-анасында бар болуы; баламен қарым-қатынастағы қобалжулық; қатерден баланы шамадан артық қорғау және құрбыларымен араласудан оңашалау; ата-анасының біреуінің балаға деген көптеген тыйымдар салу немесе ата-анасының екіншісінің балаға толық бостандық беру, сонымен қатар жанұядағы барлық ересектердің көптеген іске аспайтын бай-баламдар; ер балаларға қатысты өзіне жыныстас ата-анамен ролдік ұқсастыруға мүмкіндіктің болмауы; шошу сияқты психикалық жарақаттар; мұқтаж не әдейіленген жанұялық ролдерін ауыстыру салдарынан анасының әр уақыт жүйкелік-психикалық үнемі ауыртпалық көруі.

3. Биологиялық алғы шарттар

Жоғарғы жүйке қызметінің кейбір типологиялық қасиеттері қорқыныш сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді. Бұл эмоционалды сезімталдылық және сонымен байланысты әсерленгіштік. Агрессивті жауап қайтара алмай, бәрін «жүрекке тым жақын қабылдап және тез ренжитін» адамдардың жоғары әсерленгіштігі олардың эмоционалды ренжігіштігі мен осалдығынан көрініс табады.

Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға

беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. "Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың", - деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене қара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет. Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия.

"Арттерапия" терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген. Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия - өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы.

Арттерапияның басты мақсаты өзін-өзі тану қабілеттерінің дамуы арқылы жасалған жеке адамның гармонизациясынан құралған[6, 1906.].

Арттерапия мақсаттары:

1. Агрессия мен басқа да негативті сезімдерге әлеуметтік қолайлы сыртқа шығарту. Картина, суреттер, скульптуралармен жұмыс "бу" шығарудың қауіпсіз әдісі болып табылады.

2. Емдеу процессін жеңілдету. Санаға қонымсыз ішкі конфликттер мен уайымдарды көп жағдайда вербалды коррекция процессінде айтқаннан гөрі, көру бейнелері арқылы шығару жеңілдеу болып келеді. Вербалсыз қарым-қатынас сананың "цензурасынан" оңай жоқ болып кетеді.

3. Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Көркем қызметке бірігіп қатысу екі жақты қабылдау мен эмпатия қарым-қатынасының тууына себепші болуы мүмкін.

4. Ішкі бақылау сезімін дамыту. Суреттермен, картиналармен жұмыс немесе жабыстырма (лепка) түс және форманың реттелуін ескереді.

5. Зейінін сезім мен түйсіктерде топтау. Бейнелеу өнерімен айналасу көру және кинестетикалық түйсіктермен эксперимент жасауға және оларды қабылдай алу қабілетінің дамуына кең мүмкіншілік туғызады.

6. Көркемдік қабілеттілігін дамытып, өзін-өзі бағалауды жоғарылату.

Арттерапияның қосалқы өнімі жасырын таланттардың ашылуы мен олардың даму нәтижесінде пайда болатын қанағаттану сезімі болып табылады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу - балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликттерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол - жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие.

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1. Өзінің өткені мен қазіргі кезең ("Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым", "Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым", "Менің күнделікті күнім"),

2. Болашақ немесе абстрактылы түсініктер ("Кім болғым келеді", "Үш арманым", "Бақыт аралы", "Үрей");

3. Топтағы қарым-қатынас ("Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім", "Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім").

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен

таңдалынады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп, талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Коммуникативті сурет салу: Топтар жұптарға бөлінеді, әр жұпта өзінің қағаздары болады, әр жұп белгілі-бір тақырыпқа бірігіп салады, ереже бойынша вербалды контакттер болмайды, олар бір-бірімен түстер, сызықтар, бейнелер арқылы қарым-қатынас жасайды. Сурет салу процессі аяқталғаннан кейін сол сурет салу процессі талқылы салынады. Онда жасалған туындының көркемдік қасиеттері емес, сурет салу процессі туралы диалог мүшелерінде пайда болған сезімі, ойлары және олардың сол процесстегі бір-біріне қатынасы талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с.). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1. Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2. Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б.

Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің темендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді.

Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прихожан А.М. Психокоррекционная работа с тревожными детьми. - М., 2013. -165с.
2. Юнг К.Г. Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. -М., 1923.- 178 с.
3. Фрейд З. Психология бессознательного. - М., 1999. -223с.
4. Захаров А.И.. Как помочь нашим детям избавиться от страха. С-Пб., 2009, 31-32с.
5. Кассиль Л. Твой защитники, изд. «Детская литература -М.: 2008. -150с.
6. Копытин С.А.,. Основы арттерапии. СПб., 2009. -190с.

ӘОЖ 159.99

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРІН ДАМУ

Сагиндикова К.

Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық процестерін, соның ішінде қиялын дамыту мәселесін талдаған ғалымдардың еңбектері мен шығармалар зерделенген. Сонымен қатар, когнитивтік теория бойынша адамның психикалық дамуының 4 кезеңін: сенсорлық-моторлық; операция алдындағы; нақты ойлау кезеңі; формальды-логикалық, абстрактілі ойлау кезеңдеріне де сипаттама берген.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық процесі қалыптасатындығы айтылған.

Түйінді сөздер: бастауыш мектеп, оқушы, қиял, танымдық процес, сенсорлық-моторлық.

Психологияда – балалар және педагогикалық, орталық орындардың бірі бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мәселесі. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін білу және ескеру сыныптағы оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір адам осы қасиеттерді біліп, жұмыста және бастауыш сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасағанда ескеруі керек.

Бастауыш мектептің оқушылары 1-4 сыныптарында оқитын 6-11 жастағы балалар. Жас шекарасы және оның психологиялық ерекшеліктері белгілі бір уақыт кезеңі үшін қабылданған білім беру жүйесімен, психикалық даму теориясымен, психологиялық жасқа байланысты кезеңдікпен анықталады (Д.Б.Эльконин, Л.С.Выготский) [1,2].

Қазіргі уақытта баланың әртүрлі кезеңдердегі психикалық дамуының толық бейнесін бере алатын біртұтас теория жоқ. Сондықтан балалардың дамуының, мінез-құлқы мен тәрбиесінің толық бейнесін алу үшін бастауыш мектеп жасындағы кезеңдік кезеңге әсер ететін бірнеше теориялар талданды.

Қиял баланың өткен тәжірибесінің элементтерін жинақтап, себеп-салдарлық байланыстар орнату арқылы болашақтың бейнесін (белгілі бір іс-әрекеттердің жағымды немесе жағымсыз салдары, өзара әрекеттесу барысы, жағдайдың мазмұны) құруды,

болжауды қамтамасыз етеді. Егер оқушы белгілі бір жағдайда әрекет ету немесе белгілі бір жағдайда болу мүмкіндігінен айырылса, онда ол өзінің қиялының күшімен сол жерге ауысады және өзінің қиялындағы әрекеттерді орындайды, сол арқылы нақты шындықты қиялмен алмастырады.

Сонымен қатар, қиял - бұл басқа адамдарды түсіну мен тұлғааралық қарым-қатынасы үшін маңызды негіз, белгілі бір уақытта басқалар бастан кешірген эмоциялар мен күйлерді бейнелеуге ықпал етеді. Сонымен, қиял баланың танымдық, эмоционалдық, сенсорлық және мінез-құлық компоненттеріне ене отырып, баланың ақыл-ой әрекетінің құрылымында маңызды орын алады.

Л.С.Выготский баланың психикалық дамуын периодизациялауды жетекші іс-әрекет концепциясына негіздеді [2]. Психикалық дамудың әрбір кезеңінде жетекші іс-әрекеттің шешуші маңызы бар. Сонымен қатар басқа да қызмет түрлері жойылмайды – олар бар, бірақ олар параллельді түрде өмір сүреді және психикалық даму үшін негізгі болып табылмайды.

З.Фрейд психоаналитикалық теорияда тұлғаның дамуын биологиялық факторлардың әрекетімен және ерте отбасылық қарым-қатынас тәжірибесімен түсіндірді. Балалар психикалық дамудың 5 кезеңінен өтеді, әр кезеңде баланың қызығушылықтары дененің белгілі бір бөлігінің айналасында шоғырланады. 6-12 жас жасырын кезеңге сәйкес келеді. Осылайша, кіші мектеп оқушылары оның өмір бойы қолданатын барлық тұлғалық қасиеттері мен жауап беру нұсқаларын қалыптастырды. Ал жасырын кезеңде оның көзқарасының, нанымдарының, дүниетанымының «ұшталуы» және күшеюі байқалады. Бұл кезеңде жыныстық инстинкт мыс ұйықтап жатыр.

Когнитивтік теория бойынша (Жан Пиаже) адам өзінің психикалық дамуында 4 үлкен кезеңді бастан кешіреді:

- 1) сенсорлық-моторлы (сенсоримоторлы) – туғаннан 2 жасқа дейін;
- 2) операция алдындағы (2 - 7 жас);
- 3) нақты ойлау кезеңі (7 - 11 жас);
- 4) формальды-логикалық, абстрактілі ойлау кезеңі (11-12 - 18 жас және одан жоғары)

7-11 жаста Ж. Пиаже бойынша психикалық дамудың үшінші кезеңі – нақты психикалық операциялар кезеңі болады. Баланың ойлауы нақты нақты объектілерге қатысты мәселелермен шектеледі.

Мектептегі оқудың басталуы деп негізгі психикалық ісіктер қалыптасатын бастауыш мектеп жасындағы жетекші іс-әрекет ретінде ойыннан оқу әрекетіне көшуді білдіреді. Сондықтан мектепке бару баланың өміріндегі ең маңызды өзгерістерді жасайды. Оның бүкіл өмір жолы, ұжымдағы, отбасындағы әлеуметтік жағдайы күрт өзгереді. Негізгі, жетекші әрекет – оқу, ең басты парыз – оқу, білім алу. Бұл баладан ұйымшылдықты, тәртіпті, ерікті күш-жігерді қажет ететін күрделі жұмыс.

Ойлау ерекшеліктері. Кіші мектеп жасы негізгі психикалық әрекеттер мен әдістерді дамыту үшін үлкен маңызға ие: салыстыру, маңызды және елеусіз ерекшеліктерін көрсету, жалпылау, тұжырымдаманы анықтау, әсерлер мен себептерді бөліп көрсету (С.А.Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов). Толық ақыл-ой әрекетінің болмауы бала меңгерген білімнің үзік-үзік, кейде жай ғана қате болып шығуына әкеледі. Бұл оқу процесін айтарлықтай қиындатады, оның тиімділігін төмендетеді (М.К. Акимов, В.Т. Козлова, Н.Семаго, В.С. Мухина) [3,4].

В.В. Давыдов, Д.В. Эльконин, И.В. Дубровин, Н.Ф. Талызина, П.П.Блонский бастауыш мектепте оқыту кезеңінде ойлау, әсіресе сөздік-логикалық ойлау барынша белсенді дамиды деп жазды. Яғни, бастауыш мектеп жасында ойлау басым функцияға айналады [5].

Қабылдау ерекшеліктері. Жеке психикалық процестердің дамуы бүкіл бастауыш мектеп жасында жүзеге асырылады. Балалар мектепке қабылдау процестері дамыған келеді (қабылдаудың қарапайым түрлері қалыптасады: көлемі, пішіні, түсі). Кіші мектеп оқушыларында қабылдаудың жақсаруы тоқтамайды, ол басқарылатын және мақсатты үрдіске айналады.

Зейіннің ерекшеліктері. Бастауыш мектеп оқушыларының зейінінің жас ерекшеліктеріне ерікті зейіннің салыстырмалы әлсіздігі және оның шамалы тұрақтылығы жатады. Еріксіз зейін кіші мектеп оқушыларында әлдеқайда жақсы дамыған. Бірте-бірте бала назарын сыртқы тартымды заттарға ғана емес, қажетті нәрселерге бағыттауды және тұрақты ұстауды үйренеді. Зейіннің дамуы оның көлемінің кеңеюімен және зейінді әр түрлі әрекет түрлері арасында бөлу қабілетімен байланысты. Сондықтан тәрбиелік міндеттерді бала өз іс-әрекетін орындай отырып, жолдастарының жұмысын орындай алатындай және орындайтындай етіп қойған жөн.

Есте сақтаудың ерекшеліктері. Кіші мектеп оқушыларының есте сақтауының өнімділігі олардың тапсырманың мәнін түсінуіне және есте сақтау мен қайта жаңғыртудың тиісті тәсілдері мен әдістерін меңгеруіне байланысты. Оқу іс-әрекеті аясында олардың даму процесіндегі еріксіз және ерікті есте сақтаудың арақатынасы әртүрлі. 1-сыныпта еріксіз есте сақтаудың тиімділігі еріктіге қарағанда жоғары, өйткені балаларда материалды мәнді өңдеудің және өзін-өзі бақылаудың арнайы әдістері әлі қалыптаспаған. Мағыналы есте сақтау және өзін-өзі бақылау әдістерінің қалыптасуымен екінші және үшінші сынып оқушыларының ерікті есте сақтау қабілеті еріксіз есте сақтауға қарағанда көп жағдайда өнімдірек болады.

Қиялдың ерекшеліктері. Жүйелі оқу әрекеті балаларда қиял сияқты маңызды ақыл-ой қабілетін дамытуға көмектеседі. Қиялдың дамуы екі негізгі кезеңнен өтеді. Бастапқыда қайта жасалған кескіндер нақты объектіні шамамен сипаттайды, олардың бөлшектері нашар. Мұндай бейнелерді құрастыру ауызша сипаттауды немесе суретті қажет етеді. 2-сыныптың соңында, одан кейін 3-сыныпта екінші кезең басталады және бұған бейнелердегі белгілер мен қасиеттердің айтарлықтай өсуі ықпал етеді.

Басқа психикалық процестер сияқты оқу әрекеті жағдайында балалардың эмоцияларының жалпы сипаты өзгереді. Оқу әрекеті бірлескен іс-әрекеттерге қойылатын қатаң талаптар жүйесімен, саналы тәртіппен және ерікті зейін мен есте сақтаумен байланысты. Мұның бәрі баланың эмоционалдық әлеміне әсер етеді. Бүкіл бастауыш мектеп жасында эмоциялардың көріністерінде ұстамдылық пен хабардарлықтың жоғарылауы және эмоционалдық күйлердің тұрақтылығының жоғарылауы байқалады.

Бастауыш мектеп жасы – білімді жинақтау, сіңіру, білімді меңгеру кезеңі. Бұл жаста көптеген мәлімдемелер мен әрекеттерге еліктеу, қиялының дамының, интеллектуалдық жетілудің маңызды шарты болып табылады.

Ерекше болжамдылық, әсерленгіштік, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой әрекетін қайталауға бағыттау, іштей қабылдау, психиканы дамыту мен байыту үшін қолайлы жағдай жасау. Бұл қасиеттер, көп жағдайда, олардың оң жағы болып табылады және бұл осы дәуірдің ерекше бірегейлігі. Демек, мектеп табалдырығын аттағаны тану мен білуге деген қажеттілікті қалыптастыруға, тұлғалық сезімнің дамуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эльконин Д.Б. Таңдамалы психологиялық еңбектер. - М.: Педагогика, 1989. - 560 б.
2. Выготский Л.С. Адам дамуының психологиясы. - М.: Эксмо баспасы, 2015. - 1136 б.
3. Семаго Н., Семаго М., Баланың психикалық дамуын бағалаудың теориясы мен тәжірибесі.
4. Мухина В.С. Даму психологиясы. - 4-бас., - М.: Академия, 2009. - 456 б.
5. Блонский П.П. Бастауыш сынып оқушысының психологиясы. - Воронеж: НПО МОДЕК, 2013. - 575б.

ӘОЖ 159.9

КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бегейбай Д.

Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада кәсіби деформациялардың қазіргі кездегі жаңа зерттеу проблемалары туралы айтылады. ЖОО оқытушысы тұлғасының кәсіби деформациялары мен түрлеріне тоқталып, ашып көрсетеді. Психологиялық ерекшеліктері тұлғалық қалыптасудағы жүйелі өзгерістермен анықталатын атап көрсетіліп, оларды топтарға ажыратып сипаттайды.

Түйінді сөздер: кәсіби іс-әрекет, деформация, тұлға, оқытушы, психология.

Кәсіби деформациялар қазіргі психологияның жаңа зерттеу пәні болып табылады. Адамның кәсіби іс-әрекетімен бірге жүретін өзгерістер туралы бірінші рет К.Маркстің (19 ғ. аяғы) және П.А.Сорокиннің (20 ғ. басы) еңбектерінде кездеседі. Бұл құбылысты ғылыми зерттеу 90-жылдары басталды. XX ғасыр (Р.М. Грановская, 1988, В.П. Подвойский, 1997, Е.В. Руденский, 1999, т.б.). Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның кәсіби деформациялары әртүрлі «адамнан адамға» кәсіп өкілдерінің (медициналық қызметкерлер, медицина қызметкерлері) арасында кәсіби гений, бейімделушілік, кәсіби шаршау және пассивтілік және т.б. арқылы зерттелді. Заңгерлер, менеджерлер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, мұғалімдер, жұмыспен қамту қызметінің мамандары және т.б. Сонымен қатар Л.М.Митина (1995) әзірлеген педагогтың кәсіби дамуының тұжырымдамасы аясында кәсіби деформациялардың (қатаңдық, қатал рөлдік мінез-құлық, авторитаризм, манипуляциялық бағыттылық және т.б.) көріністері ішінара зерттелді (мысалы, К.Аветисян, Е.А.Асмаковец, Я.В.Голубева, Н.С.Ефимова, О.В.Кузьменкова, К.В. [1] еңбектерінде бірақ бұл бағыт арнайы зерттелмеген. Тұлғаның кәсіби деформациялары тұлғаның өзіндік дамуының антитезасы ретінде барған сайын табанды түрде қарастырылады. Бұл кәсіби деформациялар мәселесін қарастырудың теріс семантикасын анықтайды. Ғылыми әдебиеттерде кәсіби деформациялардың (әлеуметтік, медициналық, психологиялық) жеке адам үшін де, қоғам үшін де жағымсыз салдары талданады. Тұлғаның кәсіби деформациясын жеңу және алдын алу бағыттары әзірленуде. Дегенмен, кәсіби деформациялардың мазмұны,

мәні туралы көптеген идеялар олардың көріністерінің белгілерінің сан алуан анықтамаларын, санамаларын тудырады; тұлғаның кәсіби деформацияларының генезисінің факторларын, ұқсас жағдайлардан ажырату критерийлерін түсінуде бірліктің болмауы олардың алдын алу немесе түзету шарттарын анықтауды қиындатады. [7]

Жоғары оқу орны оқытушысы тұлғасының кәсіби деформациялары мәселесі іс жүзінде зерттелмеген. Бірыңғай еңбектер осы тақырыпқа арналған [2] (Т.А.Жалагіна, 2002, 2004), ал болашақ қоғамды құрудағы мамандардың күш-жігері көп жағдайда заманауи жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби және тұлғалық дамуына байланысты. Қазіргі мұғалімнің міндеті – адамға жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге көмектесу: белгісіздік жағдайында жеке тұлғаның бағдарлануын қамтамасыз ету, оқушылардың өзін-өзі өзгертуге, өзін-өзі жетілдіруге қызығушылығын дамыту (Ю.П. Азаров, 2001, Ф.Баррон, 1990, С.А.Бергер, 2001, В.П.Зинченко, 1997, Б.Б.Косов, 1993, Е.Никитин, 1999, Л.С.Подымова, 2000, В.Я.Пилиповский, В.197, В.1902, В. Слостенин, 2000, Л.А.Степашко, 1999, В.В.Темник, 1999, т.б.). Болашақ мамандардың өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруды жоғары оқу орындарының оқытушылары тапсырады. ЖОО оқытушысының тұлғалық және болашақ маманның қалыптасуындағы рөлін бағаламауға болмайды: мұғалімдердің қалыптасқан кәсіби деформациялары студенттерге мінез-құлық үлгілері, көзқарастары ретінде беріледі [6] (Г.С.Абрамова, 1998, Л.Н. Собчик, 1998, Н.Б.Москвина, 2005, О. Ахвердова, 2006, т.б.). Сонымен бірге ЖОО оқытушыларының кәсіби деформацияларының психологиялық ерекшеліктері әлі арнайы психологиялық зерттеулердің нысанасына айналған жоқ. Жоғары білім беру жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру процесінде педагог тұлғасының кәсіби деформацияларының пайда болуы мен көріністері іс-әрекетінің сапасына да, жалпы оның өміріне де кері әсерін тигізеді деп есептейміз. Сондықтан, жалпы кәсіби деформациялар деп аталатын кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудағы қиындықтармен байланысты мәселелерді тиімді шешу үшін қазіргі заманғы жоғары мектеп мұғалімінің кәсіби дамуының психологиялық ерекшеліктері туралы түсінік алу қажет. [3]

Тұлғаның кәсіби деформациялары қалай пайда болады, олар қандай психологиялық мазмұнмен толтырылады, олар құрылымдық жағынан неден тұрады, оларды қалай болдырмауға немесе жеңуге болады?!

Зерттеу нәтижелері ЖОО оқытушыларының тұлғасының кәсіби деформациялары кәсіби мінез-құлықтың бейімделу моделінде (1-модель) жүзеге асырылатынын көрсетеді [1]. Мұғалім бұл таңдауды әрқашан саналы түрде жасамайды, бірақ оны жүзеге асыруда белсенділік танытады. Кәсіби деформациялар белгілі бір белгілер жиынтығымен емес, олардың арасындағы қарым-қатынастардың, байланыстардың сапасымен сипатталады. Кәсіби деформациялар ЖОО мұғалімінің жеке тұлғасын тұтастай қалпына келтіреді. Бұл жай ғана «тұтастықты бұзу», қасиеттердің өткірленуі немесе әлсіреуі емес, бұл күрделіліктің жоғарылауы аясында адамды басқа деңгейге әкелу болып табылады, қазіргі жағдайдағы өзара әрекеттесу жағдайлары, кәсіби міндеттерді орындау. Тұлғаның кәсіби деформациясын тұлғаның топырағын нәрлендіретін тұлға құрылымының «тік» деңгейі қалыптаспайтын жүйені жеңілдету жолындағы тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруының жолы ретінде қарастыруға болады. Шығармашылық, өзін-өзі жүзеге асыру. Сана қызметі деформацияланған, өмірдің мәнін, ондағы орнын іздеумен, жақсылық пен жамандықтың критерийлерін анықтаумен, адамгершілік қасиеттерге қайшы мінез-құлық мотивтерін қалыптастырумен байланысты.

Жоғары оқу орны оқытушысы тұлғасының кәсіби деформацияларының психологиялық ерекшеліктері тұлғалық қалыптасудағы жүйелі өзгерістермен анықталады [4]:

- жеке тұлғаның әлсіз құрылымдалған өзіндік санасы (өзін-өзі тануға мотивацияның жоқтығы, адам табиғатына гуманистік емес көзқарас, өзіндік қызығушылықтың төмендігі, өзін-өзі жүзеге асырудың төмен деңгейі, айқын тұлғаишілік қайшылықтар немесе оларды елемеу. Күнделікті өмірдің ситуациялық доминанттарының әсері, болмыстың «вертикалін» теңестіруді айтарлықтай қиындатады);

- негативизмге бейімді қарапайым психологиялық педагогикалық бағыттылық (төмен шығармашылық, өз өмірінің өнімсіздігін сезіну, өз өміріне жауапкершілік локусының төмендігі, өз өміріне қанағаттанбау);

- тұрақты қарым-қатынас қиындықтарымен (шығармашылықпен, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесудегі ерекшеліктің болмауы, өзіне деген көзқарасты дұшпандық, тәкаппар, талапшыл деп қабылдаумен байланысты қиындықтар; мінез-құлқының сәйкес келмеуі) коммуникативтік қабілетсіздік., реттеуге деген ұмтылыс, басқаны өзі үшін қайта жасау, қателерді кешіре алмау);

- белсенділік біліксіздігі (кәсіби іс-әрекеттегі формализммен, педагогикалық құзыреттіліктің сыни деңгейімен (мәселенің мәнін дұрыс түсінбеу қаупін тудыратын «шектік» жағдайдың бір түрі), басқаларды бағалаудағы синергетиканың, сыйламаушылықтың, төзімсіздік пен консерватизмнің болмауымен, төзімсіздікпен көрінеді. Серіктес қарым-қатынас үшін өзін табатын физикалық немесе психикалық ыңғайсыздыққа);

- жеке дәрменсіздік (мағынаны құрудағы қиындықтармен, өз өмірі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуды қаламаумен, өзін-өзі реттеудің төмен деңгейімен, тітіркену белгілерімен көрінеді; уақыт бойынша қабілетсіздік; жас, еңбек өтілі, дәрежесі, лауазымы беделін дәлел ретінде пайдалану.);

- қатандық күрделі формация ретінде, оның ішінде тұлғаның мінез-құлық, эмоционалдық және интеллектуалдық аспектілері. Эмоционалды күйіп кету синдромының шығуының экзистенциалды сипатын университет оқытушысы тұлғасының кәсіби деформацияларының психологиялық ерекшелігі ретінде қарастыруға болады. Кәсіби деформация белгілерінің ауырлық дәрежесінің әртүрлілігімен сипатталатын мұғалімдердің үш тобы анықталды. Бірінші топқа барлық бес фактор бойынша жоғары балл жинаған мамандар кірді, бұл жеке тұлғаның кәсіби дамуының дамыған өзіндік санасы мен интегралдық сипаттамаларын көрсетеді. Екінші топ бейімделген үлгіде жұмыс істейді деуге болатын мұғалімдерден құралды. Бұл топ гетерогенді: ол 1, 5 және 4 факторлар бойынша сапасы жағынан ерекшеленетін екі топшаны қамтиды [9].

Қорыта айтқанда, кәсіби деформация мамандарға жаһандану заманындағы қалыпты жағдайлардың бірі болып, дені сау тұлғаның денсаулығына қауіпті, жұмысқа қабілеттілігін төмендететіндігі дәлелдеуді қажет етпейді. Дегенмен де, бұл ауқымды мәселе зерттелуі сонау ғасырлардан бастау алса да, әлі де жан-жақты талдауды, тереңінен зерделеуді қажет ететін, толықтай ашылмаған, күн тәртібінен түспейтін тақырып.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдуллаева М.М. Жеке кәсіби сәйкестік: Психосемантикалық көзқарас. // Псих. журнал. - 2004. - Т.25. № 2. С. 86-95.
2. Абдуллаева М.М. Мәтіннің мағыналық сипаттамасы және кәсіби жұмыстың ерекшеліктері. // Вестник Моск. Ун.-та. Серия 14. Психология-2005. № 4. 25-37 беттер.
3. Абрамова Г.С. Практикалық психология. М.: Академия, 1997. - 363 б.

4. Абрамова Г.С., Юдичиц Ю.А. Медицинадағы психология. М., 1998. - 272 б.
5. Абулханова-Славская К.А. Тұлға типологиясы және университеттегі психологиялық қызметтің кейбір міндеттері
6. Аветисян К.А. Педагогтың мінез-құлық икемділігін дамытудың психологиялық мазмұны мен шарттары: Дис. . Психология ғылымдарының кандидаты: 19.00.07. /Псих. in.-t RAO. М., 2001.-176 б.
7. Азаров Ю.П., Азарова Ж.И.Х. трансцендентальды педагогика. Жоғары құндылықтар педагогикасының мазмұнының әдістемесі мен теориясының жалпы мәселелері. М.: МГУКИ, 2001.- 4.1.-92 б.
8. Альберт А. Тұлға мен қоршаған орта арасындағы қатынасты теңестіру. // Студенттер мен оқытушылар: Прок. материал. (Эстон тілінен аударылған). / Құраст. М.-И.Педаяс. Таллин, 1990.-б. 154-170.
9. Аминов Н.А. Мұғалімнің шаршауы. // 1 қыркүйек. 1999. - No 26. Б.4.

ӘОЖ 37.01

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әзімбаева Н.Б.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада интербелсенді әдіс пен оның білім алушылардың қарым қатынас мәдениетіне қалай әсер ететіні жайында баяндалған. Бәсекеге қабілетті, және жақты кадрлар даярлауда білім беру процесінде ең алдымен қарым қатынас мәдениетінің дұрыс қалыптасуы, сол қарым қатынас мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізуге интербелсенді әдістердің де рөл ойнайтындығы сөз етілген.

Түйінді сөздер: Интербелсенді әдіс, коммуникация, дидактика, педагог, қарым қатынас.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсуде, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Инновациялық оқу жұмысы оқу процесіне нәтижелі білім алуға бейімдейтін, жаңа технологияларды орынды енгізумен тұжырымдалады. Бұлар – кабельдік және спутниктік теледидарлар, бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар,

портфолио сияқты инновациялық технологиялар, оқудағы және тәрбиелеудегі, өмірлік дағдыларды қалыптастыру жөніндегі тренингтер, соның ішінде әлеуметтік тәлімдегі және т.б. жеке-дара жетістіктер. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен білім алушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Интерактивті әдіс дегеніміз – оқытудың өзара белсенді жұмыс істеу әдісі. Интерактивті әдістің мақсаты: жай ақпарат беріп қоймай, білім алушыларды өздіктерінен жауап іздеуге бейімдеу.

Интерактивті оқытудың негізгі мақсаттары:

- студенттер арасында еркін, ашық шығармашылық қарым-қатынас орнату;
- студентке білімді өз бетімен ізденуге бағыт-бағдар сілтеу;
- студентке қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру;

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалды, рухани бірігуі.

Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Бұл әдісте ең алдымен оқытудың формалары мен түрлерін, әдістерін түрлендіріп, жаңартып отыру, білім беру ісін технологияландыру (озық техникаларды мысалы: ғаламторды, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды т.б. пайдалану) керек. Ең бастысы білім алушыларды оқу әрекетінің субъектісі ретінде дамуын қамтамасыз ету керек. Олардың оқу әрекеттерін ынталандыруда барлығының көзқарастарына көңіл бөлу керек, пікірлеріне шынайы қызығушылық танытып, келісуі оларды белгілі бір шешім қабылдауға мәжбүрлемей, пікірлерін сынауға, жоққа шығаруға, кемсітуге жол бермеу керек.

Интерактивті әдіс кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы керек;
- тұлғаның өзін көрсете алуына жағдай жасау керек;
- оған өзіндік даралығын көрсетуге мүмкіндік жасау керек;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Оқытудың интерактивті әдістерінің артықшылығы:

- тұлғаның қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- тұлғаның пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интерактивті оқыту әдістерін қолданатын мұғалімдер, тек ақпарат беретін және өздерінің қатысуынсыз берілген тапсырмаларды білім алушылардың есте сақтауы нашар болады, білім алушылар қолдарындағы көтермелеуші қор – құрдастарының идеяларын пайдалана алмайды деп есептейді. Зерттеулердің "біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз" деген қорытындысын жиі естиміз. Біздің тәжірибе - соның дәлелі. Атқа шабу дағдысын меңгеру үшін, оны қалай жасау керектігін біреудің түсіндіргені немесе оны кітаптан оқып алу әлі жеткіліксіз. Ол үшін шындығында атқа мініп барып, дағдыларды меңгерген

абзал. Бұлай болатын себебі, іскерлікті практика жүзінде дамыта отырып, біз білгенімізді қайта өңдеп, оны әрекетке айналдырамыз.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі - «Интербелсенді оқыту әдісі». Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интербелсенді әдістерде басты назарды “процеске”, яғни үйрену процесінің өзіне, білім алушылардың “қалай” және “қандай” әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне” аударады. Яғни, интербелсенді сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлдене көмегімен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде білім алушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны аса маңыздырақ. Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық білім алушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекстеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде білім алушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады.

Интербелсенді оқыту - әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі нақты дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту білім алушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ретінде танылады.

Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде білім алушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ білім алушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі білім алушылардың белсенділігіне орын берсе, ал педагогтың тапсырмалары олардың бастамасы үшін жағдай жасаушы болады.

Қорытындылай келе, интербелсенді әдіс коммуникацияға, танымдық іс-әрекетке жақсы стимул береді. Мұғалім студенттерге көп көңіл бөле алады, бірігіп әрекет етуге тән ерекшелікте мұғалімге әрбір оқушының әрекетінен хабардар болуға, әрбіріне көңіл бөлуге және қажет болған жағдайда көмек беруге мүмкіндік туғызады. Студенттердің қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруда олардың сөздік қорындағы, біліміндегі, жас ерекшелігіндегі, кәсіби құзыреттілігіндегі және т.б. айырмашылық кәсіби қарым-қатынасында бөгет болуы мүмкін екенін ескеруіміз керек, себебі білім, құзырет тағы басқа қосымша көрсеткіштер қатысушылардың кәсіби деңгейін көрсетеді. Студент өзі қарым-қатынасқа түсушілердің рөлін статусын білуі, соған орай өзінің сөзін үйлестіре білу, қарым-қатынастың мәдениетаралық ерекшелігін ескере отырып, қажетті тілдік құралдарды пайдалана білу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Егенисова А.Қ. ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі, Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, 304б.
2. Егенисова А.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы, -Алматы: «Бастау», 2018, 352б.
3. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар- Алматы, 2006.
4. Д.Соростың ашық қоғамы ституациясының «Сорос - Қазақстан» қоры арқылы келген «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» 1999. – 123б.
5. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
6. Әбдіғали С.Ә. Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері: әдістеме. – Алматы: Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӨТУ.

ӘОЖ 159.922

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құсайынова А.

Ғылыми жетекші: Жанғозиева М.С.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерінің дамуы туралы айтылған. Олардың тұлғалық қасиеттерінің дамуына мұғалімдер және үлкендермен өзара қарым қатынас жасауының үлкен әсері болатынын және қарым - қатынас нәтижесінде әлеуметтік тәжірибені игеретініне тоқталған және тұлғаның құрылымдық компоненттерін ашып көрсеткен. Сондай-ақ, мақалада бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда отбасының роліне маңыз береді.

Түйінді сөздер: тұлға, мінез-құлық нормалары, тұлғалық қасиеттер.

Еліміздің егемендігі мен тіліміздің тәуелсіздігі де өскелең ұрпаққа жаңа талаптар қояды. Бала психологиясын жан- жақты зерттеп, оны терең білу, оның даралық ерекшеліктерімен үнемі санасып отыру мектеп пен мұғалімдерге жауапты да құрметті міндеттер жүктейді.

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшық еттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады.

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері мен тұлғалық қасиеттерінің мәнін ашуда Ресейдің Кеңес ғалым психологтары: А.В.Петровский, Р.С.Немов, Д.С.Мухина, С.Ф.Жустков, Д.Б.Эльконин және т.б. зерттеген. Сондай-ақ, Қазақстандық ғалым - психологтар Қ.Жарықбаев, М.Мұханов және т.б. осы жас кезеңнің көрініс беретін тұлғалық қасиеттерін зерттеген. Олардың бойында кездесетін мейірімділік, кішіпейілділік, тәртіптілік, ақкөңілділік, сүйкімділік және т.б. жалпы адамзатқа тән тұлғалық қасиеттердің жиынтығы дамидыны айқындаған.

Л.В.Петровский өз еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының жеке басының даму мүмкіндіктерін жан жақты сипаттайды. Баланы моральдық жағынан тәрбиелеу мектепке дейін басталады. Алайда, ол мектепте ғана орындалуы үнемі де мақсатқа бағытталып отыратын моральдық талаптардың айқын да, кең жүйесінде кездеседі. Бастауыш сынып оқушыларына мінез-құлық нормалары мен ережелерінің аса кең жиынтығы үйретілді, оларды оқушылар мұғаліммен және үлкендермен өзара қарым қатынас жасаудың әртүрлі жағдайларында, сабақтарда, үзілісте, жолдастарымен араласқанда, қоғамдық орындарда және көшеде болғанда басшылыққа алуы тиіс.

Балаларда мінез-құлық нормалары мен ережелерін сақтау көбінесе үлкендердің көңіл күйіне, қалыптасқан жағдайға және өз қалауларына байланысты деген сезім пайда болады. Баланың моральдық өрісінің дұрыс қалыптасуының ең қауіпті жауы мінез құлық нормалары мен ережелер жалған сипатта және ішкі қажеттіліктер үшін емес, қандай да бір сыртқы жағдайлардың әсерімен, соның ішінде жазаланамын деп қорыққандықтан орындалуы керек деген ұғым пайда болады. Бала тәрбие үрдісінің объектісі ретінде сырттан үлкендердің, қоғам-ұйымдардың және түрлі сананың, табиғат пен әлеуметтік ортаның сын сезініп, белгілі әлеуметтік тәжірибені және ақпаратты игереді.

Бала объективті тәрбие үрдісінің мүшесі ретінде әлеуметтік жүйеге еніп, белгілі тәуелділікке түседі. Соның барысында, балалардың дағдылары қалыптасып, іс-әрекеті, санасы, дүние туралы түсінігі қаланып, тұлғаның психикалық қасиеті мен ойлауы дамиды. Сөйтіп, бала қоғам өмірі мен өндіріске қатынасатын мүшеге айналады.

Бала - тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде табиғи күш пен қабілеттері негізінде алғашқы қажеттіліктер мен түрткілерге және қызығуына байланысты дамиды. Оның қабілеті мен қажеттіліктерінің қалыптасу мүмкіндігі мол, өйткені ол әлеуметтік орта және тәрбиемен тығыз байланысты, баланың жеке басының қалыптасуы тек ішкі заңдылықтармен шектелмейді, сол сияқты әлеуметтік жағдайдың ықпалынан да оның түрлі қыры, мысалы, дарыны, қызығуының дамуы немесе дамымауы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың мазмұны мен міндеттері тәрбие бағыттарымен өзара тығыз байланысты дамиды.

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады: біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру, екіншіден азаматтық өркениетті тұлғаның біртіндеп сіңіру, үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларындағы басты қажеттілік - оқушы болу. Ол сыртқы пішіні мен оқуда озат болу ниетімен, оқушының мінез-құлқымен, «мектеп оқушысын» алдымен мұғалімнің, содан соң құрбыларының тануымен, сыныптағылармен бірге болуға талаптанумен айқындалады.

Оқушының тұлғалық бейнесі осы міндетті өтудің көрінісі. Бұл жаста баланың бойында өзін оқушы сезіну, жақсы үлгеруші, қолынан бәрі келетін «екінші» немесе «үшінші» оқушысымын деген мақтаныш сезімі билейді.

Балалардың мінез құлық нормалары мен ережелерін шын мәнінде және негізінен игеруі алдымен мұғалімнің олардың орындалуын ескерудің жақсы жетілген әдістер мен тәсілдер жүйесінің бар екендігін білдіреді. Осы нормалар мен ережелерді айқын тұжырымдау, орындаушылықты міндетті түрде мадақтап және ұқыпсыздық пен тәртіпсіздікке бұдан кем емес міндетті және тиісті шаралар қолдану бастауыш сынып оқушыларының тәртіптілігі мен ұйымшылдығын тәрбиелеудің маңызды шарттары. Балада осы жаста қалыптасқан осындай моральдық қасиеттер-жеке адамның ішкі және табиғи жетістігі болады.

Бастауыш сынып оқушыларының өзара және мұғаліммен қарым қатынасты бағдарлауының алғашқы кезеңдерінде балалардың бір бөлігінде оларға тән емес белгілер көріне бастайды (тұйықсыздық, әдепсіздік). Бірақ, балалармен өзара қарым қатынасты орнату барысында әрбір оқушы өзінің шын мәніндегі дара ерекшеліктерімен көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда мектептің ата-аналары мен жүргізілетін жұмысының негізгі мақсаттары мыналардан тұрады. Біріншіден, ата - аналар мектепті балаларының шын жүрегімен қабылдайтын үйі деп санап өздеріде мектеп жұмысына көмектесуге дайын болуын қамтамасыз ету. Екіншіден, ата - аналарды жанұяда баламен өзара қарым - қатынаста болуға үйрету. Осындай мақсатпен мектептің әдістемелік бірлестіктері жанұя тәрбиесі мәселелері бойынша ата - аналар семинарларын ұйымдастырады. Онда ата - аналар балалардың дамуға, есеюге, бостандыққа ұмтылуының табиғатын және баланың бойында рухани байлықты қалыптастырудың маңыздылығын ол үшін қоршаған ортадан сүйіспеншілік сезімінің, мейірімділікпен сыйластықтың қажеттілігіне біледі.

Мектептің ата - аналармен жүргізетін жұмысы баланың мектепте және жанұяда, тұтас білім берушілік ортада тәрбие алуына жағдай жасауға бағытталған. Жанұя саналылық пен ынтымақтастықтың және болашақтың бастаулар негізі. Мұғалімдер жанұяның тәрбиелік мүмкіндігін толығымен аша отырып, ата –аналардың да гумандық педагогикалық мынандай идеясын мойындауына атсалысуы тиіс.

Бала туылғанда пәк болып, тек адамдық пен ізгілік қасиеттермен дүниеге келеді бұл ұлы заңдылық. Бірақ, пәктік ізгі ниеттілік балада өзімен - өзі ұзақ сақтала қоймайды. Балаға дұрыс тәрбие беру мақсаты - оған дұрыс білім беруге мүмкіндік туғызады. Ол үшін ата-аналар өз балаларының дүниеге келгенде белгілі бір құлықпен келетін, оны өзгерту мүмкін емес екенінің білулері қажет. Баланың дара ерекшелігін біле отырып, оның дамуына жағдай туғызады. Ол үшін әрбір ата - ана жас кезеңдеріне сай өзгерістерін, оған дұрыс қатынас жасау жолдарын біліп отыру, мектеппен сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы керек.

Ұлы халқымыз - «Тәрбиеде ұсақ түйек болмауы тиіс» - дейді.Отбасы тәрбиесінде ата-аналар және мектеп Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау жолында өз жанын аямайтын нағыз ұлтжанды, өз халқын, өз отанын шексіз сүйетін еліміздің нағыз қорғаны бола алатын азаматтарды шығару үшін ықпалы ерекше болады. Олардың өз бетінше әрекет етіп, дамуына бағыт беріп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Давыдов В.В Психология младших школьников.- М., 1990.
2. Калмыкова З.И Продуктивные мышление как основа обучаемости.- М., 1981.
- 3.Атемова Қ.Т. Оқушылар бойында гумандық қасиеттерді қалыптастырудағы отбасының ролі.- А., 2002.
4. Қалиев С.Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері.-А. 2002.

КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ерсаинқызы А.

Ғылыми жетекші: Жанғозиева М.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қарым-қатынас негізінде балалардың жеке басының қасиеттерінің дамуы туралы айтылады. Балалардың басқалармен қарым-қатынас құруы арқылы өз-өзін тану, бағалау мүмкіндіктерінің молаятыны және бұл кезеңде балалардың басқа адамдарды, яғни әлеуметтік ортасын танып білуге белсенділігін, қарым-қатынас жасауда өзара түсінісумен әрекеттестікті қажетсінуі, вербалды емес қарым-қатынас тәсілдері дамитыны туралы тоқталған.

Түйінді сөздер: қарым-қатынас, әлеуметтену, қарым-қатынас мәдениеті.

Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіріп, жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттігі айқындала түсуде.

Қарым-қатынас негізінде балалардың барлық жеке басының қасиеттері дамып, психикалық кейіптері қалыптасады. Сонымен қатар қарым-қатынас балалардың танымдық үрдістерінің жетілуін қамтамасыз ететін бірден-бір фактор және жағдай болады. Ал балалардың өзін-өзі дамытып, қалыптастыруы, реттей алуы, олай болса, өзіндік бағаның дұрыс болуын қамтамасыз ететін де балалардың ересектермен және басқа балалармен жасайтын өзара әрекеттестігі, өзара қатынасы және өзара ақпарат алмасуында болады.

Психолог-педагогтар А.Н.Леонтьев, И.Ф.Харламов қарым-қатынас ұғымына мотив ұғымының мазмұнын, В.Н.Мясищев оны қажеттілік ұғымының мазмұнымен теңестіреді.

С.И.Ожегов өз сөздігінде қарым-қатынас ұғымы өзара келісім, іскерлік және достық байланыс арқылы анықталады. Нақты әлеуметтану, психологиялық педагогикалық зерттеулерінде қарым-қатынас ұғымы өзара әрекеттестік, байланыс ұғымдарымен жақын мағынада қолданылады.

Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адам баласының тәлім-тәрбиесі мен өзгелермен байланыс орнатуының ерекше жолы. Қарым-қатынас – бұл адамдардың іс-әрекет процесіндегі өзара әрекет формаларының бірі. Қарым-қатынастың белгілі анықтамаларының бірде біреуі олардың біржақтылығының себебінен сынға төзбейді. Бұны қарым-қатынастың адамдардың біріккен өмір әрекетінің бірден көптеген жақтарын қамту ауқымдылығымен түсіндіруге болады, бұл қарым-қатынастың қанағаттанарлық дефиниясын өңдеудегі объективтік қиындық болып табылады.

Қарым-қатынас – педагогикалық үрдістегі өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін көкейтесті мәселелердің құрамдас бөлшегі. Қазіргі кезде ащы да болса кездесетін шындық – кейбір педагогтардың бойынан жат қылықтарды жиі

ұшырастырып қаламыз. Ондай олқылықтар мінез-құлыққа еніп, педагогтардың оқушыларға қарым-қатынас мәдениетін меңгерте алмауына жағдай туғызады.

Бастауыш сынып оқушыларының психикалық дамуының басты факторы қарым-қатынас болады. Балалар бұл кезеңде қарым-қатынасты ересек адамдармен және өз қатарластарымен құра алады. «Қарым-қатынас» ұғымы психология, педагогика және олармен салалас ғылымдарда қарастырылады. Бұл кезеңде балалардың басқа адамдарды, яғни әлеуметтік ортасын танып білуге белсенділігін, қарым-қатынас жасауда өзара түсінісумен әрекеттестікті қажетсінуі, вербалды емес қарым-қатынас тәсілдері дамиды. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қажет етуін, коммуникативтік мотивтерінің болуын, қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қалыптастыруды, қарым-қатынастан жалпы нәтиже алуды қамтамасыз ету қажет болады.

Баланың басқа балалармен қарым-қатынас құру арқылы өз-өзін тану, бағалау мүмкіндіктері болады. Ал, бастауыш мектеп жасы кезеңіндегі «бала-бала» жүйесі В.С.Мухина еңбектерінде сипатталады. Ғалым баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруы оның психикалық дамуына жағдай жасайтынын көрсетеді. Онда негізгі 3 жағдай баса көрсетіледі:

- 1) баланың балалар тобымен қарым-қатынас құруында ерекше, ересектермен жасалған қарым-қатынастан айрықша қатынас тағайындалады;
- 2) «бала-бала» жүйесінде ғана кейбір іс-әрекет түрлерін меңгеруге болады, яғни балалар топпен ғана ересекадамдардың қатынасын бірлесіп қайта жаңғырта алады;
- 3) балалар тобында мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары мен адамгершілік қасиеттерді қолданып, жаттығуға мүмкін болады.

7-8 жастағы балалардың басқа балалармен қарым-қатынасты қажетсінуін 3 топқа бөледі.

1-ші топқа қарым-қатынаста белсенді балалар жатады. Олар басқа балалармен байланыс жасағанда жағымды эмоциялы реакция, жұптасуға қызығушылық танытып, аса назар аудару, сезімталдық көрсетуі, жұптасының қарым-қатынас құруына түрткі болу сияқты мінез-құлық, жүріс-тұрысын көрсетеді.

2-ші топқа қарым-қатынаста енжар балалар жатады. Олар өздерін топ ішінде ұстай алмай, беймаза күй кешеді, жағымсыз эмоция танытады.

3-ші топ қарым-қатынаста ауыспалы болатын балалармен сипатталады. Оларға 1-ші де және 2-ші де топ балаларының тенденциялары тән болады.

Баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруда әрбір баланың ересектермен байланыс жасауындағы психологиялық жас ерекшеліктері айқын көрінеді-деп көрсетеді М.И. Лисина.

Олай болса, ұлттық салт-сана, біздің жағдайымызда қазақ отбасындағы әлеуметтік роль мен жыныстық ерекшеліктер, қазақ халқының адамгершілік құндылықтарын қарым-қатынаста ескерілуі қажет деп пайымдаймыз.

Қарым-қатынас аса үлкен құндылық болып табылады. Қарым-қатынасыз адамның тек өзін-өзі танып білу, әлеуметтену яғни индивидтің жеке тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік тәжірибені адамнан адамға, ұрпақтан ұрпаққа тарату, әлеуметтік топтардың қауымдастықтар мен мемлекеттердің өмір сүруінің өзі, сондай-ақ, индивидтің (дара адамның) психикалық іс-әрекеті де мүмкін емес.

Бастауыш сынып оқушысының өз құрбыларымен қарым қатынасы әртүрлі және осының өзі бұрын бала бақшада өсті ме, соған орай келеді. Бұлардың ұжымшылдық қасиетінің қалай қалыптасатынын алсақ, осының өзі I сыныпта әлі қалыптаспаған, балалар бақшасында тәрбиеленген балалардың бірқатары өзгелерден бөлшектеніп, өзін сол ұжым мүшесі деп санамайтыны кездеседі. Бұлар бір-біріне жаны ашып, көмектесу

дегенді білмейді. Тек өзіне басқалар кедергі жасамаса болғаны. Бірақ 2-3 сыныптарда бұл қасиеттер жойылып, бұлар өзара достаса бастайды. Баланың бір-біріне көмектесуі әуелгі уақытта мұғалімнің басшылығымен іске асады. Кейін барлығы өзара достасып, бірі өзгесіне мейірімді келе бастайды.

Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда, тәрбиеге қоғамдық бақылау және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бақылайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне мақсаттылықпен даярлау ісі деп қараймыз. Тәрбие ісі адамның қабілетін қоршаған ортада және оның санасында қалыптастыруды мақсат ететін болғандықтан, ол психологиялық процесс. Қатынас, әсіресе, дамып келе жатқан тұлғада тез дамиды да жаңа мағына мен жаңа нысанаға ие болады. Тұлға қатынасқа еңбекте, оқуда, спорттық жаттығуларда, мәдени қызмет барысында түседі. Сондықтан да тұлғамен дұрыс қатынас жасап, оның ынтасының дұрыс бағытта жүруіне көмек беріп, жөн сілтеу керек. Ежелгі дүние тарихына көз жүгіртетін болсақ, философ Платонның ұстазы Сократты мысалға алуға болады. Б.з.д. 470-399 ж.ж. Афинада тұрған Сократ, өзінен кейін бірде-бір еңбек жазып қалдырмаса да, оның оқушыларының мәліметі бойынша өзінің тыңдаушыларымен әңгімелесу арқылы дүниені, шындықты тануға ұмтылғаны көрінеді.

Қарым-қатынас мұғалім пен оқушының біріккен әрекетін реттейді, өзара әсерін қамтамасыз етеді, педагогикалық процестің тиімді өтуіне септігін тигізеді. Оқушылармен қарым-қатынас жасай отырып, мұғалім оның жеке және тұлғалық ерекшеліктерін анықтайды; құндылық бағдары, тұлғааралық қарым-қатынасы, іс-әрекеті туралы ақпарат алады.

Қазіргі қоғамымыздың әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани өміріндегі өзгерістер адамгершілік құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі қайта қарастыруды қажет етеді. Әсіресе, әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында адамның адамға қатынасын ізгілендіріп, жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттігі айқындала түсуде. Қарым-қатынас мәселесі күнделікті әлеуметтік өмірде ғана емес, білім беру саласында да маңызды. Қарым-қатынас адамзат қоғамының және жеке тұлғаның жарқын өмір сүруінің міндетті шарты. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары үшін қарым-қатынас аса үлкен құндылық болып табылады. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетінің дамуы - баланың белсенділігінің бірден бір алғы шарты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1980.
2. Бодаев А.А. Личность и общение. - М., 1995.
3. Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и на других. - М: 1996.
4. Брудный А.А. О проблеме коммуникации.- М., «Наука», 1975.
5. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Киев, 1975.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕ Ә.ӘЛІМЖАНОВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Жумамуратов Н.А.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақала тәуелсіздік жолындағы күрестегі Ә.Әлімжановтың қызметіне арналған. Мақалада Әнуар Әлімжановтың еңбектері көрсетіледі. Мақаланың негізінде қазақ халқының мүддесін қорғаған, әлемдік мәселелерді шешуде, қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күресінде белсенділік танытқан Әнуар Әлімжанов қызметі жатыр. Автор Әнуар Әлімжановтың Семей полигонын жабуына атсалысуы, «Желтоқсан оқиғасына» байланысты үндеуі, КСРО өмір сүруін тоқтатудағы қызметтеріне кең тоқталады. Автордың мақсаты тәуелсіздік жолындағы күрестегі Әлімжановтың қызметін таныту.

Түйінді сөздер: Тұлға, жазушы, қоғам қайраткері, қоғамдық қызмет, журналист, мақала.

АҚШ Президенті Джон Кеннеди: «Мемлекет маған не берді емес, мен мемлекетке не беремін?» деп айтқан [1]. Бүгінгі күнге еліміздің экономикасын көтеруге, әлеуметтік жағдайын дамытуға ат салысатын бәсекеге қабілетті тұлғалар, яғни жоғарыдағы сөзді ұран қылатын азаматтар керек. Біз кешегі тарихқа көз салып, елі үшін ерен еңбек еткен тұлғалар туралы, олардың өнегелі өмірінен сабақ алуымыз қажет. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап, ұлт тарихында ізі бар тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы ғылыми еңбектер мол жарық көрді.

Өткен тарихқа көз салсақ, сонау сақ дәуірінен басталған көшпелілер тарихында келешекке үлгі боларлық тұлғалар көп. Мысалы, Мөде, Бумын, Аттила, Иштеми, Күлтегін, Білге, Шыңғысхан, Әмір Темір, Бату, Қасым, Есім, т.б. белгілі есімдер мәңгі қалғанын көреміз [2, 25 б.]. Бұл тұлғалардың тарихта үлкен орны бар.

Бүгін біз бұлардан үлгі алған данқты азаматтардың жалғасы, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының мүддесін қорғап, әлемдік мәселелерді шешуде белсенділік танытып, ұлттық мәдениет пен әдебиетті дамытуға күш салған және өз шығармаларында қазақ халқының тарихын дәріптеген Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы күрестегі қоғамдық қызметі жайлы сөз қозғаймыз.

Жазушы және қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың тұлғасы зерттеліп, осы кезге дейін бірнеше еңбектер жарияланды. Қоғам қайраткерінің өмірі жайлы зерттеп, «Әнуартанудың» негізін қалаған жазушы Ғаббас Қабышұлы болатын. Бұл кісінің «Әлем таныған Әнуар»[3, 5 б.], «Біздің Әнуар»[4, 5 б.], «Әнуар 90» [5, 3 б.] атты кітаптары жарық көрді. Қазіргі таңда жазушы жайлы құнды мақалалар жазып жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин, Құныпия Алпысбаев т.б. айта аламыз. Әнуар Әлімжанов туралы елуінші жылдардан бастап мақалалар жария көрген. Мұхтар Әуезов 1961 жылы сәуір айында «Доброе начало» атты мақаласын жазған. 1966 жылы 28 қаңтарда Әбіш Кекілбаевтың «Азамат» атты мақаласы шықты. Сондай-ақ, 1970, 1980, 1990 жылдары Қазақстанның белгілі азаматтар Әзілхан Нұршайықов, Хасан Оралтай, Ахияр Хаким, Виль Ганиев, Қалаубек Тұрсынқұлов, Морис Симашко, Қалихан Ысқақұлы, Герольд Бельгер, Әбілмәжін Жұмабаев, Камал Смайылов, Тұманбай Молдағалиев, Дулат Исабеков, Амантай Сатаев, Марфуға Айтқожа, Сәкен Иманасов, Тоқтар Бейісқұлов, Мұқай Байсейітов, Сағат Әбішбаев, Т.Сыдықов т.б. Әнуар

Тұрлыбекұлының шығармашылығы, қоғамдық қызметі туралы мақалар жазған [3, 190 б.].

Әнуар (Әнуарбек) Тұрлыбекұлы Әлімжанов (1930-1993 ж.) 1930 жылы 12 майда Талдықорған облысы, Андреев ауданы «Қарлығаш» аулында дүниеге келген. Балалық шақта алдымен шешеден, кейін 1941 жылы ақпанда әкеден жетім қалып, Әнуар Әлімжанов «Екпінді» интернатындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алған. 1947 жылы Ә.Әлімжанов Лепсі педагогикалық училищесін, 1954 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімшесін бітірген [6, 4 б.].

Жазушының алғашқы мақалалары «За отличную учебу» және «Ленинская смена» газеттерінде жарық көрген. «О чести студента» (1952 ж.) [7, 1 б.], «В долгу у читателей» (1952 ж. 4 тамыз) [7, 2 б.], «Ленинская смена» гезетінде «Учитель» [7, 3 б.] (1952 ж. 13 желтоқсан), «За отличную учебу» газетінде «Любимая специальность» (1952 ж. 13 маусым) [7, 8 б.], «За отличную учебу» газетінде «Я не любил вас...» (1953 ж. 18 ақпан) [8], «За отличную учебу» газетінде «Прощание с любимым вождем. (выступление на траурном митинге коллектива университета 9 марта) (1953 ж. 13 шілде) [9] сынды т.б. туындыларын айтсақ болады. Жазушы өмір жолында жиырмаға жуық кітап жазды, солардың ішінде тарихи-көркемдік тұрғыдан жазылған «Жаушы», «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың оралуы» атты кітаптарының орны ерекше деп айта аламыз.

1954 жылы ақпан айында Әнуар Әлімжанов өзінің журналистік қызметін «Алма-Атинская правда» газетінде бастады. 1955 жылдың наурыз айынан бастап «Литературная газетаның» Қазақстандағы меншікті тілшісі болды. Бұл жұмыстан кейін журналист Қазақстан Лениндік коммунистік жастар одағы (ЛЖКО) Орталық Комитетінің органы «Ленинская смена» газетінде редактордың орынбасары, 1968 жылы «Правда» газетінің тілшісі, 1970 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметтерін атқарды [10, 81 б.]. Әнуар Әлімжанов Кеңес Одағының тұсында шет елге ең көп шыққан журналист ретінде танылды. Журналистік іс-сапарларында әлемнің АҚШ, Куба, Англия, ГФР, ГДР, Польша, Болгария, Франция, Италия, Греция, Марокко, Алжир, Тунис, Сирия, Ливан, Египет, Ирак, Иран, Түркия, Үндістан, Цейлон, Пәкістан, ҚХР, КХДР, Малайзия, Жапония, Ангола, Конго, Сенегал, Гвинея, Мали сынды 31 мемлекетінде болған [11, 486.]. Бұл өз кезегінде жазушыны халықаралық журналист ретінде кең танытты.

Қоғам қайраткерінің ірі қоғамдық қызметтеріне М.Әуезовті КГБ-дан құтқарудағы еңбегін, Алматы қаласында 1973 жылы бесінші Азия және Африка елдері жазушыларының халықаралық конференциясын ұйымдастыруын, М.Шоқайды ұлт тарихына қайтарудағы рөлін, Семей полигонын жабудағы еңбегін, «Желтоқсан оқиғасына» байланысты үндеуін, халықаралық сапарларын, КСРО өмір сүруін тоқтатудағы қызметін айтсақ болады. Осылардың ішінде Қазақстанның Тәуелсіздік алуына тікелей себеп болып, ұлттық сананың өсуіне әсер еткен Семей полигонын жабуына атсалысуы, «Желтоқсан оқиғасына» байланысты үндеуі, КСРО өмір сүруін тоқтатудағы қызметі зор маңызға ие.

Қазақстан жазушысы Ғаббас Қабышұлының «Қазақтың қарапайым бір баласы» атты мақаласында Әнуар Тұрлыбекұлының 1986 жылы Қазақстанда болған «Желтоқсан оқиғасы» туралы Мәскеуден шығатын «Литературная газетада» бірінші болып мақала жазғандығын айтады. Бұл «Что произошло в Алма-Ате?» атты мақаласы еді. Мақалада жастардың жазықсыз жазалануын, оған орталық басшыларының кінәлі екендігін жазып, студенттерді ақтап, жастардың кінәсі жоқтығын айтып, арандатушылық пиғылды бұзақылар іс-әрекетін әшкереледі.

Бұдан басқа осы оқиға жайлы Ә.Әлімжановтың «Комсомольская правда» газетінде жариялаған мақаласы да бар. Онда: «Бұл үлкен табиғи апаттан да жаман... табиғи апаттар кезінде адамдар өздерінің ең жақсы адами қасиеттерін, бірлігін көрсетеді.

Осы сияқты Желтоқсан оқиғасы біздің көңілімізге ой салды, біздің жанымыздың ауырғанын көрсетті» деп сол оқиғаны сипаттайды. Осы мақалаларындағы пікірі үшін, жастарды қорғағаны үшін кінә таққандар да болды. Сол кездегі басшылар жазушыға ұлтшылсың деп айып тағып, басқа жаққа кетуін талап етіп, қорқытып хат жазған. Кеңестік билікте жүріп, басшылықтан қорықпай, оларды қатаң сынға алған Әнуар Әлімжанов алғашқылардың бірі болып «Желтоқсан оқиғасын» ашық жазған болатын [12].

1990 жылы 10 қарашада «Атом күлінің астында қалмас үшін!» Ядролық қарусыздану жөніндегі ұлттық комитеттің конференциясында және 1990 жыл 13 қарашада Ұлыбритания қауымдар палатасында ядролық қаруды тоқтату жайлы баяндама жасады. Кеңес Одағы, Ұлыбритания, Франция, Қытай, АҚШ-тағы ядролық жарылыстар туралы, Қазақстанның Дегелен сынақ алаңындағы 467 жарылыс болғандығын, бұл адам қолымен жасалып отырған ақырзаман екендігін айтты. Қоғам қайраткері өз баяндамасында былай дейді: «Бүгінгі тақырып біз көп жылдар бойы айта алмаған тақырып. Біз өзімізді ұзақ уақыт бойы алдап келгенбіз, бір-бірімізді алдап та алдық. Кейде өтірік айту арқылы біз өзіміз оған сене бастадық. Бірақ қазіргі жағдайда өтірік өліммен тең болады. Барлығы шектен шықты. Біз өзімізге де, жерімізге де зиян келтірдік. Әңгіме Семей полигоны туралы ғана емес, бүгінгі басты мәселе - қазақ жерінің экологиясы екендігі туралы...!» [4, 88 б.].

Әнуар Тұрлыбекұлы «Шоқайтану» ғылымының негізін салушы десек ағат айтпаймыз. Өйткені, ол Шоқай мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді. Шоқайтанушы Абдіуақап Қара өзінің «Мұстафа Шоқай» атты кітабында бұл туралы кең тоқталған. Ғалымның айтуы бойынша, Қазақстанда Шоқай туралы жазуға алғаш қадам басқан Бейбіт Қойшыбаев. 1990 жылы 17 мамыр күні оның «Ана тілі» газетінде «Беймәлім Тағдыр Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз» атты мақаласы шықты. Осы автор екінші мақаласында Шоқайдың еңбектерін жұртшылыққа таныстырады [13, 291-293 б.].

М.Шоқай жайлы алғашқы толық ғылыми мақаланы Ә.Т.Әлімжанов жазды. Жазушының «Дороги людей-дороги человека (вспоминая Мустафа Шокай-улы) атты кітапша 1991 жылы мамыр айында «Шелковый путь» баспасынан 50000-тиражбен шыққан болатын. Біз бұл еңбекті оқығанымызда Әнуар Әлімжанов: «М.Чокай-бей «Туркенстан под властью Советов» (Оксфорд, 1985 ж.)», « «Ян Туркенстан» (Париж) газетінің: «Памяти Мустафы Чокай-бей» мақаласы», «Т.Рыскуловтың: «Революция и коренное население Туркестана» (Ташкент, 1925 ж.)» т.б. тарихи еңбектерді зерттеп, көптеген деректерге сүйеніп жазғанын, М.Шоқайдың өмірі туралы мұрағат деректерін қолданғанын байқадық [14, 2 б.]. Бұнымен қатар 1991 жылы 31 мамырда Ә.Әлімжановтың «Мұстафа Шоқай!..Ол кім?» атты ғылыми мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде шықты. Бұл мақалада М.Шоқай туралы толық деректер келтіріп, оның өмірі мен қызметі туралы құнды мәліметтер береді. Ұлтжанды азамат екендігін мұрағат құжаттарына сүйене отырып, тұлғаны ақтайды. Осыдан соң Мұстафа Шоқайдың халықтық қаһарман тұлғасы қалыптасты [14, 16.].

1991 жылы 29 қазан айындағы сайлауда 27 дауыс жинап КСРО Жоғарғы Кеңесі Республикасы Кеңесінің Төрағасы Әлімжанов Әнуарбек Тұрлыбекұлы сайланады [15, 31 б.]. Әнуар Әлімжанов 1991 жылы 26 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Республикалар Кеңесінің КСРО-ның халықаралық құқықтың субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтату және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы тарихи «No 142-N декларациясына» қол қойды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Республикалар Кеңесінің соңғы отырысында: «Уважаемые народные депутаты-полномочные представители независимых государств! Время распорядилось так, что на мою долю выпала тяжелая участь провести последни заседание Верховного Совета СССР, вернее верхней палаты

Совета» (Құрметті халық қалаулылары, тәуелсіз мемлекеттердің өкілетті өкілдері! Уақыт КСРО Жоғарғы Кеңесінің, дәлірек айтсақ Кеңестің жоғарғы палатасының соңғы отырысын өткізу менің үлесіме бұйырды) деп шығып сөйлеп, ол Кеңес Одағының өмір сүруін тоқтағанын жариялаған болатын [16, 2 б.].

КСРО ыдырағаннан кейін Ә.Т.Әлімжанов Қазақстандағы саяси қызметін жалғастырды. 1992 жылы наурызда Қазақстан социалистік партиясының төрағасы болып сайланды. Сол жылдан бастап «Таң» телеканалының көркемдік жетекшісі болып қызмет жасады. 1993 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ол Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің құрамына енді. Алайда, ауыр сырқат Ә.Т.Әлімжановтың жоспарлары мен үміттерін жүзеге асыруға кедергі болды. 1993 жылы 9 қарашада Әнуар Әлімжанов қайтыс болды [17, 10 б.].

Қорытындылап айтқанда, ұлттық сана-сезіміздің оянуына, төл тарихымызды қайта тіктеуге, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, ұлы бабаларымызбен қайта қауышуға, халықаралық деңгейде мерекелер өткеруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуіне Әнуар Әлімжановтың қызметі үлкен. Біз жігерліліктің, Отансүйгіштіктің, жасампаздықтың жарқын үлгісі болған Әнуар Әлімжанов өнегелі өмірін жас ұрпаққа өнеге тұтамыз. Тәуелсіздік жолындағы Әлімжанов еңбегі орасан зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Артем Кречетников. Инаугурация: как это делают в других странах. / BBC News Русская служба. 3 мая 2012 / [электронды мәлімет]: https://www.bbc.com/russian/international/2012/05/120503_inauguration_part3_worldwide
2. Озғанбай Ө. Тарихи тұлғалар тағылымы. – Астана: Фолиант, 2016. – 440 бет.
3. Ғаббас Қабышұлы. Әлем таныған Әнуар. Естеліктер жинағы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2000. - 192 бет.
4. Ғаббас Қабышұлы. Біздің Әнуар/Наш Ануар. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010 б.-392 б. - 8 жапсырма.
5. Қабышұлы Ғ. Әнуар 90: мақалалар. - Алматы: «Тоғатай Т» баспасы, 2020. – 360 б. - 8 жапсырма.
6. А.Т.Алимов. Политический, общественный деятель Казахстан, писатель, журналист. К 80-летию со дня рождения 12 мая 1930 г.-9 ноября 1993 г. Сборник документов. Отв. Редактор Б.А. Касенов Алматы Архив Президента РК 2010 – 63с.+24 вкл. С фотографиями
7. Архив Президента РК. Статьи Анар Алимована раннее приода: о студенческой жизни, журнал «Әдебиет және искусство», о композиторе Курмангазы Сағырбаеве и др. Газетные вырезки. Ф.167-НЛ. Оп.1. Д.71.
8. За отличную учебу, 1952 г, 19 сентября.
9. Алимов А. «Я не любил Вас...»// За отличную учебу, 1953, 18 февраля.
10. Алимов А. «Прощание с любимым вождем. (выступление на траурном митинге коллектива университета 9 марта).// За отличную учебу, 1953, 13 июля.
11. Справочник по архивным фондам личного происхождения // Сост. Ш. О. Тулеуова / Под общей редакцией проф. Б. А. Джапарова. Издание 3-е, дополненное. Алматы, 2017. 368 с.
12. Қабышұлы, Ғ. Әнекенің айыбы не?// Егемен Қазақстан. - 2019. - № 22. - 3 ақпан. - 9 б.
13. Әбдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Зерттеу. / Түрік тілінен қазақ тіліне аударған Гүлім Блен Шадиева. – Астана: «Педагогика-Пресс Баспа Үйі», 2012, – 372 бет.

14. «Дороги людей – дорога человека» = «Мустафа Шокай – человек – легенда» (Вспоминая Мустафу Шокай – улы), «Мустафа Шокай! Ол кім?» – варианты статьи (1991). Ф.167-НЛ. Оп.1. Д.150. Лл. 2-3

15. Документы об избрании и деятельности А.Т.Алимжанова Председателем Совета Республик Верховного Совета СССР в период распада СССР, декабрь 1991 г. Ф.167-НЛ. Оп.1. Д. 39. Л. 31 – 112.

16. Декларация Совета Республик Верховного Совета СССР в связи с созданием Содружества Независимых Государств. 26 декабря 1991г. Ф.167-НЛ. Оп.1. Д.40. Лл. 1 – 2. Копия авторизованная машинопись.

17. Документы по оформлению везда А.Т.Алимжанова и сопровождении его членов семьи на лечение в госпиталь Франкфуртского Университета. Ф.167-НЛ. Оп.1. Д.8.

ӘОЖ 94 (574) "17/19":32.019.5

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨЛКЕСІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

Калилаева А.

Ғылыми жетекші: Нурманова А.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің негізгі бағыттары, ғылыми зерттеу жұмыстары жүйелі, жоспарлы зерттеулер ізденістерінің нәтижелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: Батыс Қазақстан облысы, тарих және археология орталығы, мәдени мұра, экспедиция.

Академик М.Қ.Қозыбаев батыс өлкесін зерттеу маңыздылығын былайша тұжырымдайды: «Қазақстанның батыс аймағы, оның тұрғындары мен географиялық ландшафты тарихшы-зерттеушілер үшін қазақтардың этногенезінің негізгі кезеңдерін, Еуропаның шығысындағы халықтармен қарым-қатынастар тарихын бақылауға мүмкіндік берген ғылыми ізденістердегі маңызды нысанаға айналды» [1, с. 230-232]. Кеңес Одағының ыдырауы, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер қоғамда түрлі қарама-қайшылықтар тудырды. Бұрынғы идеологиялық шектеулердің алынып тасталуы, формациялық ұстанымнан бас тарту археология саласына да әсерін тигізді. Тоқсаныншы жылдардың өтпелі кезеңіндегі қаржылық қиындықтарға қарамастан Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы еліміздегі ұлттық мәдени мұраларды және отандық тарихымызды тануға, зерттеуге тарих бетіне ел тарихында өзіндік орны бар есімдерді қайта оралтуда бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Қазақстанның батыс өлкесіндегі VIII-XVIII ғ. ортағасырлық жерлеу ескерткіштерін жариялау мен жүйелеуге арналған А.А.Бисембаевтың алғашқы кандидаттық диссертациясының жазылуы өлке тарихын зерттеуге, яғни өлке археологиясына деген құлшынысты арттырды. 1998 жылы жалпы Қазақстанның, жекелеген облыстардың тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын құрастыру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары жандана бастады. Батыс Қазақстанда кең ауқымда этномәдени тұрғыдан зерттеу шеңберінде шыққан арнайы экспедиция (жетекшісі — С.Әжіғалиев) дәстүрлі-халықтық, бірінші кезекте, мемориалдық-ресми сәулет ескерткіштерін қарастырды. Батыс Қазақстан облысындағы

Ақжайық, Казталов, Бөкей ордасы, Жаңақала, Сырым, Қаратөбе аудандарының аумағындағы ескерткіштер назарға алынды. Экспедиция жұмысы барысында Жайықтың оң жағалауы Бөкей ауданы жағында орналасқан ескерткіштер зерттелді, сондай-ақ, Жайықтың сол жақ бетіндегі қорымдарға барлау жасалып, есебі алынды. Далалық Жайық өлкесінің ескерткіштерінде географиялық фактормен қатар, өлкелік тарихи-әкімшілік ерекшеліктері де ескерілді [2, 13-19 б.].

2001 жылы территориядағы археологиялық жұмыстар нәтижесі облыста жүйелі зерттеулерді жалғастыру мақсатында арнаулы ғылыми ұйымды құру қажеттілігі туындады. Сондықтан облыс әкімі Қ.Е.Көшербаев шешімімен 2002 жылы 22 ақпанда облыстық тарих және археология орталығы құрылды. Батыс Қазақстан тарих және археология орталығындағы ғылыми зерттеу жұмыстары жүйелі, жоспарлы зерттеулер бағытының дамуы жаңа қарқынға ие болды. Яғни, орталықтағы ғылыми зерттеулерді археолог мамандар жүргізе бастады. Археологиялық қазбалар мәдени мұраның материалдық және рухани құндылықтарын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, мәдени, рухани мұраларды насихаттай отырып, азаматтарды осы мұраларды сақтауға жұмылдыру арқылы патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптастыруды көздеді.

Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы археология саласындағы негізгі бағыттарды, алдымен, археологиялық ескерткіштерді, сонымен қатар тарихи-мәдени мұраларды анықтап, есепке алып, мемлекеттің қорғауына алынған ескерткіштер тізіміне қосумен, екіншіден, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен айналысады [3, 12-25 с.]. Орталық қызметінің негізгі бағыттары қатарына тарих, археология және этнография салалары бойынша жан-жақты, қолданбалы ғылыми-ізденістерді ұйымдастырумен, мәдени құндылықтарды қалыптастыру, қайта құру, тарату, сонымен қатар мәдени, рухани мұраларды насихаттай отырып, азаматтарды осы мұраларды сақтауға жұмылдыру ісімен, тарих және археология ғылымдарындағы анықталған, зерттелген, жетістіктерді ғылыми айналымға енгізу, оқу-тәрбие үрдісінде қолдану, зерттеуді жандандыру жұмыстары кірді. Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы Қазақстанның, Ресейдің және Өзбекстанның жетекші ғылыми мекемелерімен, сонымен қатар ғылыми институттарымен тығыз әріптестік және ғылыми байланыс орнатты. Атап айтсақ, Қазақстанда Тарих және этнология Институтымен, ҚР Шығыстану және Ә.Марғұлан атындағы археология институттарымен, Ресейде Ресей Ғылым академиясының Археология институты (Москва қаласы), Ресей Ғылым академиясының Дала институты (Орынбор қаласы), Топырақтанудың физика-химиялық және биологиялық мәселелері институты (Мәскеу қаласы), Еділ маңы археологиялық ғылыми зерттеу институты (Волгоград қаласы), Саратов мемлекеттік университеті (Саратов қаласы), Оңтүстік Орал Ғылыми орталығы (Челябинск), Татарстан Ғылым академиясының Ш.Марджани атындағы тарих институты (Қазан) және Өзбекстан Ғылым академиясы (Нүкүс қаласы) Қарақалпақстан бөлімшесімен іскерлік байланыс орнатылды [4, С. 16-26]. 2002 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетімен Орал кешенді археологиялық орталығы біріккен экспедиция ұйымдастырып, Шыңғырлау, Қаратөбе, Жымпиты, Бөрлі, Сырым, Тасқала аудандарында барлау жұмыстары жүргізілді. Қырық-оба, Ілекшар, Лебедровка кешендерінде М.Н.Сдықов, А.А.Бисембаев, С.Ю.Гуцалов жетекшіліктерімен қазба жұмыстары жалғасын тапты. О.А.Артюхова жетекшілігімен Үлкен Ичка тауындағы Ешкітау тұрағында жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде, тұрақтың «леваллуа-ашель» ареалының индустриясына жататындығы анықталды. Археологиялық қазба нәтижесінде 2 мыңнан астам жәдігерлер табылды.

Жайық бойындағы көне шаһарларды іздеу Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы жұмысының негізгі бағытының бірі болды. Жайықтың мол суы,

табиғи-климаттық орта отырықшы қоныс үшін таптырмас мекен. Бұл жерді адамдар көне заманнан бері қоныстанған және негізінен көшпелі өмір салтын ұстанды. Өлкеде бірнеше сауда және керуен жолдары өткен, бұл жөнінде жазба деректемелерден кездестіруімізге болады. Батыс Қазақстан облысы аумағында ортағасырлық бірнеше қала болған. Оның үшеуі археологиялық қазба жұмыстар кезінде табылды. Олар - XIII-XIV ғасырларға жататын, Жайық өзенінің жағасында, Орал қаласынан 12 шақырым жерде орналасқан «Жайық» қалашығы, Жаңақала ауданындағы «Өзен» қалашығы және Казталов ауданындағы «Жалпақтал» қалашығы. Археологтардың пікірі бойынша, Жайық қалашығы қазіргі Орал қаласының арғы түп-тамыры болып табылады. Жайық қалашығының маңызы Сарайшық қаласымен бірге сол кезеңдегі Батыс Қазақстанның қалалық мәдениетінің ірі ескерткіштері екендігінде болып отыр. Бұл қалашықтың табылуы өлкеміздегі қала мәдениетінің даму тарихын 300 жылға ұзартты. Демек, аталған тарихи ескерткіш өлкеміздегі қала мәдениетінің өз бастауын көнеден алатындығын нақты дәлелдей түседі. Орал жерінде қалалық мәдениеттің пайда болу кезеңі XIII ғасырдан бастау алатындығы Ресей, Қазақстан мұрағаттарындағы кең танымал жазба көздеріне сүйене отырып, Шығыс және Еуропа авторларының қайта енген еңбектерінің негізінде, 2003-2004 жылдары М.Н.Сдықовтың басшылығымен құрамында К.М.Байпақов, И.В.Ерофеева, С.С.Кривобокова, В.А.Иночкин сынды ғалымдар тобымен бірлесе отырып жазылған «Уральск: древний и современный: Очерк истории» атты еңбекте толыққанды баяндалған. Орал жерінде қалалық орнығулардың пайда болу тарихи кезеңдері толыққанды жазылған [5, с.71-109]. Ұлы Жібек жолының тек сауда жолы емес, ұлттар мен халықтардың мәдениет алмасу, пікірлесу жолы деп атап, соның ішінде батыс пен шығысты, Еуропа мен Азияны бір-бірімен жалғап жатқан Жайық қалашығының алатын орны ерекше болғандығын, ғалым К.Байпақов Тарих және археология орталығы ұйымдастыруымен өткен ғылыми конференцияда (Орал, 2012 ж.) оқыған баяндамасында тың деректермен атап өткен болатын. Ал, «Жайық қалашығы үлкен өркениеттің ордасы болған шаһар. Мысалы, бұл жерден табылған шығыс моншасы – хаммам тек ауқатты, шынжыр балақ, шұбар төс дерлік ақсүйектер пайдаланатын қоғамдық орын болып саналады. Алтын Орда кезеңінде өркендеген 210 ортағасырлық шаһар қазір белгілі» деп, қалалық мәдениеттің орын алғандығын тарих ғылымының докторы, Ресей ҒА этнология және антропология институтының ғылыми қызметкері Э.Зиливинская тұжырымдады. М.Н.Сдықов жетекшілігімен Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы зерттеулері негізінде Батыс Қазақстан территориясында тарихи үрдістерді зерттеуде қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуын былайша жіктеді: бірінші кезең- XIII-XV ғасыр, яғни Алтын Орда дәуірінің қалалары пайда болған кезең, екінші кезең –XVI ғасырды қамтиды, яғни әскери қоныстардың қалыптасуы мен Орал казак жасағының қалыптасуы. Орал облысы құрылып, қаланың өзі жеке облыс ретінде әкімшілік-территориялық бөлініс негізінде құрылуы үшінші кезеңді қамтыса, Орал губерниясы құрылғаннан, самодержавиенің құлауымен, Кеңес билігінің орнауы төртінші кезеңді, ал Кеңес Одағының құлауымен Орал қаласы тарихының жаңа кезеңімен бесінші кезең басталады, деп тұжырымдады [6, с.17-21].

Облыс аймағындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтап, тіркеу нәтижесінде 14 томнан тұратын Батыс Қазақстан облысының табиғи және тарихи-мәдени ескерткіштерінің жиынтығы құрастырылды. Аталған еңбектің екі ерекшелігі бар. Біріншісі, басылымның жан-жақтылығы, жинақта тек мәдени және тарихи ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар, бірегей табиғи нысандар мен аймақтар енгізілді. Екіншісі, бұл еңбекте Батыс Қазақстанның барлық аудандары мен облыс орталығы Орал жеріне дербес том және жалпы Батыс Қазақстан облысын қамтитын екі томдық даярланды [7]. Әрбір

жиынтық басылым 3 бөлімнен тұрады – а) табиғи мұра ескерткіштері; ә) археологиялық ескерткіштер; б) этнография, сәулет және монументальды өнер ескерткіштері. Әр бөлімде анықталған нысандардың нақты орналасқан жерінің картасы, ескерткіштің фотосуреті және графикалық бейне сызбалары жинақталды. Аталған зерттеулер құндылығы, жастарды патриоттық негізде тәрбиелеуде және тұрғындар арасында отандық тарих пен мәдениет құндылықтарын насихаттауда маңызды мәнді иеленеді. Себебі жинақталған материалдар тек оқу үрдісінде ғана емес, тәжірибе қызметінде де қолданылды. Орталық қызметінің келесі бағыты – насихат және тарихи-мәдени мұраны қорғау болып табылады. Тарихи-мәдени мұраны насихаттау ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалардан, жыл сайын өткізіліп тұратын конференциялардан, бұқаралық ақпарат құралдарына берілген сұхбаттармен қатар, мұражайларда жабдықталған жәдігерлерді таныстыру арқылы көрініс табады. Тарих және археология орталығының бастамасымен бірнеше жылдар бойы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылып келеді. «Батыс Қазақстандағы археологиялық зерттеулер және оның кейбір қорытындылары мен болашағы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы тарих және археология орталығының археологиялық қазба жұмыстарының есебіне арналса, «Қазақстан-Ресей жас ғалымдары мен студенттерінің археологиялық-этнологиялық» атты конференциясы археология ғылымының көкейкесті мәселелерін қамтыды, «Мәдени мұра» бағдарламасы - тәжірибе, мәселелер және тарих ғылымының даму болашағы» атты конференция орталықтың тәжірибе алмасу жұмыстары, тарих және археология ғылымдары саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. «Сырым Датұлы ізімен. Өзбекстандағы ғылыми экспедицияның қорытындысы» атты халықаралық конференциясы С.Датұлының 265 жылдығына орай өткен өткізілген болатын. С.Датұлының өмір жолының кейбір аспектілері, 1763-1797 жылдардағы қозғалыс, XVIII-XIX ғғ. қазақ қоғамындағы жағдайлар, сол кезең туралы жаңа құжаттар мен деректер талданып, отандық тарихтың теориялық-әдіснамалық жақтары талқыланды. Конференцияның қарастырған мәселесі облыс әкімшілігінің Өзбекстан Республикасына жіберген, Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы жанынан құрылған Сырым Датұлының жерленген жерін анықтау мақсатындағы ғылыми-экспедициясының жұмысының қорытындылары талқыланды. Бұл үшін, зерттеу жұмыстарына Ресей, Өзбекстан мұрағаттарынан жаңа құжаттар іздестіріліп, бар материалдар қайтадан тексеріліп және аталған елдерден бірнеше ғалымдар экспедиция жұмысына тартылды. Экспедиция мүшелері қойылған мәселе бойынша белгілі деректерді негізге ала отырып, берілген экспедиция қорытындысының негізінде, экспедиция басшысы, тарих ғылымының докторы, профессор М.Н.Сдықов Сырым Датұлының бейіті-Өзбекстан Республикасы Хорезм облысы, Гүрлен ауданы Навоий ауылының қасында, нақты координаты- аудан орталығы Гүрленнен 9 км жердегі Майлышенгел жері деп қорытынды жасады. Аталған пікірді конференцияға қатысушылар бірауыздан мақұлдады. Кейінірек конференция барысында жинақталған материалдар «Сырым баба ізімен» атты кітапта көрініс тапты [8, с.8-35].

Қорытындылай келе, көпжылдық археологиялық зерттеулер батыс өлкесіндегі адамзат қоғамының тарихи дамуының негізгі кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берді. Оның әрбір кезеңі соңғы жылдары жаңа сапалық деңгейде қарастырылып, әрбір тарихи, мәдени дәуір тың материалдармен толықты. Алынған жаңа материалдар археология ғылымының іргелі мәселелерін жан-жақты қарастыруға, түйткілді сауалдарды нақтылауға, жаңаша концептуалдық ой-пікірлердің қалыптасуына мол мүмкіндік беріп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 252 с.
2. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі // Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2011. -424 б.
3. Сдыков М.Н. Степная пирамида. -Уральск:Полиграфсервис, 2008.- 264с.
4. Марыксин Д.В. Из истории археологического изучения Западно-Казахстанской области // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – Уральск, 2003. - Вып. 2. -143 с.
5. Уральск: древний и современный: Очерки истории // под. общей ред. М.Н.Сдыкова.- Уральск: Полиграфсервис, 2012. – 384с.
6. Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал / Материалы международной научной конференции / Под общей ред.проф.Сдыкова М.Н. – Уральск: «Принт А», 2012. - 464 с.
7. Байпақов К.М., Смағұлов Е.А., Ахатов Ғ.А. Ортағасырлық Жайық қала жұрты. -Алматы: Арыс, 2005. -187 б.
8. Сырым баба ізімен. / По следам Сырыма. / Под ред. М.Н.Сдыкова. – Уральск: Полиграфсервис, 2007. -208с.

ӘОЖ 376

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ

Сабитова Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту мәселелері баяндалады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік педагогтың, психологтың, дефектолог маманның қызметтері де сөз етіледі.

Түйінді сөздер: инклюзивті оқыту, мүмкіндігі шектеулі, ауытқушылық, логопед, дефектолог.

Инклюзивті оқыту – мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Әрбір адамның маңызды құқықтары мен еркіндіктері жүйесіндегі негіз қалаушы фактор болып білім алу құқығы табылады. Қазақстан Республикасында, барлық дамыған мемлекеттерде сияқты, аталған құқыққа, әлеуметтік немесе материалдық деңгейге, жынысы мен діни көзқарастарға, денсаулық қалпына және т.б. ерекшеліктерге қарамастан, барша адамдар ие. Біздің мемлекетімізде бірде бір бала дамуындағы интеллектуалдық немесе физикалық бұзылыстар себебінен бұл құқықтан айырылмайды. Барлық балалардың білім алуға құқығы біздің мемлекетіміздің басты заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген. 1994 жылы біздің мемлекетіміз БҰҰ-ның бала құқықтары жайлы Конвенциясын ратификациялай отырып, денсаулық және даму бұзылыстары бар балаларды «білім беру саласындағы қызметтерге нәтижелі қол

жеткізу», баланы, мүмкіндігінше, әлеуметтік өмірге қосу арқылы жеке тұлға ретінде, мәдени және рухани дамуын қоса алғанда, дамыту міндеттерін алады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға бірдей білім беру орталықтарына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады [1,56.]. Осы заң шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларға білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдардың басында педагогтардың 80%-ы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49% ғана қолдамаған. Қазіргі уақытта, бұл жүйені педагогтар қауымы толықтай қолдауда. Бұл инклюзивті білім берудің дамып келе жатқанын көрсетеді.

Проблема диагностики последствий химических воздействий на экологию приобретает в настоящее время особую активность. Для каждого объекта в зависимости от различных природных (физико-химические, биологические, геологические и др.) факторов концентрация элементов (веществ) будет различной. Если будет четко разграничена фоновая концентрация веществ от антропогенной (техногенной) его концентрации, то результат экологического мониторинга будет достаточно объективным. При создании фонового мониторинга необходимы проведения высокоточных аналитических работ с применением новейших методов интерпретации.

Большое внимание уделяется сточным водам нефтеперерабатывающей и нефтехимической промышленности, так как оказывают наибольшую опасность для водоемов. Современные методы биохимической очистки не могут обеспечить полного разрушения органических веществ, и продукты полураспада органических веществ, оставшиеся в сточной воде, загрязняют водоемы. Совершенствованию методов биохимической очистки промышленных сточных вод посвящен ряд работ отечественных и зарубежных авторов, изучаются возможности достижения полного окисления органических примесей путем усреднения промышленных сточных вод и разбавления их хозяйственно-бытовыми стоками.

Имеются работы, рекомендующие интенсифицировать биохимическую очистку изменением кислородного и температурного режимов, определяющих параметры очистки сточных вод, вводом угля или глины. Перед научно-исследовательскими институтами химической отрасли встает задача разработки наиболее экономических систем глубокой доочистки сточных вод нефтеперерабатывающих предприятий, обеспечивающих достижение качества очищенных сточных вод до требуемого уровня норм ПДС. Защита атмосферного воздуха от загрязнений является одной из наиболее важных проблем современности. Токсичные газовые выбросы нефтеперерабатывающей и нефтехимической промышленности обусловлены их деятельностью и сжиганием продуктов переработки нефти (моторных и котельных топлив). Специфическими источниками загрязнения атмосферы являются неорганизованные выбросы, испарения углеводородов при хранении и транспортировке нефти и нефтепродуктов, а также организованные выбросы, выделяющихся при обжигании углеводородных газов на факельных установках и отходящие газы регенерации с установок католического

крекинга. Основными производственными отходами на нефтеперерабатывающих предприятиях, являются нефтешлаки и нефтегрязь, избыточные активные илы, кислые гудроны. Эти отходы образуются в больших количествах, занимая при хранении большие территории, являясь источниками загрязнения воздушного бассейна, грунтовых вод и почвы.

Уменьшение влияния образующихся отходов на окружающую среду напрямую связано с совершенствованием технологических процессов, обеспечивающих как минимальное образование отходов, так и обезвреживание, и их дальнейшую переработку.

Токсичные промышленные отходы, которые не могут подлежать обезвреживанию или утилизации по экономическим соображениям должны быть захоронены на специальных полигонах, устройство которых гарантировало бы предотвращение попадания вредных веществ в поверхностные и подземные водоемы, в почву. Анализ данных по охране окружающей среды нефтеперерабатывающих предприятий показал, что они оказывают в значительной мере негативное воздействие на окружающую среду в районах их размещения и требуется большая работа по значительному снижению на них водопотребления, уменьшению загрязненности сточных вод, сбрасываемых в водоемы, сокращению выбросов вредных веществ в атмосферу, а также промышленных отходов, загрязняющих почву, подземную воду, воздух. Помимо всего прочего должны проводиться мероприятия, снижающие неорганизованные выбросы.

Широкое использование комплексонов в энергетике, сельском хозяйстве, медицине и других областях предполагает всесторонний учет экологических сдвигов, неизбежно возникающих при внесении сильного комплексообразующего агента в естественную или искусственно созданную биологическую систему.

В результате глубоких теоретических исследований уже найдены основные закономерности комплексообразования, создана теория действия и пути их целенаправленного синтеза. Такое всестороннее сочетание исследований позволило создать оригинальный ассортимент комплексонов и комплексов целевого назначения, столь необходимого в решении важнейших задач науки, техники и народного хозяйства. Ряд универсально действующих карбоксилсодержащих комплексонов (нитрилотриуксусной, этилендиаминтетрауксусной кислот) дополнен комплексонами с большим числом аминацетатных группировок. Изучение свойств этих соединений позволило сделать вывод о том, что оптимальным лигандом для большинства катионов является диэтилентриаминопентауксусная кислота. Дальнейшее увеличение числа комплексообразующих центров (дентатности) приводит к образованию полиядерных комплексов, использование которых ограничивается фракционным разделением и маскированием редкоземельных и трансурановых элементов.

Более высокая избирательность, особенно мультидентатных соединений, достигается при специальном построении реагента с учетом свойств внутреннего лигандного контура и катиона, а также предполагаемой структуры образуемого хелата. При этом всегда во внимание принимается изменение электронного состояния в узлах, ответственных за координацию, жесткость отдельных фрагментов и системы в целом. Особенно интересны включения в молекулу комплексона донорных атомов кислорода, входящих в стехиометрически различные группировки, а также гетероатомов, конъюгированных систем и разные варианты их сочетания. [1-3].

Сейчас к комплексонам относят все полидентатные лиганды, сочетающие в молекуле два типа комплексообразующих центров – кислотные и основные,

расположение которых при взаимодействии с катионами различных металлов предопределяет образование 5-, 6-, 4-, 8-членных циклов.

С целью выявления нежелательных побочных эффектов взаимодействие комплексонов с различными системами организма изучалось достаточно подробно. Так, проведено исследование генетической токсикологии ЭДТА, ее влияние на равновесие дезокси- и оксигемоглобина, на эритроциты и ингибирование микросомального липидного перокисления. Детальное изучение биохимических эффектов НТА, ЭДТА и ДТПА проведено в работах. Выявлена некоторая токсичность НТА и ее комплексов для печени, почек и мочевых путей.

Важными вопросами являются возможность перехода комплексонов и комплексонов в сточные воды, вероятные последствия такого перехода и сроки естественного биологического разрушения хелантов. Прогнозирование последствий введения комплексонов в природные объекты в целом возможно. Например, как показали модельные опыты, накопление этилендиамин-ди(2-гидроксифенилуксусной) кислоты способствует цветению ряски, и можно предвидеть, что в количествах, существенно превышающих ПДК, этот хелант может вызвать гипоксию водоемов. Однако в отдельных случаях причинноследственная взаимосвязь введения комплекса и произведенного им эффекта не очевидна. Это необходимо учитывать и строго контролировать соответствие реальной концентрации комплекса его ПДК. В значительной мере такое соответствие гарантируется использованием в большинстве технологических процессов комплексонов на уровне микроколичеств.

Комплексоны, в особенности карбоксилсодержащие, а также их производные подвержены разложению под действием ультрафиолетовых лучей. В серии работ изучались модельные процессы фотодеструкции комплексонов в растениях.

Большое значение имеют появившееся в последнее время работы по изучению механизма фотоллиза комплексонов методами рентгеноструктурного анализа.

В сточных водах комплексоны аминокарбонового и аминокислотного ряда подвержены биодegradации, которая может быть усилена дополнительным воздействием химических окислителей. В результате они теряют способность к связыванию металлов.

Скорость естественного биологического разложения в значительной степени зависит от условий эксперимента. Согласно одним источникам биоразложение микроорганизмами такого комплекса, как НТА, идет довольно интенсивно. Сообщается, что применение микробной культуры из речных осадков в анаэробных условиях завершается полной деградацией НТА в присутствии NO_3^- - ионов, играющих роль акцептора электронов и восстанавливающихся до газообразного азота. Вместе с тем опубликованы результаты, согласно которым признаки биоразложения НТА не обнаруживаются даже после 60 дней контакта с микроорганизмами. В случае ОЭДФ способность к анаэробной или аэробной деградации не обнаружена, что хорошо соответствует данным о высокой степени устойчивости этого комплекса к ферментатическому и кислотному гидролизу.

Абиотическое разложение ОЭДФ в природных водах под действием света приводит к образованию ацетатов и фосфатов. Обнаружена высокая степень распада. ОЭДФ при адсорбции комплекса отстоями сточных вод и небольшая подвижность этого хеланта в почве.

Согласно принятой гигиенической классификации, комплексоны относятся к умеренно токсичным соединениям (III класс опасности). Значения ПДК в воде водоемов санитарно-бытового назначения составляют, например, для НТФ-1,0 мг/л, ОЭДФ – 0,6 мг/л; значение LD_{50} равно 1500 (ДТПА), 2000 (НТФ). Комплексоны металлов-

микроэлементов являются умеренно и малотоксичными соединениями (III-IV класс опасности) [76]. В целом токсичность комплексонов при длительном попадании их в организм определяется токсичностью металла. Уровень дозы, вызывающей патологические изменения для комплексонов, как правило выше, чем для простых солей металла, то есть образование комплекса понижает токсическое действие катиона на живой организм.

Кумулятивные свойства комплексонов и комплексонов выражены слабо. Коэффициенты кумуляции составляют 0,9-3,0, что указывает на низкую потенциальную опасность развития хронического отравления препаратами.

Всесторонние исследования комплексонов и комплексов на их основе позволили выявить принципиально новые области их применения и решить ряд первоочередных задач науки и техники.

Ресурсосберегающая технология - экономия топливных и энергетических ресурсов, так же как и снижение трудозатрат, - важнейшие производственные задачи. Одним из путей их решения является обеспечение надежной работы самого разнообразного промышленного оборудования.

Атомные и тепловые электростанции, предприятия химической, нефтехимической, газовой, металлургической и других отраслей промышленности остаются мощными потребителями воды поверхностных и подземных источников. Возрастающая минерализация водоисточников, а также многократное применение ограниченных объемов сточных вод (обусловленное дефицитом воды) вызывают загрязнения теплообменного оборудования отложениями малорастворимых солей и продуктов коррозии. Интенсивное солеобразование характерно как для водооборотных систем охлаждения, так и для систем горячего водоснабжения.

Отложения на поверхности теплообменников приводят к значительному перерасходу топливных и водных ресурсов. Так, по некоторым данным зарубежных фирм тепловые потери, вызванные образованием накипи в котлах слоем 3 мм, составляют 16%. Обеспечение чистоты их поверхности возможно либо периодической химической очисткой, либо обработкой воды химическими реагентами. И тот и другой способы могут быть реализованы с помощью комплексонов, способных вступать во взаимодействие с ионами металлов в широком диапазоне pH и образовывать прочные водорастворимые комплексы. В настоящее время созданы многочисленные композиции на основе комплексонов для снятия разнообразных по составу отложений с поверхностей различных конструкционных материалов.

Комплексоны и композиции на их основе (в частности, натриевые и аммониевые соли ЭДТА, ОЭДФ, НТФ) широко применяются для решения таких задач, как:

- предпусковые химические очистки парогенерирующего оборудования ТЭС и АЭС;
- эксплуатационные очистки от отложений «на ходу» без снижения мощности в парогенераторах АЭС и котлах средних давлений и со снижением мощности (до 10-30%) в паровых турбинах любых давлений;
- локальные эксплуатационные химические очистки прямоточных котлов сверхкритических параметров;
- эксплуатационные химические очистки парогенераторов атомных ледоколов;
- эксплуатационные химические очистки котлов любых давлений;
- дезактивация оборудования АЭС;
- обработка питательной воды барабанных котлов среднего, высокого и сверхвысокого давлений (взамен фосфатирования) с целью предотвращения разрушения парообразующих труб и образования отложений на них;

- обработка питательной воды парогенераторов АЭС для предотвращения образования отложений на поверхностях теплообмена;
- обработка питательной воды прямоточных котлов сверхкритических параметров;
- обработка промывочных вод реакторов с целью повышения эффективности работы ионообменных установок по очистке продувочной воды от примесей;
- консервация паровых котлов с целью защиты от коррозии при остановке оборудования [43].

- Применение комплексонов в перечисленных областях обеспечивает повышение эффективности и надежности работы теплообменного и теплоэнергетического оборудования. При химической очистке с помощью комплексонов реагенты расходуются практически полностью и не требуется их высокая концентрация для обеспечения быстрого и полного растворения. Преимущество комплексонов по сравнению с такими реагентами, как минеральные и органические кислоты, заключается в их способности переводить оксиды железа в истинно растворимое состояние, что исключает образование взвеси в промывочном растворе. Возможность регулирования зарядности комплексонов в растворе и на поверхности исключает обратную сорбцию отмытых компонентов.

До недавнего времени для предотвращения накипеобразования в водооборотных системах применяли в основном фосфатирование неорганическими полифосфатами и подкисление серной кислотой. Недостатками традиционных методов являются низкий уровень стабилизируемой карбонатной жесткости, подверженность полифосфатов гидролизу, образование фосфатного шлама, большие расходы реагентов, возможность интенсификации коррозионных процессов при нарушении режима подкисления. Это обусловило поиск новых эффективных реагентов для стабилизационной обработки воды. Исследовалась возможность использования для этой цели фосфоросодержащих комплексонов.

Исследования совместимости комплексонов с биоцидной обработкой показали, что при коэффициенте упаривания <10 и хлорирования ежесуточно в течении часа степень разложения ОЭДФ не превышает 3-5% и ее потерями можно пренебречь. НТФ в присутствии свободного хлора разлагается в значительно большей степени, чем ОЭДФ. Положительный опыт применения ОЭДФ послужил основой для внедрения метода обработки комплексонами на различных объектах энергетической, химической и угольной промышленности.

В результате высокой минерализации пластовых вод в нефтяной и газовой скважине образуются солевые отложения, которые резко снижают нефтеотдачу, а иногда и полностью прекращают ее. Были созданы комплексоны, которые являются активными ингибиторами солеобразования и хорошо совмещаются с пластовыми водами, не забивая пор породы пласта. Предположенные ингибиторы характеризуются высокой металлоемкостью и активностью при малой концентрации по отношению к веществам, образующим осадки (5 г препарата на 1 м³ воды). Подобное субстехиометрическое взаимодействие комплексонов с катионами металлов определяет их способность ингибировать рост кристаллов и проявлять эффект скользящей реакции. [4-5].

Предложенные ингибиторы солеотложений обладают хорошими эксплуатационными свойствами: химической и теплехимической устойчивостью от -100 °С до +250 °С, диспергирующей и антикоррозионной способностью, нетоксичностью. Использование комплексонов в буровых растворах повышает их стабильность и текучесть, а также регулирует скорость затвердевания цемента в тампонажных

растворах, позволяя проводить монолитную цементацию глубинных буровых скважин при хорошей адгезии с породой.

Применение комплексонов в нефтедобывающей промышленности позволило улучшить эксплуатацию скважин и значительно интенсифицировать технологические процессы бурения, цементации скважин и нефтедобычу.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дятлова Н. М., Темкина В. Я., Попов К. И. Комплексоны и комплексонаты металлов.-М.: Химия. -1988.-С.565.
2. Ноев Н.Б. Применение химических реагентов-ингибиторов солеотложений – эффективный способ рационального использования водных ресурсов. // Энергосбережение и водоподготовка. -1998. № 3.-С. 64-67.
3. Дятлова, Н. М. Теоретические основы действия комплексонов и их применение в народном хозяйстве и медицине // Журнал ВХО им. Д. И. Менделеева. – 1984. -№3. - Т.29.-С.358.
4. Туркменбаева М. Б. Исследование кислотно –основных и комплексообразующих свойств комплексонов // Журнал Ізденіс. -2016. - № 4, -С.160.
5. Туркменбаева М. Б. Применение комплексонов в нефтяной промышленности. // Ж.Вестник Атырауского ГУ им. К. Досмухамедова . -2017. -№ 1(44), -С.42-47.

ӘОЖ 665. 541.18 (045)

ЖАҢА ЗАМАНАУИ БЕТТІК АКТИВТІ ЗАТТАР

Карина А.Д.

Ғылыми жетекші: Туркменбаева М.Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада, ионсыз полимер полиэтиленгликоль мен табиғаты әртүрлі, яғни анионды, катионды және ионсыз беттік-активті заттардан тұратын композициялардың беттік керілулері өлшеу, олардың адсорбциялық қабаттарына температураның әсері зерттеліп, отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысына негізделген талдаулар жасалды.

Түйінді сөздер: композициялық беттік-активті заттар, беттік керілу, Вильгельми тәсілі, адсорбция, термодинамикалық параметрлер.

Технологиялық процестердің қарқындылығын арттыру қазіргі химия ғылымының басты мәселелердің біріне жатады. Осы мәселені шешуде БАЗ–полимер комплекстеріне негізделген композициялық БАЗ-дардың қолдануы маңызды орын алады. Олар дисперстік жүйелердің қатысуымен жүретін коллоидты-химиялық үдерістерді реттеу үшін: тиімді флокулянттар, құрылым түзгіштер, эмульсиялар мен көбіктердің тұрақтандырғыштары ретінде экологиялық мәселелерді шешуде, медицинада, биотехнологияда және т.б. салаларда кеңінен қолданылады [1].

Композициялық БАЗ-дарды халық шаруашылығының көптеген саласында қолдану үшін олардың әртүрлі фазааралық шекарадағы қасиеттерін зерттеу қажет. БАЗ – полимер ассоциаттарының әрекеттесу заңдылықтары шетел және отандық ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, мұндай ассоциаттарды БАЗ-дардың жаңа тобына

жатқызуға болатыны көрсетілді [2]. Осындай жаңа беттік-активті заттарды өндіру бір жағынан теориялық қызығушылық туғызса, екінші жағынан практикалық маңызды. Осыған байланысты, жұмыста ионсыз полимер полиэтиленгликоль мен табиғаты әртүрлі беттік-активті заттардан тұратын композициялардың беттік керілулері өлшеніп, олардың адсорбциялық қабаттарына температураның әсері зерттелді. Алынған композицияларды көбіктер, эмульсиялар, суспензиялардың тұрақтандырғышы ретінде қолданып, жуғыш заттардың құрамына енгізуге болады.

Бұл жұмыста бастапқы материалдар ретінде полиэтиленгликоль ($M_r = 3000$, $[-CH_2 - CH_2 - O]_n$); Твин-80 (ангидросорбиттің оксиэтиленген моноолеаты); натрий додецилсульфаты ($C_{12}H_{25}OSO_3Na$) (ДДС); цетилпиридиний бромиді ($C_{16}H_{33}C_5H_5NBr$) (ЦПБ) алынды. Қолданылған заттар қосымша тазартуды талап етпеді, себебі беттік керілудің изотермаларында ауытқулар болмады.

Беттік керілу жетілдірілген Вильгельми тәсілімен өлшенді. Бұл әдіс дәлдігі бойынша көпіршікті немесе үзілген тамшы әдісіне қарағанда тиімдірек. Бұл әдіс ұзақ уақыт аралығында фаза аралық керілуі өзгертін ерітінділердің σ -сын есептеуге қолайлы болғаны үшін таңдап алынған. Зерттеліп жатқан ерітінді ақырын, жоғары – төмен қозғалатын тұғырға орналасқан термостатталған стаканға орналастырады. Көтереңкі стол ақырын және жеңіл қозғалады. Осылайша теңселу болмайды. Ерітіндідегі пластинканы тарту күші $\pm 10-6$ кг дәлдікпен өлшенеді. Таразы стаканының орнына беті және ернеуі тегістеліп өңделген көлемі (15x15). 10-3 м платина пластинкасы ілінеді. Өлшеуіш пластинка бетінің кедір- бүдірлігі зерттелетін ерітіндінің платина бетіне жұғуын жақсартып, өлшеудің дәлдігін арттырады. Өлшеуіш шыны ұяшықтағы ерітінді температурасы $\pm 0,05$ 0 С дәлдікте U-2 термостат көмегімен тұрақтандырылып отырады. Беттік керілуді (σ) анықтау үшін пластинканың тартылу күші (P_x) торзионды таразы көмегімен өлшенеді. Пластинаның өте жоғары σ мәнінің салдарынан алғашқы тез тартылудан кейінгі уақытта беттік керілудің баяу өзгерісі барысында P_x шамасы төмендеуі байқалады. Ал таразы көмегімен белгілі уақыт аралықтары өткенде жазып отырады.

Беттік керілуді мына теңдеумен есептелінеді:

$$\sigma = \frac{P + shd}{2(1+b)} g \quad (1)$$

мұндағы: P – пластинка салмағы, кг;

S -пластинканың көлденең қимасының ауданы, м;

b - қалыңдығы.

Сенімділік коэффициентті 0,95 өлшем қателіктері $\pm 0,2$ мН/м аспайды.


Полимер – беттік-активті зат (БАЗ) комплекстерінің негізіндегі композициялық БАЗдар көптеген салаларда дисперстік жүйелердің қатысуымен жүретін процестерде тұрақтандырғыш, солюбилизацилаушы, жұқтырғыш, көбік түзгіш, эмульсиялағыш ретінде кеңінен қолданылады. Композициялық БАЗ-дарды халық шаруашылығының көптеген саласында қолдану үшін олардың әртүрлі фазааралық шекарадағы қасиеттерін зерттеу қажет. БАЗ – полимер ассоциаттарының әрекеттесу заңдылықтары шетел және отандық ғалымдардың еңбектерінде [1, 2] анықталып, мұндай ассоциаттарды не комплекстерді БАЗ-дардың жаңа тобына жатқызуға болатыны көрсетілді.

Сондықтан олардың әртүрлі фазааралық шекаралардағы жұқа қабаттарының түзілуі мен қасиеттерінің ерекшеліктері қызығушылық туғызуда. Сонымен қатар


композициялық БАЗ-дарды қолданудың теориялық аспектілері олардың әртүрлі температурадағы адсорбциясының зерттелуін талап етеді.

БАЗ-полимер комплекстерінің фазаларды бөлу шекарасындағы адсорбциясын термодинамика тұрғысынан қарастыру осы үдерістің табиғаты туралы мәлімет беріп, адсорбциялық қабаттардың құрылымын зерттеудің жанамалы әдісі болып табылады. Осыған байланысты, жұмыста ионсыз полимер полиэтиленгликоль мен табиғаты әртүрлі, яғни анионды (натрий додецилсульфаты, ДДС), катионды (цетилпиридиний бромиді, ЦПБ) және ионсыз (Твин-80) беттік-активті заттардан тұратын композициялардың беттік керілулері өлшеніп, олардың адсорбциялық қабаттарына температураның әсері зерттелді. Полимер ретінде ионсыз полиэтиленгликольдің алыну себебі бейионды БАЗ-дар мен полимерлер улы емес, биоыдырағыш, яғни адам ағзасы мен қоршаған ортаға залалсыз. Сондықтан да олар тамақ, фармацевтикалық, косметикалық, тұрмыстық химия тауарларының өндірісінде кең қолданысқа ие.


1-4-суреттерде жеке компоненттердің, яғни цетилпиридиний бромид, натрий додецилсульфаты, Твин-80 және цетилпиридиний бромиді, натрий додецилсульфаты, Твин-80-мен ассоциаттары ерітінділерінің беттік керілу төмендеуінің кинетикалық қисықтары келтірілген.




1-сурет – Полиэтиленгликольдің әртүрлі концентрациядағы беттік керілу төмендеуінің кинетикасы. $T=293\text{ K}$



2-сурет – Цетилпиридиний бромидің әртүрлі концентрациядағы беттік керілу төмендеуінің кинетикасы. $T=293\text{ K}$




3-сурет – Натрий додецилсульфатының әртүрлі концентрациядағы беттік керілу төмендеуінің кинетикасы. $T=293\text{ K}$




4-сурет – Твин-80-нің әртүрлі концентрациядағы беттік керілу төмендеуінің кинетикасы.
T=293K


Кинетикалық қисықтар арқылы заттардың сұйық – газ шекарасындағы адсорбция жылдамдығын бағалауға болады. Алынған мәліметтер бойынша, ЦПБ, ДДС, ПЭГ аз концентрациясында фазааралық қабатта жылдам адсорбцияланып, олардың беттік керілуі тепе-теңдікті мәндеріне 5-10 минутта жетеді. Мұндай жағдай заттардың молекулалық массасының төмен шамасымен түсіндіріледі. Мицелла түзгіш БАЗ – дар мен полимерлердің әрекеттесу ерекшеліктері беттік керілу изотермаларында бейнеленеді (5-7 суреттер). [3] жұмыстарында көрсетілгендей, ионогенді БАЗ – дарға полиэлектролит қосқанда, МТКК-сы азаяды. [4] авторлары бойынша, мұндай жағдай ДДС пен полимер катионының арасындағы электрстатикалық әрекеттесуге байланысты. [5] авторлары бойынша, полиэлектролиттің қатысуымен БАЗ молекулалары өздерінің гидрофобты топтарымен полимер тізбегіне адсорбцияланып, мицеллалық агрегаттар түзіледі.



5 -сурет – T=293K. $C_{\text{ПЭГ}} = 1 \cdot 10^{-1}$ негіз-моль/л.
 $C_{\text{ЦПБ}} = 1 \cdot 10^{-5}, 1 \cdot 10^{-4}, 1 \cdot 10^{-3}, 1 \cdot 10^{-2}, 1 \cdot 10^{-1}$ моль/л
ПЭГ-цетилпиридиний бромиді қоспасының беттік керілу төмендеуінің кинетикасы



6-сурет – $T=293\text{K}$, $C_{\text{peg}}=1\cdot 10^{-1}$ негіз-моль/л.
 $C_{\text{DDCNa}}=1\cdot 10^{-5}, 1\cdot 10^{-4}, 1\cdot 10^{-3}, 1\cdot 10^{-2}, 1\cdot 10^{-1}$ моль/л
 ПЭГ-ДДСNa қоспасының беттік керілу
 төмендеуінің кинетикасы



7-сурет – $T=293\text{K}$, $C_{\text{peg}}=1\cdot 10^{-1}$ негіз-моль/л.
 $C_{\text{twin-80}}=1\cdot 10^{-5}, 1\cdot 10^{-4}, 1\cdot 10^{-3}, 1\cdot 10^{-2}, 1\cdot 10^{-1}$ моль/л
 ПЭГ-твин-80 қоспасының беттік керілу төмендеуінің
 кинетикасы

Ал ионсыз полимерге келетін болсақ, беттік-активті заттар мен полиэтиленгликоль арасында гидрофобтық әрекеттесулер арқылы нығайтылған сутектік байланыстар орын алады. Нәтижесінде тиімді орналасқан реттілігі жоғары, араласқан адсорбциялық қабат пайда болады. Мұндай қорытындыны беттік активтіліктің (G) шамалары да дәлелдейді (кесте 1). Беттік керілудің изотермаларынан Ребиндердің теңдеуі бойынша

$$G = - \left(\frac{d\sigma}{d} \right)_{c \rightarrow 0} \quad (3)$$

жеке және композициялық беттік-активті заттардың беттік активтіліктері есептелді. Кестедегі нәтижелер көрсеткендей, беттік-активтіліктің шамалары едәуір өседі. Беттік активтіліктің, яғни адсорбциялану қабілеттіліктің мұндай өсуі полиэтиленгликольдің жоғары молекулалы табиғатына байланысты: макромолекуланың бөлу бетімен контактілер саны өседі (буындардың фазааралық бетімен кооперативті әрекеттесуі).

Кесте 1 - Беттік-активті заттардың беттік активтіліктері

Беттік-активті заттар	G, мН/моль м
ПЭГ	5608
ДДСNa	19525
Твин-80	36325
ЦПБ	63465

Химиялық термодинамика мен коллоидтық химияның классикалық негіздерін ескере отырып, полиэтиленгликоль, цетилпиридиний бромиді, Твин-80 және натрий додецилсульфатының адсорбциясының термодинамикалық параметрлері анықталды. ПЭГ, беттік-активті заттар және олардың ассоциаттарының адсорбция кезіндегі энтропияның өзгеруі

$$\Delta S = \left(-\frac{d\sigma}{dT} \right) \quad (4)$$

Тендеуімен есептелді. Бұл тендеу ΔS шамасын беттік керілудің температуралық тәуелділіктерінен табуға мүмкіндік береді. Әртүрлі температурадағы энтальпияның өзгеруі келесі тендеуден анықталады:

$$\Delta H = \sigma_{\infty} + T\Delta S \quad (5)$$

мұндағы ΔH – зерттелу жүргізілген T температурадағы энтальпияның өзгеруі, мДж/м², σ_{∞} – беттік керілудің тепе-теңдікті мәні, мН/м, T – температура, К, ΔS – энтропияның өзгеруі, мДж/м² К.

Термодинамикалық параметрлерді есептеу нәтижелері кестелерде келтірілген.

Кесте 2 - Адсорбциялық қабаттардың термодинамикалық параметрлері

БАЗ және ПЭГ- БАЗ копозициялары	ΔS , мДж/м ² К	ΔH_m , Дж/м ²
ПЭГ	0,175	186,4
ДДСNa	0,735	69,37
Твин-80	0,779	119,79
ЦПБ	0,490	133,38
ПЭГ + ДДСNa	0,335	107,60
ПЭГ +Твин-80	0,09	111,18
ПЭГ +ЦПБ	258,29	0,640

Кестелердің мәліметтері көрсеткендей, беттік-активті заттардың, полиэтиленгликольдің, олардың ассоциаттарының адсорбциясы энтропияның ұтысымен жүреді ($\Delta S > 0$). Адсорбцияның мұндай энтропиялық ұтысы Немети-Шераганың гидрофобтық әрекеттесулер теориясынан ерітікстің құрылымына, яғни адсорбция кезінде БАЗ радикалдары фазааралық қабатқа шыққанда, олардың маңайындағы судың мұз тәрізді құрылымдарының бұзылуына байланысты. БАЗ-дардың адсорбциясындағы

энтропия өсуінің себебі беттік қабатқа шыққанда, БАЗ молекуласындағы көмірсутектік радикалдардың айналу энтропиясы ұлғаяды.

Су құрылымының бұзылу энтропиясының және көмірсутекті радикалдардың айналу энтропиясының өсуіне сұйық – газ шекарасындағы БАЗ және полимердің адсорбциясының энтропиялық табиғаты жоғарыда айтылған екі фактор да негіздейді деуге болады. Жеке компоненттердің сұйық-газ шекарасындағы беттік керілуіне қарағанда натрий додецилсульфаты, цетилпиридиний бромиді, Твин-80- мен композицияларының беттік керілуі төмен. Полимер қосқанда беттік-активті заттардың беттік активтілігі өседі. Химиялық термодинамика мен коллоидтық химияның классикалық негіздерін ескере отырып, полиэтиленгликоль, цетилпиридиний бромиді, Твин-80 және натрий додецилсульфатының адсорбциясының термодинамикалық параметрлері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Холмберг К., Иенссон Б., Кронберг Б., Линдман Б. Поверхностно–активные вещества и полимеры в водных растворах. -М.: БИНОМ.Лаборатория базовых знаний, 2007. – С.5-11.
2. Харитонов Т.В., Иванова Н.И., Сумм Б.Д. Межмолекулярные взаимодействия в бинарных смесях катионного и неионогенного ПАВ // Коллоидный журнал. – 2002. №5. – С.685–696.
3. Karpov S.V., Gerasimov V.S., Isaev I.L., Markel V.A. Local anisotropy and giant enhancement of local electromagnetic fields in fractal aggregates of metal nanoparticles // Physical Review B. – 2005. – Vol.72. – P.205-210.
4. Dimitrova T.D., Leal-Calderon F. Surface forces in model oil-in-water emulsions stabilized by proteins // Advances in Colloid and Interface Science. – 2004. – Vol.108-109. – P.73-86.
5. Mackie A.R. Structure of adsorbed layers of mixtures of proteins and surfactants // Current Opinion in Colloid & Interface Science. – 2004. – Vol.9. – P.357-361.

ӘОЖ 665. 541.18 (045)

БЕТТІК АКТИВТІ ЗАТТАРДЫҢ СУЛЫ ЕРІТІНДІЛЕРІНІҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Карина А.Д.

Ғылыми жетекші: Туркменбаева М. Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада, беттік активті заттардың сулы ерітінділерінің әртүрлі әдістермен дайындалған коллоидты бөлшектердің зарядының белгісін анықтау, алынған ерітінділердің коллоидты табиғатын, қасиеттерін зерттеу мақсатында сапалық талдаулар жүргізілген ізденіс жұмыстарының нәтижелері қарастырылған.

Түйінді сөздер: дисперсті жүйе, беттік-активті заттар зольдерінің қасиеттері, мицеллалар, коллоидты бөлшектердің заряды, электролиттер.

Беттік-активті полимерлер соңғы жиырма жылда кеңінен таралып, көптеген технологияларда қолданылады. Көбінесе оларды дисперсияларды тұрақтандыру және реологиялық қасиеттерді реттеу үшін пайдаланады. Жоғары молекулалы беттік-активті

заттарды (ЖМБАЗ) төмен молекулалы БАЗ-дарға сәйкес ионогенді (анионды, катионды, амфолиттік) және ионогенді емес деп бөледі. Сонымен қатар полимерлі БАЗ-дарды гидрофобты және гидрофильді топтардың қатынасына қарай жіктейді.

Гидрофильді және гидрофобты блоктардан тұратын полимерлер тобына ақуыздар жатады. Көптеген синтетикалық беттік-активті блок-сополимерлер белгілі. Олардың ішінде кеңінен поли(алкен)гликольдер таралған. Гидрофильді топтардың ролін полиэтиленгликольдер, ал гидрофобты топтардың ролін полипропиленгликольдер, кейде – полибутиленгликольдер атқарады. Бұл топтағы блок-сополимерлер қолдану салалары: 1) көбік түзуді реттеу үшін: а) ыдыс жуғыш құралдарда; ә) тоқыма өндірісінде (бояу кезінде); б) мұнай өндіруде; в) эмульсиялық бояуларда. 2) жұқтырғыштар: а) ыдыс жуғыш құралдарда (шаю сатысында) б) майларда. 3) пигменттердің диспергаторлары ретінде. 4) гербицид және инсектицидтердің эмульсияларын алу үшін эмульгатор және коэмульгатор ретінде. 5) мұнай өндірісінде деэмульгатор ретінде. 6) гигиеналық заттарда. 7) фармацевтикалық препараттарда. Жоғары молекулалы БАЗ-дардың ерекше қасиеттері: 1) физика-химиялық факторларға қарамастан кез келген фазааралық шекараларда адсорбцияланады. 2) гидрофильді тізбектері ұзын болса да, өздерінің адсорбциялық қабілетін жоғалтпайды.

Дисперсті жүйе – бұл заттардың өте майда бөлшектерінен немесе жіңішке кеуектер мен оларды қоршаған ортадан тұратын жүйе. Майдаланған заттар немесе кеуектер дисперсті фазаны, ал жүйенің бүкіл бөлімі – дисперсиялық ортаны түзеді.

Жоғары молекулалық қосылыстар (ЖМҚ) нағыз және коллоидтық ерітінділер түзе алады. ЖМҚ ерітінділері өздігінен түзіледі және термодинамикалық тұрғыдан тұрақты болады. Ерітінді сипаты жоғары молекулалық қосылыстың еріткішке ынтықтылығына байланысты. ЖМҚ полярлығы еріткіш полярлығымен сәйкес болса, нағыз, яғни молекулалық ерітінді түзіледі (мысалы, агар-агар немесе желатин суда немесе каучук полярсыз еріткіште). Егер ЖМҚ мен еріткіш полярлықтары сәйкес болмаса, онда зольдер немесе дисперсиялар пайда болады. ЖМҚ-лардың молекулаларының еруі, төменгі молекулалық қосылыстардың еруі сияқты жылудың бөлінуі немесе сіңірілуі арқылы жүреді. Ісіну – еріткіштің полимерге енуі нәтижесінде соңғысының көлемі мен массасының арту (ұлғаю) құбылысы.

Полимерлердің еріткішпен әрекеттесу кезінде еріткіш молекулалардың полимерге, ал полимер молекулалардың еріткішке өзара диффузиясы басталады. Еріткіштің молекулаларының диффузиясының жылдамдығы макромолекулалардың диффузиясының жылдамдығымен салыстырғанда бірнеше есе жоғары, сондықтан бастапқы кезде еру тек бір бағытта жүреді, яғни еріткіштің молекулалары полимердің молекулаларына өтіп, макромолекулалардың иілгіш звеноларының арасына орналасып, олардың әрекеттесуін әлсіретіп, нәтижесінде макромолекулалар бір-бірінен алшақтап, ерітіндіге өтеді.

Ісіну өлшемі ретінде ісіну дәрежесі α алынады:

$$\alpha = \frac{m_2 - m_1}{m_1} \cdot 100, \% \text{ немесе } \alpha = \frac{V_2 - V_1}{V_1} \cdot 100, \%$$

мұнда: α – ісіну дәрежесі; m_1 , V_1 – ісінуге дейін полимерлердің (ЖМҚ-ның) бастапқы массасы немесе көлемі (мг немесе мл); m_2 , V_2 – існуден кейінгі ЖМҚ-ның массасы немесе көлемі (мг немесе мл).



Ісінудің жылдамдығы мен дәрежесіне еріткіштің және ЖМҚ табиғаты, температура, қысым, ортаның рН-ы, электролиттердің қатысуы, заттың майдалану дәрежесі (дисперстілігі) сияқты факторлар әсер етеді. Полимердің құрылымы мен температураға байланысты ісінуі екі түрлі болуы мүмкін: шектеулі және шектеусіз. Шектеулі ісіну кезінде α шекті мәнге жетеді, одан кейін, ісіну уақытқа тәуелді болмайды

(желатин салқын суда), яғни ісіну үдерісі тоқтайды. Шектеусіз ісіну кезінде ісіну қисығы максимум арқылы өтеді, содан кейін полимердің толық еруінің нәтижесінде ісіну дәрежесі 0-ге дейін төмендейді (желатин ыстық суда).

Полимерлердің ерітінділері оларды жақсы ерітетін сұйықтықтарда агрегаттық тұрақтылыққа ие. Полимерлердің ерітінділерінің тұрақтылығын бұзу үшін ЖМҚ ерігіштігін төмендету жолымен – электролиттерді немесе еріткіш еместерді (полимер нашар еритін еріткішті) қосады. Мысалы, ақуыздар мен полисахаридтер үшін еріткіш емес этанол, ацетон болып табылады.

ЖМҚ ерітіндісіне электролиттерді және еріткіш еместерді қосып ЖМҚ-ны бөліп алу үдерісі тұздау деп аталады. ЖМҚ-ны тұздау механизмінің негізінде дегидратация үдерісі жатыр. Енгізілген электролит иондары полимер макромолекулаларынан еріткіштің басым бөлігін өзін «сіңіріп» алады, сонымен жүйедегі еріткіштің мөлшерін азайтады. Полимердің тезарада тұндырылуы байқалатын электролит концентрациясын ЖМҚ-ның тұздау табалдырығы деп атайды.

Полимерлерді тұнбаға түсіру қабілеттілігіне сәйкес ең жоғарғы тұздау эффектісін бойынша аниондар мен катиондар келесі лиотропты қатарға орналасады:



ЖМҚ ісінуіне иондар әсерінің лиотроптық қатары тұздау эффектісі бойынша кері ретке ие. Көрсетілген электролиттерді қолдана отырып, ақуыздарды бір-бірінен бөлуге болады.

Құрамында ионогендік топтары бар ЖМҚ-ларды полиэлектролиттер деп атайды. Түзілген иондардың сипаты бойынша полиэлектролиттерді үш топқа бөледі:



Құрамында COO^- немесе OSO_3^- топтары бар қышқылды типті полиэлектролиттер (крахмал, агар-агар).

Құрамында NH_4^+ тобы бар негіздік типті полиэлектролиттер. Ондай полимерлерді синтетикалық жолмен алады.

Құрамында әрі қышқылдық, әрі негіздік топтары бар ЖМҚ – полиамфолиттер (COO^- және NH_4^+ топтарымен ақуыздар, синтетикалық полимерлер).


Ерітінді рН-на байланысты белоктардың макроиондары оң зарядта (қышқылдық ортада - NH_4^+ топтар есебінен) немесе теріс зарядта (сілтілік ортада – COO^- топтар есебінен) болады. Ақуыздың осы күйлері арасында тағы бір күйі болады, бұл кезде ионданған қышқылдық топтар саны ионданған негіздік топтар санына тең және ерітіндідегі белок макромолекуласының жалпы заряды нөлге тең. Осындай тең зарядты күйін изоэлектрлік деп, ал осы күйге сәйкес келетін рН мәнін изоэлектрлік нүкте деп атайды (ИЭН).

Ақуыздың диссоциациялануын қышқылдық, сілтілік және ИЭН-де келесі теңдеулер арқылы көрсетуге болады:



ИЭН-де макромолекуланың әр текті зарядталған иондар (звенолар) бір-біріне тартылып макромолекула сығылады. Изоэлектрлік күйден тыс аттас зарядтардың саны артады, олардың бір-бірінен тебілуі макромолекуланың түзілуіне әкеледі. ИЭН-де белоктардың қасиеттері өзгереді – белоктар ерітінділерінің тұтқырлығы кемиді, ісіну нашар жүреді, ерігіштік азаяды, электрлік қозғалғыштығы нөлге дейін түседі.

Желатиннің ісінуінің рН-қа тәуелділігін көрсететін ісіну қисығын (1-сурет) қарастырайық. Желатиннің изоэлектрлік нүктесі $\text{pH}=4,7$ болады да, ісіну қисығының минималды мәні рН-тың функциясы ретінде осы нүктеден өтеді.



Сурет 1 - Орта рН-на желатиннің ерітінді тұтқырлығы мен ісінуінің тәуелділігі.

Желатиннің ортаның рН мәніне байланысты ісінуі.

Диаметрі бірдей алты жіңішке пробиркаға 1 г желатин ұнтағын салып, үстіне 10 мл-ден кестеде көрсетілгендей ерітінді қосады. Пробиркаларды ақырын шайқайды, осыдан кейін оларды 1 сағатқа қалдырады. Бір сағаттан кейін қайта шайқайды, ұнтақтың пробирка түбіне отыруына мүмкіндік береді, соңынан миллиметрлік қағаз жолағының көмегімен ұнтақтың биіктігін анықтайды, көлемнің өсуі бойынша ісіну дәрежесін анықтайды.

Пробирка №	Ерітінділер	Ісінуге дейінгі тұнбаның биіктігі	Ісінгеннен кейінгі тұнбаның биіктігі	Көлемнің ұлғаюы	Ісіну дәрежесі	Ерітіндінің рН мәні
1	0,2 н HCl	0.2	0.29	12	76	3.4
2	0,01 н HCl	0.12	0.19	9	65	3.8
3	0,001 н HCl	0.05	0.11	6	53	4.2
4	Дистил.су	0.001	0.003	0.1	1.2	7.2
5	0,02 н NaOH	0.3	0.41	14	79	9.1
6	0,1 н NaOH	0.34	1.12	21	86	10.2

Желатиндеуге электролиттердің әсері

Алты пробиркаға 40⁰С дейін қыздырған кездегі 10 %-дық желатин золінен 5 мл-ден құяды. Пробиркаларды дәл сондай температурадағы суы бар стаканға орналастырады. Бір пробиркаға 5 мл су, ал қалғандарында – 5 мл 2М натрий тұздарының ерітіндісі: натрий хлоридін, йодидін, нитратын, роданидін және сульфатын дәл сол температурада қосып, араластырады. Пробиркаларды стаканнан шығарып, мұздай су ағынында бөлме температурасына дейін салқындатады. Осыдан кейін оларды штативке орналастырып, уақытты сағат бойынша белгілейді. Осылайша қанша уақыт өткенде кілегей түзілгенін анықтайды. Пробиркаларды еңкейткенде ерітінділер төгілмеуі керек. Әрбір пробирка үшін желатиндену жылдамдығына әсер етуші аниондардың орналасу ретін анықтап, қорытынды жасайды. Мұны ісінуге арналған аниондар ретімен салыстырыңыздар.

Акуыздардың ісінуіне электролиттердің және бейэлектролиттердің әсері

Диаметрі бірдей сегіз жіңішке пробиркаға массасы 1 г құрғақ желатин ұнтағын өлшеп, кестеде көрсетілгендей 10 мл ерітінді қосады. Бір сағат уақыт өткеннен кейін миллиметрлік қағаздың жолақтарының көмегімен тұнбаның биіктігін анықтайды. Ісіну дәрежесін келесі формула бойынша есептейді:

$$\alpha = \frac{h_2 - h_1}{h_1} \cdot 100, \%$$

№	1	2	3	4	5	6	7	8
Ерітінді	H ₂ O	HCl	NaOH	NaCl	Na ₂ SO ₄	NaJ	сахароза	мочевина
Концентрация	-	0,01 М	0,01 М	1 М	1 М	1 М	10%	10%
Ісінуге дейінгі тұнбаның биіктігі	0.1	0.01	0.19	0.1	0.2	1.1	1.07	1.47
Ісінгеннен кейінгі тұнбаның биіктігі	0.3	0.019	0.24	0.13	0.34	2.9	3.02	3.64
Ісіну дәрежесі, %	80	72	67	43	78	91	94	96


Мицелладағы барлық молекулалардың молекулалық массаларының қосындысы мицеллалық масса деп аталынады. Белгілі бір концентрацияға жеткенде сфералық мицелалар өзара әрекеттесе бастап, деформацияланады. Мицеллалар цилиндрлік, дисктәрізді, таяқшатәрізді, табақша (пластинка) пішіндерін алуға ұмтыла бастайды. Бұл мицеллаларды Мак-Бен мицеллалары деп атайды. МТКК-дан 10-50 есе артық концентрацияларда мицеллалар тізбектеліп бағытталады да, еріткіш молекулаларымен бірігіп сұйық кристалдық құрылым түзеді. Концентрация одан да әрі артқанда сұйық кристалдық құрылым гель тәрізді, содан соң қатты кристалдық құрылымға көшеді.

БАЗ ерітінділерінде мицеллалық күйіндегі заттың мөлшері оның молекулалық күйіндегі мөлшерінен бірнеше есе артық болады. Мицеллалардың бұл түрлері бірімен тепе-теңдікте болады, олардың күйі концентрацияға байланысты болады.


Тотықсыздандыру әдісімен күміс золін дайындау

Пробиркаға 0,01 н күміс нитраты ерітіндісінен 2-3 мл алып, үстіне 1-2 тамшы 0,5%-дық калий гидроксидінен және 1-2 тамшы 0,5% - дық таннин ерітіндісінен қосады. Осы кезде әлсіз жалтыраған мөлдір қызыл қоңыр күміс золі түзіледі. Ерітінді түсінің интенсивтілігі қыздырғанда күшейеді.


Күміс золінің түзілу үдерісін мынадай реакция түрінде өрнектеуге болады:





Түзілген Ag мицелланы тұрақтандырушы болып табылады, оның үстіне AgO иондары қондырылып, потенциал анықтаушы ионының қызметін атқарады, ал калий иондары қарсы иондар болып табылады. Күміс золінің мицелласының құрылымын схема бойынша келесі түрде өрнектейді:



Алмасу реакциясы. Калий-темір (III) гексацианоферрат (II) золі (берлин лазурінің золі):








берлин лазурінің
коллоидтық ертиндісі





алынған коллоидтық
ертіндінің
Тиндаль эффектисі


20 мл дистилденген суға 2-3 тамшы қаныққан FeCl_3 ертиндісінен қосады, соңынан араластыра отырып 4%-дық $\text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6]$ ертиндісінен 1 тамшы тамызады. Көк жасыл түсті золь түзіледі.

20 мл суға 20%-дық $\text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6]$ ертиндісінің 5 тамшысын және 4-5 тамшы қаныққан FeCl_3 ертиндісін қосады. Түзілген берлин лазурінің тұнбасын сүзгі қағазынан өткізіп, сумен шаяды, соңынан концентрациясы 0,15 моль/л болатын қымыздық қышқылының ертиндісін құяды. Тұнба $\text{C}_2\text{O}_4^{2-}$ иондарының адсорбциялануы есебінен қымыздық қышқылымен пептизацияланады және сүзгі қағазынан берлин лазурінің көк золі өтеді.





Күміс иодидінің золі. 50 мл дистилденген суға 5мл 1%-дық AgNO_3 ертиндісінен қосады. Содан кейін үстіне араластыра отырып, 1%-дық KI ертиндісінің 0,5 мл-ін тамшылата отырып қосады. Ақшылт-сары түсті золь пайда болады:







Гидролиз реакциясы. Темір гидроксидінің золі.

Қайнап тұрған судың 20 мл-іне $FeCl_3$ қосылысының қаныққан ерітіндісінің 1-2 тамшысын қосады. Осы кезде шие түстес қызыл темір гидроксидінің золі түзіледі:



Мыс (II) гексацианоферратының (II) золі. Фарфор табақшада $Cu_2[Fe(CN)_6]$ тұнбасын алады. Ол үшін 20%-дық $K_4[Fe(CN)_6]$ ерітіндісінің 10 тамшысымен 10%-дық $Cu(NO_3)_2$ ерітіндісінің 10 тамшысын араластырады. Тұнбаны сүзгі қағазынан өткізіп, сумен шаяды. Фильтраттың алғашқы порциялары түссіз болады, ал кейін сұр жасыл золь пайда болады. Қос иондық қабат реакцияға түспей қалған $Cu(NO_3)_2$ ерітіндісінің артық мөлшерінен түзіледі.



БАЗ ерітінділеріндегі мицеллалардың түзілуі әртүрлі әдістермен дәлелденген. Мұндай әдістердің көпшілігі БАЗ ерітіндісінің әртүрлі физикалық-химиялық қасиеттерінің БАЗ-дың концентрациясына деген тәуелділігіне негізделеді. Мицеллалық БАЗ-дардың ерітінділері үшін мұндай тәуелділіктер екі бөліктен тұрады.

БАЗ-дың төменгі концентрацияларында ерітінділердің қасиеттері бірыңғай өзгереді. Бірақ, әр БАЗ үшін оның ерітіндідегі белгілі концентрациясында ерітіндінің қасиеті күрт өзгеріп кетеді. Жоғары молекулалық қосылыстар негізінде зерттелген желатиннің қасиеттері зерттелді. Зерттеу барысында желатиннің ісіну дәрежесі сілтілік ерітіндіде жоғары болатынын көрдік, яғни ол желатиннің құрамына байланысты. Дегенмен алынған желатин ірі қара сүйігінен алынғанымен, алдағы уақытта желатиннің басқа да түрлерін зерттеу мақсатқа алынды.

БАЗ зольдерінің қасиеттерін зерттеу барысында күміс, берлин лазурин (калий-темір (III) гексацианоферрат (II) золі), күміс йодиді, темір гидроксиді, мыс (II) гексацианоферратының (II) зольдері талдауға алынды, олардың табиғаты, мицелла құрылыстары зерттелді. Алдағы уақытта осы зольдердің басқа да қасиеттерін және қолдануын талдау мақсатқа алынып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сумм Б.Д. Основы коллоидной химии. - М.: Академкнига, 2006. - 240 с.
2. Дерягин Б.В., Чураев Н.В., Муллер В.М. Поверхностные силы. – М.: Наука, 1987. – 398 с.
3. Фролов Ю.Г. Курс коллоидной химии. Поверхностные явления и дисперсные системы. – М.: Химия, 1982. – 400 с.
4. С.Ш.Құмарғалиева, Қ.Б.Мұсабеков, С.Б.Айдарова. Коллоидтық химияның таңдаулы тараулары. - Алматы: LEM, 2010. - 166 б.

СЕКЦИЯ 4
МҰНАЙ – ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МАҢҒЫСТАУДЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 622.276.53.

ТАҢБАЛАНҒАН ЗАТТАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН СҮЗІЛУ АҒЫНДАРЫН
ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Нуршаханова Л.К., Закенов С.Т., Жаңбырбаев Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл жұмыста таңбаланған заттардың көмегімен ұңғыаралық кеңістіктің фильтрациялық біртексіздігін зерттеу нәтижелері берілген. Алынған деректер мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін негізгі процесс болып табылатын өнімді қабаттардың сулануын басқарудың тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: мұнай, ұңғы, өндіру, мұнай қоры, қабат қасиеттері, пайдалану, ығыстыру, әдіс.

Табиғат ресурстарын ұтымды пайдаланудың маңызды міндеттерінің бірі – жер астынан мұнай қорын алудың толықтығы.

Мұнай өнеркәсібі дамуының қазіргі кезеңі мұнай кен орындарының көпшілігін өндіру және пайдалану жағдайларының күрделенуімен сипатталады.

Қорларды өндіру дәрежесін арттыруды, атап айтқанда, өнімді коллекторлардың ұңғы аралық кеңістігінің геологиялық құрылымын және сүзгілік біртексіздігін егжей-тегжейлі зерттеу арқылы қамтамасыз етуге болады.

Бұл мұнайды ығыстыру процесімен қамтылмаған қабат учаскелерінің пайда болу себептерін және жоғары өткізгіш қабаттар бойынша қабатты озыңқы суландыру аймақтарын болжауға және алдын алуға мүмкіндік береді.

Мұнай қабаттарының ұңғыаралық кеңістігінің сүзілу және сыйымдылық қасиеттерін бағалау үшін қабаттық жағдайдағы сұйықтықты сүзілудің тікелей процесін көрсететін және қабаттың едәуір бөлігінің сүзілу біртексіздігі туралы мағлұматты неғұрлым нақты алуға мүмкіндік беретін әдістер ең ақпараттылығы мол әдіс болып табылады. Ұңғы аралық кеңістіктің фильтрациялық біртексіздігін зерттеудің бірнеше әдістерінің бірі индикатор (трассер) әдісі болып табылады-таңбаланған заттарды қолдана отырып сүзгі ағындарын зерттеу әдісі. Мұнай кен орындарын барлау және іздеу, жер қойнауынан көмірсутек шикізатын алу процестерін бақылау кезінде қолданылатын индикаторлық әдістерді үш топқа бөлуге болады [1].

Бірінші топ тау жыныстарының едәуір көлемінде ұңғылар арасындағы сүзу ағындарын бақылауға негізделген. Бұл топқа бақылау ұңғылары, айдау сұйықтығын немесе газды белгілеу әдістері кіреді. Олардың көмегімен қабаттық сұйықтықтардың нақты жылдамдығы мен бағыты және қабатқа құйылған су, табиғи жату жағдайындағы қабаттардың қасиеттері анықталады. Сондай-ақ, қабаттар мен жеке ұңғылар арасындағы ағындардың таралуы және оларды суландыру көздері, кен орындарының ауданы мен қимасы бойынша гидродинамикалық байланыс анықталады, шөгінділердің біртүздігі анықталады, мұнай мен газды ығыстыру процесінің тиімділігі, оған жеке ұңғылардың әсер ету дәрежесі және оларды ағызу және айдау режимі анықталады.

Индикаторларды осы мақсаттарда пайдалану күрделі игеру жүйелерін және қабаттардың мұнай беруін арттырудың жаңа әдістерін қолдану кезінде біртекті емес қабаттардағы шоғырлар туралы неғұрлым құнды ақпарат береді.

Индикаторлар мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін негізгі процесс болып табылатын өнімді қабаттарды суландыру тиімділігін арттырумен байланысты мұнай өндіру өнеркәсібін дамытудың қазіргі заманғы кезеңінің аса маңызды міндеттерін шешуге ықпал етеді.

Кен орындарын пайдалану процесін тиімді реттеу суды айдауды сенімді бақылау кезінде ғана мүмкін болатыны белгілі. Бұл ретте мұнайды сумен ығыстырудың жылдамдығы мен сипаты, өндіруші ұңғыларды суландыру себептері, шоғырларға суды айдау режимінің әсері туралы сенімді ақпарат қажет [1].

Қабаттағы белгіленген сұйықтықты сүзуге байланысты индикаторлық әдістер бойынша алғашқы жұмыстар негізінен мұнай мен газды алу кезінде қабаттар, геологиялық бөлімдер, кен орындары және олардағы құбылыстар туралы сапалы ақпарат алуға бағытталған. Мамандардың күш-жігері бағытталған сандық көрсеткіштер мен сипаттамаларды анықтау мүмкіндігінің пайда болуымен олардың тиімділігі мен маңыздылығы едәуір артады.

Екінші топқа индикатордың стационарлық көзі, бір ұңғы, радон, бағаналық ағындарды белгілеу және т.б. әдістері кіреді, олар таңбаланған сұйықтықты қабаттың ұңғы бөлігіне айдаумен және индикатордың концентрациясының немесе орналасуының өзгеруін тіркеумен сипатталады.

Бұл әдістер кен орындарын іздеудің, барлаудың және игерудің кез-келген кезеңінде өткізгіш горизонттарды анықтауға, ұңғылардың қабылдағыштық профилін анықтауға, тау жыныстарының мұнаймен қанықтылығын, коллектордың түрін, жарылған шөгінділердің негізгі параметрлерін, кен орындарының анизотропия дәрежесін, шөгінділердің сүзу және сыйымдылық сипаттамаларын, қабаттар мен ұңғымалар арасындағы гидродинамикалық қатынасты, су астындағы ағындардың болуын және т. б.

Әдістердің үшінші тобы белгіленген сұйықтықты тек ұңғыға енгізуге негізделген. Олардың көмегімен төмендетілген шегендеу колонналарының техникалық жай-күйі, НКТ жабдықтары мен бағаналары, бұрғыланатын ұңғы оқпанының көлемі, керндер бойынша қабаттардың нақты мұнаймен қанығуы белгіленеді.

Ұңғының түбіндегі индикатор концентрациясының өзгеруіне сәйкес сүзу ағынының компоненттерін де анықтауға болады: жылдамдық, қозғалыс бағыты және қабаттағы сұйықтық шығыны.

Индикаторлық әдісті зерттеудің негізгі объектісі мұнай кен орнының ұңғымааралық кеңістігінің фильтрациялық гетерогенділігі, қабаттың геологиялық құрылымының ерекшеліктеріне байланысты гетерогенділіктің жалпылама көрсеткіші (геологиялық біркелкі еместігі) және орналасуы мен эксплуатациялануынан туындаған гетерогенділік болып табылады. ұңғымалардың режимі, қабатқа әсер ету ерекшеліктері (технологиялық біркелкі емес).

Геологиялық-геофизикалық мәліметтерді және индикаторлық зерттеулердің нәтижелерін бірлесіп пайдалану мыналарға мүмкіндік береді: мұнай кен орнының құрылымы туралы білімнің сенімділігін айтарлықтай арттыруға және жарықшақ және кеуекті қабаттардың сыйымдылығы мен сүзу параметрлерін сандық бағалауға; қабатқа физикалық-химиялық әсер етудің тиімділігін бақылау.

Трассерлік зерттеулер мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- айдау және өндіру ұңғылары арасындағы гидродинамикалық байланыс;
- қабат аралық ағындар;

- қабаттағы таңбаланған сұйықтықтың сүзілу жылдамдығы;
- су қоймасындағы ағынды ағындарды бөлу;
Каспий теңізі – Маңғыстаудағы бірден-бір су айдыны. Оның көлемі 380 мың км. Каспий теңізі солтүстіктен оңтүстікке дейін –1030 км., батыстан шығыс дейін – 196-435 км. Аралықты қамтиды. Солтүстік-шығыс бөлігінің климаты континенталды, ал оңтүстік-батысы субтропикалық климатты құрайды. Каспийдің солтүстік жағалауы таяз, көбінесе қайраңдардан тұрады. Каспий теңізі Еуропа ман Азия континенттерінің түйіскен жерінде орналасқан. Каспий қайраңы — өте ерекше табиғат туындысы әрі өсімдіктер мен жануарлардың қолайлы ортасы. Каспий өзімен құятын өзендермен бірге Еуразиядағы маңызды кәсіптік су көзі, мұнда жыл сайын 0.3 млн тоннаға жуық балық ауланады. Оны аулау үлесі әлемдік деңгеймен алғанда 85%-дан асады. Жалпы Каспийлік кәсіпшілікте итбалық аулау да елеулі орын алады. Екінші жағынан алғанда Каспийдің суын тұшытып, пайдаланып отырған Ақтау тұрғындары үшін оның суының тазалығы керек. Қазақстан Каспий теңізінің бөлігінің мұнай ресурстарын игеруге кірісті, бірақ бірқатар кезек күттірмейтін мәселелерді шешкен жоқ. Ол мәселелер: теңіздің биологиялық әлемін қорғау; мұнай операцияларын жүргізгенде ластануды шектеу стандарттарын жасамаған. Жайсыз табиғи және антропогендік факторлар Каспий теңізі деңгейінің бірде көтеріліп, бірде төмендеуіне әкелді, оның айдыны улы қалдықтармен ластануда, мұнай-газ кешендерінің толассыз әсерінен қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын қолға алу керек.

Өте ауқымды мәселе Каспий жағалауындағы жаңа және бұрынғы кәсіпорындар, сонымен бірге теңіз мұнай игеру кезінде теңізді мұнаймен немесе оның қалдықтарымен ластау қаупі сақталып отыр. Оған көп қаржы бөлінген деп айтып жатады. Қазірдің өзінде

суы тайыз айдында мұнай өнімдерінің концентрациясы белгіленген шектеулі рауалды мөлшерден 15-20 есе асып кеткен.

Солтүстік Каспий мұнаймен ластану нормасы 10 есе артып, фенол концентрациясы 100 еседен де жоғары. Суда үнемі хлорорганикалық пестицид мөлшері болып тұрады. Теңіздің ихтиологиялық фаунасы организмдер мұнаймен, ауыр металдармен, т.б. улы заттармен зақымданған. Тастанды не суға батқан ұңғылар қаншама, сондай-ақ тасымал кезінде төгілген мұнай Каспий экожүйесіне үлкен қатер төндіріп отыр.

Тағы бір тоқталары – озық технологиясы «Теңізшевройл» БК-сы қоршаған ортаға тигізер зиянын жылдан-жылға ұлғайтып келеді. ТШО-ның өндірген мұнайының құрамында улы зат жеткілікті.

Каспий мәселесі бүгінгі таңда күрделі аймақтық экологиялық проблемаға айналды. Мұнай өндіру және геологобарлау жұмыстары жүргізілген аудандарда топырақ қабатының бұзылғаны байқалды.

Маңғыстау облысының территориясында 200 млн тонна өндірістен 105.1 млн тонна улы қалдық, 8.6 млн кубометр пайдалы қазба қалдықтары жинақталған. Тек 2005жылдың өзінде жиналған 242 мың тонна өндірістік және тұрмыстық қалдықтың 162.8 тоннасы улы. Ал қазіргі мәлімет бойынша 2006 жылы 260 мың тонна қалдық жиналып, оның 180.5 мың тоннасы улы болды.

Жер бетінің 2 мың гектары жарамсыз, 170 мың кубометр мұнай массасы ашық жер амбарларында орын алған. Жаздың ыстық кездерінде буланған мұнайдың иісіне уланып, бұл жерде мекендеген аң мен құстың түрі, саны азаюда. Жайсыз экологиялық ахуал мен аяусыз қырып, жою өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің түрлеріне әсер етеді. Әсіресе Үстіртте мекен еткен дала тағылары елік, киік сияқты аңдардың саны жүз есе азайған. Қалдықтардың жыл өткен сайын азаюы не көбеюі жеке кәсіпорындардың қалдықтарына тікелей байланысты. 1998 жылдан бастап мұнайды көп алу мақсатында, Жетібай кен орнындағы ескі ұңғылардың арасына су қысымын жіберіп, жара бастады. Су қысымымен жарудың салдарынан қуыс көбейіп кетіп, «термит» деген құрттың аналығы жер бетіне шығып кеткен. Оның күніне миллион есе жұмыртқалайтынын ескерсек, қаншылықты денсаулыққа әсер ететіні анық.

Күнделікті табиғатта сан мыңдаған құбылыстар болып жатады. Сұлтанмахмұт Торайғыров ағамыз: «Барлық қызық табиғаттан таралыпты, табиғат адам үшін жаралыпты» деген. Ойланып қарасам, табиғат бізге бәрін берді, киер киім, ішер тамақ, ауа, үй және т.б. Ал біз табиғатқа не бере аламыз? – ештеңе де бере алмаймыз. Біз тек қана алуды білеміз, ал оның арты не болатыны туралы ойланбаймыз. Табиғат біздің бір бөлігіміз емес, керісінше, біз оның кішкене ғана бөлігіміз.

Бүгінгі таңда атмосфера ауасына тигізер әсерінің зор екендігін жақсы білеміз. Ластанған ауаны тазартудың ең жеңіл жолы – көгалдандыру екенін де әрбір көзі ашық жан мойындайды. Сондықтан жасыл желектерді өсіруден жалықпау керек деп ойлаймын. Әсемдік үшін өсірілетін, көшеті қымбат тұратын пальма ағаштарынан көрі, газдың сіңіру қасиеті ерекше; Қаражидек, шаңды ұстайтын: жөке, күміс үйеңкіні; күкіртті газды сіңіретін: қаратерек, жасыл шаған, жұмсақ қараағаш, жөке, қайыңды; хлор мен оның қосылыстарын сіңіретін: емен, қызылжибектерді көбірек отырғысса, қала экологиясын жақсартуға үлкен пайдасы болады.

Ең негізгі – әр адам тек қана өз қара басын ойламай, қоршаған ортаға деген көз қарасы дұрыс болса, бәрі де болар еді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Экология и устойчивое развитие» газета, 10.2005;
2. «Егемен Қазақстан» газеті, 14 қаңтар 2004;
3. «Промышленность Казахстана» журнал, 08.2004;
4. «ҚазҰТУ хабаршысы, экология сериясы» журналы, №2(15) 2004;
5. Акбасова А.Ж., Санкова Т.Ә., «Экология», Алматы, 2003;

ӘОЖ 665.612/613(075.8)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Іздібайқызы Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Маңызды және актуалдық проблема болып – барлық технологиялық тізбекпен – кенорынды барлаудан мұнай мен газды пайдалануға дейінгі байланысты барлық сұрақтар табылады. Дүниежүзінде мұнай және газды пайдалану барлау, алу, тасымалдау, өңдеу және оларды пайдалану бойынша барлық сұрақтардың маңыздылығының алдын алды.

Түйінді сөздер: мұнай базалары, мұнай өнімін өткізгіштер, табиғи ресурстар, мұнай базалары.

Мұнай жану және майлау материалы, сонымен қатар бірқатар ауруларға қарсы ембік зат ретінде адамзатқа бұрынғы уақыттан бері белгілі. Мұнайды алу техникасы бастапқыда жеңілрек болған, мұнай жер бетінен шығу жерлерінде, яғни шұңқырлардан алынады. Кейінгі уақытта ағаш және тас арқылы құдықтарды шегендеген. Дамып келе жатқан өндіріс және тасымалдау жүйелері күннен күнге көп мұнай мен мұнай өнімдерін ажет етеді. Көп жағдайларда бұл, дәстүрлі түрдегі тасымалдау жолдарын пайдалануға қарағанда тиімдірек, Мұнайды өңдеу өнімдері және табиғи газды тұтынушыға дейін жеткізу қажет. Осы мақсатпен оларды бөлу жүйесі қызмет етеді. Оның құрамына газ қоймалары, мұнай базалары, мұнай өнімін өткізгіштер, газды бөлу жүйелері, жанармай құю бекеттері, газтолтырушылар және газды бөлу станциялары кіреді. Маңызды және актуалдық проблема болып – барлық технологиялық тізбекпен – кенорынды барлаудан мұнай мен газды пайдалануға дейінгі байланысты барлық сұрақтар табылады. Дүниежүзінде мұнай және газды пайдалану барлау, алу, тасымалдау, өңдеу және оларды пайдалану бойынша барлық сұрақтардың маңыздылығының алдын алды. Ең бірінші кезекте кенорнында тұрақты түрде жетілдіру жүреді, пайдалануға теңіз шельфінің кенорындары түседі, үлкен тереңдіктегі мұнайды бұрғылауды меңгеру жүреді. Мұнайгаздылықтың үлкен перспективаларын Каспий теңізінің Қазақстан секторымен қойнауына байланыстырады. Көптеген кенорныдарда табиғи жағдайдар келесідей, орнатылған мұнайды жинауда қажетті деңгейде қабаттық қысымды ұстау үшін шөгінділерге суды табиғи түрде алып келу жеткіліксіз. Сондықтан мұнайдан газдың шығып кетуінің және онымен өнімділік қабаттың толып қалуының алдын алу үшін АҚШ-тың көптеген кенорындарында қабатты жасанды жолмен толтыру арқылы ең тиімді суқарқынды режим ұсталынады. Тек шөгіндінің оларды қоршайтын суқарқынды

жүйелермен өте жақсы байланысы бар аз ғана бөлігі табиғи суқарқынды режимде өңделеді.

Маңғыстау облысы – Қазақстан Республикасының басты мұнай газ өндіретін аймағы болып есептеледі. Қара алтынын сыйлаған Маңғыстау даласының экологоиялық жағдайы мәз емес. Мұнай және газ кен орындарын меңгерудің экологиялық проблемаларының өзіндік аймақтық ерекшеліктері бар – географиялық, геологиялық, геодинамикалық, сондай-ақ әлеуметтік. Оның үстіне қазіргі кезге дейін қоршаған ортаны қорғау мәселесі мұнай мен газды өндіру бойынша жобалық тапсырмалардан кейін тұрғаны және жобаларда дұрыс шешім таппауы экологиялық жағдайға із қалдырады. Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайды жақсарту үшін мұнай мен газ кен орындарын, бұрғылау кешендерімен игеруде, табиғи көмірсутектер мен оларды өңдеу өнімдерін игергенде, дайындағанда, тасымалдағанда және сақтағанда табиғатты қорғаудың шараларының кешенін тиімді іске асыру керек. Экологиялық бағдарламалар апаттардың алдын алуға мұнай және газ қорларын дұрыс пайдалануға флора мен фаунаны сақтауға және қоршаған табиғи ортаны ластаумен күресу шараларын күшейтуге бағытталу керек. Республикада пайдалы қазбалар мен жерасты суларын игеруде жер қойнауын қорғау мен тиімді пайдалануды бақылау сондай-ақ бұралқы сулар мен зиянды заттарды терең горизонттарға жіберу сұрақтарын келісуге экология және табиғи ресурстар Министрлігі жауапты. Мұнай өндіру кезінде мұнай қалдықтары далаға төгілмеуі тиіс. – бір сөзбен айтқанда Конституция заңдары сақталуы міндетті. Табиғатқа тигізген зиянды әрекеттерімізді өз қолымызбен жақсартып, бүлінген жерлерімізді өңдеп, қоқыс қалдықтардан тазалап, оның құнарын қалпына келтіруіміз керек. Ол үшін тек топыраққа емес, сонымен бірге топырақты құрайтын факторларға – атмосфералық, топырақ ортасын қажетті бағытқа өзгертетін ылғалдық, өсімдік қорегімен қамтамасыз етілуін арттыру, биологиялық процестерді жеделдетіп мәдениеттендіру, яғни адамның өндірістік тұрғыдан әсер етуі арқылы топырақ қасиеттерін жақсарту қажет. «Бүгінгі сұлу табиғат, ертенгі ұрпақ еншісі» дегендей ластанған ауаның тазартудың ең жеңіл жолы – көгалдандыру екенін де әрбір көзі ашық жан мойындайды. Сондықтан жасыл желектерді өсіруден жалықпау керек деп ойлаймы.

Өлкеміздің басқада экологиялық ахуалын болдырмау үшін келесідегідей ұсыныстар ұсынылады:

- ең бастысы экологиялық бағытта ақпараттарды көбейту;
- аймақтарда, облысымызда, республикамызда экологиялық көрмелер мен байқауларды жиі-жиі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;
- өндірістерде табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және сот тәжірибесімен айыптар төлету;
- айып төлемдерден түскен қаражаттарды экологиялық ұйымдарға жұмсау және сол ұйымдарға жастарды тартып, қоршаған ортаны қорғау бағытында жұмыс жасауға бағыт бағдар беру;
- мұнай газ өндіру кезінде ауаны ластауды болдырмайтын қазіргі заманғы технологияларды көбірек пайдалану;
- мұнаймен бірге өндірілетін ілеспе газдарды өңдеу арқылы тұрған үйлерде пайдалану;
- бастысы мұнайға серік газдарды ауаға жағу процесін қолдануды тоқтату.

Ең негізгісі әр адам тек қана өз қара басын ойламай, қоршаған ортаға деген көз қарасы дұрыс болса, қоршаған ортамыз таза, бәрі де жақсы болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экология Мангистау – глазами студентов (22-30) 2005ж
2. Ғ.М. Нұрсұлтанов. К.Н. Абайұлданов. Мұнай және газды өндіріп өңдеу. Алматы. 1999.ж (392-398)
3. Омаралиев Т.О. Мұнай мен газды өңдеу химиясымен технологиясы. 1-бөлім / Т.О Омаралиев: Білім, 2001.
4. Омаралиев Т.О. Мұнай мен газды өңдеу химиясымен технологиясы. 2-бөлім / Т.О Омаралиев: Білім, 2001.

ӘОЖ 574(075.8)

МАҢҒЫСТАУ Өңірінің ЭКОЛОГИЯСЫ - БҮГІНГІ ТАҢДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Іздібайқызы Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мұнай ұңғымаларын бұрғылау барысында бөлінетін зиянды ертінділер, улы заттар мен химиялық реагенттер топырақ қабатының тозуына тікелей ықпал етеді. Бүгінгі таңда облыс аумағында бірнеше «тарихи» ластану көздері бар. Олардың кеңестік кезең тұсында тасада қалған төгінділер мен қоқыс-қалдық үйіндісі. Технологияның қарыштап дамып, өндірістің қарқыны артқан бүгінгі күні әлемде экологиялық ахуалдың ақсап тұр.

Түйінді сөздер: экологиялық проблема, топырақ қабатының тозуы, гидрофлора.

Таза ауа мен табиғаттың, қоршаған ортаның жайлылығы әркім үшін де алаңсыз өмір сүруде ең басты қажеттіліктердің бірі. Технологияның қарыштап дамып, өндірістің қарқыны артқан бүгінгі күні әлемде экологиялық ахуалдың ақсап тұрғаны жасырын емес. Тіпті басқаны айтпағанда, кең қолданыстағы және қолайлы саналатын полиэтилен ыдыстардың өзі табиғатқа қаншалықты зиян әкелетіні белгілі. Біз мұндай жағдайда қоршаған ортаны қалай қорғап, өзімізге және болашақ ұрпаққа алаңсыз өмірді қалай сыйлай аламыз? Бұл – бүгінгі күннің басты мәселесі. Жердің «тарихи» әрі өнеркәсіптік, тұрмыстық және басқа қалдықтармен ластануы өңірдің негізгі экологиялық мәселесіне айналды. Бұл табиғаттағы заттар айналымына кері әсерін тигізеді. Мұнай ұңғымаларын бұрғылау барысында бөлінетін зиянды ертінділер, улы заттар мен химиялық реагенттер топырақ қабатының тозуына тікелей ықпал етеді. Бүгінгі таңда облыс аумағында бірнеше «тарихи» ластану көздері бар. Олардың бәрі дерлік кеңестік кезең тұсында тасада қалған төгінділер мен қоқыс-қалдық үйіндісі. 2015 жылы экология департаменті жергілікті атқару органдарымен бірге ластанған жер телімдері мен өндірістік қалдықтарды республикалық меншікке беру жөнінде жұмыстар атқарды. Өңірдегі ең ірі экологиялық проблеманың бірі құрамында уран қалдығы мол «Қошқар-Ата» өндірістік химиялық қалдықтар қоймасы. Қойма Каспий теңізінен 7-8, облыс орталығы Ақтау қаласынан 3-4 шақырым жерде орналасқан. Қоймаға 105 млн. тоннадан астам уытты қалдықтардың шөгіндісі көмілген. Радиобелсенді қалдықтар үлесі 52 млн. тоннаны құрайды. Жасанды көл суының кебуі салдарынан құрғап қалған жер аумағынан жел арқылы ұшырылған шаң, аэрозолды бөлшектердің атмосфераға тарау қаупі алаңдатады. Көл көлемін тұрақтандыру мақсатында жыл сайын Ақтау қаласындағы кәріздік-тазарту

қондырғысынан 8,4 млн. текше метр зарарсыздандырылған су «Қошқар-Ата» көліне ағызылады. Сонымен қоса, қойма аумағының оңтүстік бөлігінде жалпы алаңы 7,5 га құрайтын орманды жасыл алқап жасау жобасы қолға алынған. Залалды қойма мәселесін шешу мақсатында жетекші ғалымдармен бірлесе сан түрлі бағытта зерттеу жұмыстары жалғасуда. «Қошқар-Ата» қалдық қоймасын қайта қалпына келтірудің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленген болатын. Қайта көмудің жобалық-металық құжаттамасы мемлекеттік сараптамадан өткен соң, жүзеге асуға қажетті қаражат республикалық бюджеттен бөлінеді. Сонымен қоса басқосуда қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу, жою және көму мәселесі қозғалды. Маңғыстау ауданының Жыңғылды, Тұщықұдық, Шайыр ауылдарында, Қарақия ауданының Мұнайшы, Болашақ ауылдарында, Бейнеу ауданының Боранқұл ауылында, Түпқараған ауданының Қызылөзен ауылында ҚТҚ көму полиганының құрылысына техникалық-экономикалық негіздеме жасалынды. Жаңаөзен қаласындағы комбинат 2015 жылдың өзінде 5436 тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеген. Өңдеу барысында полимерлік бұйымдардың алынады. Басқарма құрамында сынабы бар шамшырақтарды қайта өңдеу пилоттық жобасын жүзеге асырмақ. Осыған орай, қала аумағында 27 арнайы қоқыс контейнерлері орнатылды. Сонымен қоса, Жетібай, Шетпе, Өмірзақ, Боранқұл, Ақшұқыр, Болашақ ауылдарында өлген малды көметін орындар құрылысын қолға алу көзделген. «Маңғыстау облысының Зерттеу жұмыстарының қорытынды есебі экология департаменті, геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясы және де мамандырылған табиғатты қорғау прокуратурасына анықталған экологиялық бұзушылықтарды жоюға шара қолдануға жіберіліп отырады. Жылда халықаралық Каспий күні қарсаңына облыста мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады, сонымен қатар Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттердің өкілдерімен және де халықаралық беделді ұйымдармен Каспий теңізінің биоресурстарын қорғау мәселесінің аясында түрлі шаралар өткізіліп келеді.

Өрине, экологиялық ахуалды жақсартуға құзырлы органдар барын салуда. Десе де, қоршаған ортаны қорғау мәселелері жергілікті немесе республикалық бюджеттен қыруар қаржыны жұмсау арқылы шешіле бермейтіні айдан анық. Өкініштісі сол, қоршаған ортаны қорғаудың орнына, қазір қорлайтындар көбейген заман болып тұр. Бір ғана Каспий мәселесін айтатын болсақ, теңіз жағалауын ластануына адамдардың өздері жол беріп отыр. Демек, бұл ретте ең алдымен ой-сананы түбегейлі өзгерту қажет. Мұны тек еститін құлақ, сезінтін жүрек болса жетіп жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұ.Б.Асқарова, Экология және қоршаған ортаны қорғау, Алматы, 2007
2. Үпішев Е.М. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау : Оқулық /- Алматы : Экономика, 2006. - 480 б.
3. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: Оқулық / Ә.С.Бейсенова және т.б.- Алматы: Ғылым, 2004.- 328 б.
4. Экология және тұрақты даму : Оқулық / ҚР Білім және Ғылым мин-гі бекіткен ; ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы :Дәуір, 2011. - 312 б.

МҰНАЙ ШИКІЗАТЫН ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Іздібайқызы Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мұнайдың нафтенді көмірсутегі, олардың физикалық және химиялық қасиеттері. Мұнай және мұнай өнімдерінің қанықпаған көмірсутектерінің жалпы сипаттамасы және оларды анықтау әдістері. Мұнайдың және мұнай кен орындарының пайда болуы. Мұнай ұңғымаларын бұрғылау әдістері және мұнай орындарын даярлау жобасының мәліметтері. Материалды және жылулық баланс.

Түйінді сөздер: мұнайдың нафтенді көмірсутегі, гетероқосылыстары, ректификационды колонналар, мұнайдың күкіртті қосылыстары.

Мұнай шикізатын қайта өңдеудің екінші ретті процестерінің жалпы сипаттамасы. Мұнай шикізатын құрылымын өзгертіп өңдеу технологиясының ерекшеліктері. Мұнай шикізатын құрылымын өзгертіп өңдеу процестерінің жылулық эффекттері. Айналмаған мұнай шикізатын рециркуляциялау. Термиялық және катализикалық процестерді аппаратуралық рәсімдеу ерекшеліктері. Мұнай шикізатын қайта өңдеудің термиялық процестерінің теориялық негіздері. Термиялық процестердің термодинамикасы мен кинетикасы. Термиялық процестердің химизмі мен механизмі. Термиялық процестердің негізгі факторлары және өнімдердің қасиеттері. Қысым арқылы термиялық крекинг. Шығарылатын реакциялы камерасы бар екі пешті крекинг сызбасы. Висбрекинг. Құрылымын өзгертіп вакуумды айдау. Қазіргі заманғы мұнай өңдеу органикалық заттардың химиясы мен физикасының дамуының тарихы мен негізгі бағыттары. Мұнайдың пайда болуы жайлы гипотезаларға шолу. Д.И. Менделеев гипотезасы. Мұнайдың органикалық пайда болуының гипотезасы. Мұнайдың аналық затының мұнай түзілу процесінде түрленуі. Мұнайдың химиялық құрамын зерттеудің жалпы принциптері. Мұнайгаз кешенінің ауқымды дамуы, отын энергетикасы секторының және мұнай-газ-химиялық өнеркәсібінің негіз салушысы. Бұл саланың дамуы ірі мұнай мен газ кен орындарының игерілуіне, сондай-ақ оларды енгізіп іске қосуына, сорап станциялардың, қуатты мұнай-газ-өнімөткізгіштері салаларының ірімасштабты құрлысына, электр күштік қондырғылардың жерасты, жерүсті және жердегі орналасуына ықпал етеді. Мұнай өнімдерін тасымалдау жүйесіндегі экологиялық қатердің алдыңғы факторларының бірі су және топырақ ортасына әсер ететін уақытша техногенді фактор. Экологиялық залаләсерінен пайда болады келесілер: физико-механикалық әсер, гидрогеологиялық ортаның тұрақсыздануы, эрозия процесінің іске қосылуы, өсімдіктер жайлы мағлұматтар, гидросфераның ластануынан. Құрылыс техногенезі мен қоршаған орта компоненттер мінездемелерінің өзара әсері. Құрылыс басталған уақыттағы экологиялық жағдай, пайдалану барысындағы қоршаған аясының қалпы мен өзгеруінің болжамдары, нақы және потенциалды экологиялық қауіп-қатердің бағасы; Қазіргі мұнай газ объектілерінің жанжақты құрылысы қоршаған ортаны сақтап қалуын қамтамасыз етуге кепілдік береді. Мұнайөңдеу зауыттарындағы жалпы ағымдық сызбасындағы тазалаудың негізгі процестері мен олардың орны. Мұнайды өңдеу өнімдерінен мұнай химиялық синтез және басқа мақсаттар үшін шикізатты бөлу әдістері (ароматты көмірсутектер, қалыпты парафиндер және т.б.). Құрылымын

өзгертіп гидрогенизациялаумен алынған майлардың қасиеттері мен процестің ерекшеліктері.

Өндірістің мұнай химиялық саласы – органикалық заттар өндірісінің негізі. ҚР мұнай өңдеу және мұнай химиялық өндірісінің даму жолдары мен қазіргі заманғы жағдайы. Органикалық және мұнай химиялық синтез үшін шикізат алу технологиясы мен негізгі әдістері. Көмірсутекті шикізатты өндіру мен қайта өңдеудің технологиялық процестерін интенсификациялау: мұнай мен оның құрылғыларын бірінші ретті қайта өңдеу; жоғары сапалы отындарды ауыр мұнай қалдықтарынан алу. Мұнай өңдеуге арналған жаңа каталитикалық жүйелер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рябов В.Д. Химия нефти и газа. – М.: РГУ НиГ им. И.М.Губкина, 2004. -288с.
2. Ахметов С.А. Технология глубокой переработки нефти и газа. Уфа Гилем, 2002. – 672 с.
3. Мановян А.К. Технология первичной переработки нефти и природного газа: Учебное пособие для вузов. 2-е изд. М.: Химия, 2001. 586 с.
4. Надиров Н.К. Высоковязкие нефти и природные битумы. т. 1-5. Алматы.: Ғылым, 2001. – 2000 с.
5. Сырманова К.К. Физика и химия волокнообразующих полимеров/ Учебное пособие/- Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова, 2009. - 146с.
6. Бейсенбаев О.К., Мамытов К.Ж. Органикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы, Шымкент, 2011ж Оқу құралы 336б

ӘОЖ 665.612/613(075.8)

МҰНАЙ-ГАЗ ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Іздібайқызы Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан.

Андатпа. Мұнай өндіру, мұнай өңдеу және мұнай-химия кешенінде қоршаған ортаны ластау іздестіру бұрғылауынан және де мұнай және газ өндіру ұңғыларының құрылысынан басталады. Ұңғыларды құру кезіндегі негізгі ластағыш көздер: бұрғылау қондырғылары дизельдерінің жарамсыз газдары, еспе ұнтақ тәріздес материалдарын сақтау сыйымдылықтары, өндірістік-технологиялық қалдықтар бар шламдық амбарлар, және де айналмалы жүйелер.

Түйінді сөздер: мұнай өңдеу, жер ластануы процесі, бұрғылау жұмыстары, экологиялық мониторинг.

Мұнай және газ кенорындарын игерудің экологиялық мәселелерінде өз аймақтық ерекшеліктері бар — географиялық, геологиялық, геодинамикалық және әлеуметтік. Соңғы уақытқа дейін табиғатты қорғау мәселесі мұнай мен газ өндірісінің жоспарлы тапсырмалары орындалуына орын беріп, жобаларда тиісті шешімін таппай келді. Бұл факт экологиялық ахуалға өзінің ерекше белгісін қалдырды. Бұрғылаудың өнеркәсіптік қалдықтары бұрғылау алаңының амбарларында немесе үйінділерде жинақталған, олар

одан әрі шығарылып, шлам сақталуына арнайы бөлінген аумақтарда орналастырылуы керек. Осы ретте, қалдықтардың ластағыш қабілеттігін бағалау мәселелері ерекше маңызға ие болуда. Жер асты суларындағы ластағыш заттардың мөлшері мен ушылдығы соған байланысты. Бұрғылау жұмыстары кезінде негізгі және ең күшті ластағыш зат бұрғылау ерітіндісі болып табылады. Оны дайындау үшін жиырма шақты химиялық реагенттер қолданылады, олардың көбісінде Денсаулық сақтау министрлігімен бекітілген шекті шоғырлану мөлшері жоқ. Ұңғылардың құрылысы және соған еріп жүретін бұрғылау қалдықтарының жинақталуы басқа өндіріс түрлерінен бұрғылау нысандарының әр жерде болуымен, қалдықтардың сипаттамалары біркелкі болмауымен және олар уақыт бойынша өзгеруімен ерекшеленеді. Кен орындарын пайдалану кезінде ірі жер массивтері бұзылады. Мысалы, Қарашығанақ кенорнын игеру кезінде 3000 гектардан аса егістік, жайылым жерлері, ормандар және т.б. алынуы жоспарланған. Теңіз кенорнының алаңы 200 шаршы метрді құрайды. Тұрақты тіршілік ету үшін экологиялық тұрғыдан қолайсыз аймақ ретінде Теңіз кен орны үшін 50 км анықталған, Қарашығанақ үшін қалдық тастаудың шекті мөлшері жоғарырақ, яғни, соған сәйкес, атмосфера одан бетер ластанады. Ескірген жабдық пен шарушалық қызметтің әдістері экологиялық қауіпті көбейтеді, жаға технологиялық әдістерге көшу жаңа проблемаларды туындатады. Мысалы, ұңғыларды жөндеу кезінде қоршаған ортаның ластануы байқалады. Осы ретте, ұңғы ішіндегі жабдық жүздеген рет түсу-көтеру жүргізілді. Ұңғыма толық газсызданғанға дейін техникалық сумен алдын ала шайылады. Алайда, тәжірибеде ол шаю құбырлар мен жабдықтың ішкі және сыртқы қабырғаларынан мұнай өнімдерінің қабыршағын толық жоя алмайды.

Магистральды мұнай құбырларында топырақтың, жер беті суының және атмосфералық ауаның жоспарлы мониторингі жүргізіледі. Қатты тұрмыстық қалдықтарды және мұнай қойыртпағын әкету мен көму тәртібі үнемі бақылауда тұрады, мазутпен былғанған қойыртпақты қалпына келтіру жүргізіледі. Компания филиалдарында экологиялық аудит жүргізілді, экологиялық ортаға ықпалы көзқарасы тұрғысынан магистральды мұнай құбырларына толық баға берілді. Экологиялық мониторинг нәтижелері бойынша өндірістік объектілердің қоршаған ортаға елеулі әсер етпейтіндігі анықталды. Магистральды мұнай құбырларының табиғи тозуына байланысты олардың экологиялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар да артады. Осыған байланысты алдын алу жүйесін жетілдірудің және мұнай тасымалы саласының төтенше жағдайларын жоюдың негізгі бағыттары айқындалды. Сонымен, мұнай-газ саласының улы, жанғыш, жарылғыш заттарды көп мөлшерде өндіріп, тасымалдайтын кәсіпорындары жоғары технологиялық және экологиялық апаттардың көзі болып есептеледі. Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық жағдайды жақсарту үшін газ бен мұнай кен орындарын, табиғи көмірсутекті бұрғылау, өңдеу, дайындау, тасымалдау және сақтау жөніндегі өндірістік объектілерді өңдеуде табиғатты қорғау шараларын тиімді жүзеге асыру қажет. Экологиялық бағдарламалар апатты болдырмау, мұнай мен газ қорларын тиімді пайдалану, флора мен фаунаны сақтау мен қоршаған табиғи ортаны ластауға қарсы күреске бағытталуы қажет. Жоғарыда айтылғандардан келесідей қорытынды жасауға болады: мұнай қорын пайдаланудың қазіргі жағдайы төмен. Мұнайдың геологиялық қорының көп пайызы жер қойнауында қалып қояды. Осыған байланысты технологияның жаңа жетістіктерін пайдаланып, мұнайды жер қойнауында қалдырмай өндіру пайызын көбейту керек. Мұнай түрлерінің мүмкіндіктері тиімді пайдаланылмайды. Қазақстандық мұнай құрамындағы пайдалы компоненттердің көбі өндірістің қалдығы болып есептеледі, және қоршаған ортаны ластаудың бірден бір көзі болып отыр. Осыған байланысты мұнайдың сапасын ескере отырып, қайта өндіретін арнайы зауыттарды салу өзекті мәселелердің бірі. Мұндай зауытты құрамында парафині

көп, ауыр мұнай өндірілетін жерде салу тиімді. Мұнайдың осы түрлерінің экспортқа шығару мөлшерін шектеп, жеңіл мұнайды өндіру мен экспортқа шығаруды арттыру экономика тұрғысынан тиімді болады. Мұндай жағдайдан шығу жолдарының бірі мұнай-газ машина құрылысын дамытуды күшейту. Әлемнің мұнай өндіруші елдерінің мұнайды игеру мен пайдалану тәжірибесі мұнай-газ қоларын өндіру, экспортқа шығару игерудің бастапқы кезеңі екенін көрсетеді. Мұнайды толық қайта өндіріп, экспортқа шикі мұнайды жібермей, дайын өнімдерді жіберу ең тиімді болып есептеледі. Мұнайды қайта өндіруді көбейту, мұнай өнімдерінің сапсын арттыру республика қажеттілігін толық қамтамасыз етеді, келешекте қолданыстағы, қайта жөнделген жабдықтарда өндірілген жоғары сапалы мұнай өнімдерін экспортқа шығаруға мүмкіндік бар.

Өндірістің кез келген саласы сияқты, мұнай-газ өндірісі де қоршаған ортаға келеңсіз ықпалын тигізеді. Сондықтан апаттың бетін алу, мұнай мен газ қорларын тиімді пайдалану, флора мен фаунаны сақтау, қошаған табиғи ортаны ластауға қарсы күрес шараларына арналған экологиялық бағдарлама жасау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рябов В.Д.Химия нефти и газа. – М.: РГУ НиГ им. И.М.Губкина, 2004.-288с.
2. Ахметов С.А.Технология глубокой переработки нефти и газа.Уфа Гилем, 2002. – 672 с.
3. Мановян А.К. Технология первичной переработки нефти и природного газа: Учебное пособие для вузов. 2-е изд. М.: Химия, 2001. 586 с.
4. Надиров Н.К. Высоковязкие нефти и природные битумы. т. 1-5. Алматы.:Ғылым, 2001. – 2000 с.
5. Сырманова К.К. Физика и химия волокнообразующих полимеров/ Учебное пособие/- Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауезова,2009. - 146с.
6. Бейсенбаев О.К.,Мамытов К.Ж. Органикалық және мұнайхимия өндірісінің технологиясы, Шымкент, 2011ж Оқу құралы 336 б.

СЕКЦИЯ 5
КАСПИЙ КОНВЕНЦИЯСЫ: АЙМАҚТЫҢ САЯСИ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

ӘОЖ 656

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА
ЖҮЙЕСІНІҢ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАРЫ

Абдраймов Р.

Ғылыми жетекші: Исақұлова А.Т.

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Көліктік логистика – қажетті уақыт ішінде және ең аз шығынмен оңтайлы маршрут бойынша қажетті нүктеге қажетті тауар көлемін жылжыту. Қазіргі жаһандық жағдайларда логистика мемлекеттердің индустриялық дамуында шешуші рөл атқарады. Бірқатар елдерде үкімет бастапқыда өнеркәсіптік дамуды ынталандырудың негізгі факторы ретінде логистиканы дамытуға сүйенді. Қазақстан Республикасында бұл құрал өнеркәсіптік серпіліс үшін айтарлықтай экономикалық нәтиже бере алады.

Түйінді сөздер: логистика, логистикалық менеджмент, көліктік логистика, транзиттік әлеует, логистикалық негіз.

Бүгінгі таңда логистика айтарлықтай ауқымды және ақпаратты ұсыну тәсілінен бастап дайын өнімді түпкілікті тұтынушыға жеткізуге дейінгі көптеген процестерге қатысуына байланысты қызметтің ерекше маңызды саласы болып табылады. «Логистика» анықтамасына келер болсақ, ол жүйелердегі ағындарды оңтайландыру және басқару әдістемесі екенін айту керек.

Логистикалық менеджмент логистикалық жүйені басқару процесі, яғни. логистикалық жүйенің мақсаттарына жету үшін негізгі басқару функцияларын орындау (негізінен ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы).

Логистикалық менеджмент қаржылық, ақпараттық, сонымен қатар ішкі және сыртқы материалдық ағындарды басқаруды жақсарту мақсатында уақыт пен өндірістік факторлардың дәл есебін қамтамасыз етеді.

Логистикалық менеджмент объектісі – логистикалық маман жеке сипаттайтын және қарастыра алатын барлық нәрсе, мысалы, ағындар, шикізаттың, материалдардың, аяқталмаған өндірістің және тауарлардың қозғалысымен байланысты кез келген процестер.

Кәсіпорынның логистикалық менеджмент жүйесі, жалпы алғанда, мынадай ішкі жүйелерді қамтиды:

- ақпараттық қамтамасыз етуді және құжат айналымын басқару;
- тауар айналымын басқару;
- логистикалық инфрақұрылымды басқару;
- логистикалық шығындарды басқару;
- тұтынушыларға қызмет көрсетуді басқару.

Бүгінгі күні логистика түсінігі кәсіпорындар қызметінің барлық дерлік түрлерін қамтиды және материалдық, қаржылық және ақпараттық ағындарды оңтайландыруды көздейді. Мінсіз құрылған логистика ішкі және халықаралық нарықта тауарлар мен қызметтерді жылжытудағы негізгі бәсекелестік артықшылықтардың бірі болып

табылады. Сондықтан қазіргі заманғы өнеркәсіптік кәсіпорындар логистикалық процестерді құруға және логистикалық жеткізушіні таңдауға ерекше назар аударады.

Көліктік логистика – қажетті уақыт ішінде және ең аз шығынмен оңтайлы маршрут бойынша қажетті нүктеге қажетті тауар көлемін жылжыту.

Көліктік логистикалық жүйені пайдалану нәтижесі «логистиканың алты ережесін» орындаудың жоғары ықтималдылығы болып табылады: қажет жүкті, қажетті жерде, қажетті уақытта, қажетті мөлшерде, қажетті сападағы, минималды шығындармен.

Сарапшылар көлік логистикасы шешетін міндеттерге сілтеме жасайды:

- көліктік дәліздер мен көлік тізбектерін қоса алғанда, көлік жүйелерін құру;
- көліктік және қоймалық процестің технологиялық бірлігін қамтамасыз ету;
- қойма және өндіріспен тасымалдау процесін бірлесіп жоспарлау;
- жүкті жеткізудің ұтымды бағытын анықтау;
- көлік құралының түрін таңдау және т.б.

Қазіргі жаһандық жағдайларда логистика мемлекеттердің индустриялық дамуында шешуші рөл атқаратынын атап өткен жөн. Бірқатар елдерде үкімет бастапқыда өнеркәсіптік дамуды ынталандырудың негізгі факторы ретінде логистиканы дамытуға сүйенді. Қазақстан Республикасында бұл құрал өнеркәсіптік серпіліс үшін айтарлықтай экономикалық нәтиже бере алады.

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында екені белгілі. Еуразия құрлығының қақ ортасында Еуропа мен Азия шекараларының түйіскен жерінде орналасқан еліміздің транзиттік әлеуеті жоғары.

Жаһандық дағдарыстың салдарын еңсеру кезеңінде ірі өндіруші Қытай мен маңызды тұтынушы Еуропа арасындағы жүк тасымалы көлемінің өсуін ескере отырып, Қазақстанның көлік саясатының негізгі мақсаты Еуразиялық трансконтиненталдық көпірді одан әрі құру болып қала береді.

Автомобиль және теміржол желілерінің, әуе бағыттарының кешені, сондай-ақ Каспий теңізіндегі Ақтаудағы стратегиялық маңызды порты бар Қазақстан үздіксіз еуразиялық көлік қатынасын қамтамасыз ету үшін қолданыстағы ұлттық транзиттік ресурсты пайдалана алады.

Транзиттік әлеуетті елдің экономикалық өсу нүктесі ретінде қарастыру керек екенін сеніммен атап өтуге болады. Ол үшін тартымдылықты арттыру және ТМД кеңістігінде ең заманауи тиімді көлік-логистикалық жүйені құру, қызметтердің кең спектрін ұсынуды ескере отырып, көліктің кез келген түрі бойынша көлік-логистикалық операцияларды жетілдіру, бәсекеге қабілетті тарифтерді, транзиттік жүк ағындарының транзиттік уақыты, құны және осы дәліздерді жүйелі пайдалану нақты айқындалатын, кіретін және шығатын жүк ағындары үшін оңтайлы жағдайлар мен инфрақұрылымды ұйымдастыру және дамыту болатын тұрақты, сызықтық негізде транзиттік жүк ағындарының дәліздерін одан әрі жетілдіру қажет. Айта кету керек, бұл Қазақстанның транзиттік әлеуетін барынша пайдалану мақсатында атқарылуы тиіс міндеттердің толық тізбесінен алыс. Бұл жүзеге асса, Қазақстан көлік логистикасының экономиканы дамытуға қосқан үлесі зор болмақ.

Еуропа мен Азияның сыйымды нарықтары арасындағы стратегиялық орынды ескере отырып, ең алдымен инвестициялық процестерге серпін беретін сауда ағындарын белсендіру қажет. Біздің аумақта өндірісті ұйымдастыру және кейіннен көршілерімізге сату мақсатында логистикалық база шетелдік инвесторлар үшін тартымды болуы керек. Жалпы алғанда, Қазақстандағы заманауи логистика қажетті сандық және сапалы қызмет көлемін қамтамасыз етуге, кез келген бағытта, кез келген қашықтықта, кез келген тауарлар мен қызметтерді кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етуге арналған кешенді кешен болуы керек. Сонымен қатар, басқа да инфрақұрылымдық жүйелер сияқты

логистикалық жүйе жеткізу мерзімдерін қысқарту, шығындарды азайту, бағыттарды әртараптандыру және т.б. арқылы отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі тиіс. Логистика өзінің дамуына қайта инвестициялаудың жоғары деңгейімен өзін-өзі қамтамасыз ететін табысты болып қалуы керек.

Ел аумағында логистикалық жүйенің үйлесімді құрылымын қалыптастыру мақсатына жету үшін логистикалық объектілер тауар ағындарына қызмет көрсету деңгейіне және көлік жүйелерінің жұмысына қарай саралануы керек. Жүйенің негізгі логистикалық нысандары әртүрлі көлік-логистикалық орталықтар, кластерлер, қойма кешендері болады деп болжануда. Бұл ретте көлік-логистикалық орталықтарды құру екі негізгі тәсілді пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс:

- «нөлден» логистикалық орталық құру – нарықта жер телімін іздеу (сатып алу) және кешеннің одан әрі құрылысы;

- қолданыстағы өндірістік немесе қоймалық жылжымайтын мүлікті заманауи логистикалық орталықтарға жаңғырту (қайта жабдықтау).

Көлік инфрақұрылымын дамыту ел экономикасының өсуінің маңызды факторларының бірі екенін түсіне отырып, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі заманғы инфрақұрылымды қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Қазақстанда көлік-логистика жүйесін дамытудың үш негізгі басым бағыттары мен міндеттері бар:

- транзиттік әлеуетті жүзеге асыру міндеттері;
- жолаушылар тасымалын дамыту міндеттері;
- экономиканың экспортты және ішкі қажеттіліктерін дамыту міндеттері.

Түпкі мақсат – Қазақстанның заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, оның әлемдік көлік жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ету және еліміздің транзиттік әлеуетін іске асыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Савенкова Т.И. Логистика: Учеб. пособие — М.: Омега, 2008. — 225 с.
2. Джонсон Дж. С. Современная логистика. — М., СПб., Киев: Вильямс, 2005 — 386 с.
3. Назарбаев Н.А. Программа «Стратегия «Казахстан - 2050»: новый политический курс состоявшегося государства // [ЭР]. Режим доступа: online.zakon.kz.
4. Е.Б.Романько, А.О.Мусабекова. Развитие транспортной логистики в Республике Казахстан. Вестник КарГУ, 2014
5. Г.К. Жаксыгулова, Э.Е. Баймуханбетова, Д.Ж. Мырзаханова. Транспортно-логистическая система Казахстана: реалии и перспективы. Вестник КазЭУ, 2015.

КАСПИЙ АЙМАҒЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

Абдуллаева Г.

Ғылыми жетекші: Тажиева И.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Каспий маңы елдері үшін маңызы зор екендігі жөнінде айтылады. Себебі, жылдар бойы шешілмеген көптеген түйіткілді мәселелер өз шешімін тапты және бұл Қазақстанға инвестиция көлемін арттыруға жол ашады. Ал, елге сырттан тартылатын инвестиция мөлшері көбейсе, республиканың экономикалық әл-ахуалы да жақсарып, халыққа жаңа жұмыс орындары ашылды. Мемлекет басшысы транзиттік әлеуетті дамытуға ерекше назар аударып отыр. Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында заманауи логистикалық инфрақұрылым жасақталуда.

Түйінді сөздер: транскаспий халықаралық көлік тасымалы, инфрақұрылым, Ақтау порт, мультимодальды.

Қазақстанның транзиттік ел ретіндегі әлеуетіне талдау жасап қарасақ, алдағы кедергілерді жойып, Каспий және Қара теңіз аймағы елдеріндегі тиімді логистикалық қызмет сапасын көтеру жайын талқылады. Алдағы уақытта жаңа бәсекелестікке төтеп бере алатын көліктік бағдарлар жасақтау жөніндегі іс тәжірибелерімен, ақпараттармен алмасты. Ақтау қаласында Қазақстанның «Kazlogistics» көлік одағының ұйымдастыруымен Каспий және Қара теңіз өңіріндегі елдердің өкілдерінің қатысуымен «Қазақстанның транзиттік әлеуеті. Ірі жобаларға тоқталсақ оның ішінде Қазақстанның «Батыс қақпасы» атанған Каспий логистикалық инфрақұрылымын дамыту жайымен, Транскаспий халықаралық көлік тасымалы (ТКХКТ) бағдарындағы Ақтау портының солтүстік жағалауын кеңейту мен Құрық паром кешені құрылысы барысына тоқталды.

Транскаспий халықаралық көлік тасымалын дамытуда инфрақұрылымдық жобаларын белсенді жүзеге асыруда. Келесі жылы Карс (Түркия) – Ахалкалаки (Грузия) темір жолының жоспарлануда. Ол жоба біздің көлік дәлізіміздің дамуына серпін береді. ТКХКТ инфрақұрылымын жасақтай отырып, біз бағдарды дамытудағы өз шешімдеріміз бен тапсырмаларымызды үйлестіруіміз керек. Сөйтіп, оның тартымдылығын және оның теңіз және құрғақпен жүретін баламалы жолдардан бәсекелестікке төтеп бере алатын сапалы деңгейін көтеруге тиіспіз.

Қазақстанның мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын жүзеге асыра отырып, көліктік-логистикалық саладағы әлеуетін барынша көтеру көзделеді. Ол арқылы еліміздің бәсекелестікке сәйкестігі жоғарылап, инвестициялық тартымдылығы көтеріледі. Бұл мәселе өз кезегінде Қазақстанның ғана емес, Каспий мен Қара теңіз аймағындағы елдердің экономикалық дамуына ықпал етеді.

«Еуразиялық ықпалдастық аясындағы» «Еуразиялық транскұрлықтық халықаралық көлік бағдарын дамыту. «Нұрлы жол» бағдарламасын және «Жібек жолы-экономикалық белдеуі» тақырыбында дөңгелек үстел отырыстары өткізілді. Шараға қатысушылар Каспий мен Қара теңіз мультимодальдық көлік бағдарларын дамыту тиімділігі, қайта жаңғырту кезіндегі жұмысты ұйымдастыру, Ақтау порты арқылы жүк тасымалдау мәселелерін қарастырды.

ҚР 1ші Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымды дамыту Қазақстанның басым бағыттары жайлы айтылған. Ол Маңғыстау облысының атқарар рөлі ерекше екендігін көрсетеді.

Ақтауда халықаралық көліктік-логистикалық форум да басты мақсат — теңіз порты жүк айналымын арттыру, Маңғыстау облысының инвестициялық тартымдылығын көрсету. Маңғыстаудағы көзделген логистика саласында жобаларды іске асыру Қазақстанның Каспийдегі логистикалық торабының қуатын 2018 жылдың аяғына дейін 25 миллион тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді.

Іс-шара кезінде көліктік-логистикалық әлеуетті арттыру, Каспий транзиттік дәлізіндегі бірыңғай тариф және өзара тиімді ынтымақтастық жайы сөз болды. Мәселені талқылауға халықаралық теңіз жобаларының ірі инвесторлары — теңіз логистикасы белсенді дамыған елдер: Ресей, Әзірбайжан, Түркия, Қытай, Грузия, Америка, Ұлыбритания, Италия порттарының өкілдері, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың, жергілікті ірі мұнай компаниясының жетекшілері қатысты. [1]

Каспий теңізі адамзат тарихында орасан маңызға ие мекен. Бұл жерде дүниедегі табиғи қазба байлықтың көп мөлшері шоғырланған. Әрі Каспий теңізі геосаяси түйткілдердің түйіскен жерінде тұр. Өңір арқылы стратегиялық көлік жолдары өтеді.

Каспий теңізі біздің елдер ғана емес, Еуропа мен Азияны жалғайтын көпір екені баршаға аян. Каспий бестігіне мүше мемлекеттерде 240 млн. Халық тұрады. Аталған елдер қарыштап дамып келеді. Әр мемлекеттің өз мүддесі бар. Ширек ғасыр бұрын Каспий келіссөздері басталған кезде біздің елдер келіседі дегенге көп адам күмәнмен қарады. Ұзақ уақытқа созылған келіссөздердің нәтижесінде Ақтауда ортақ шешімге келіп отырмыз- деді.

Каспий төңірегіндегі экономикалық, экологиялық, көлік-логистика және теңіздегі қауіпсіздік мәселелері қатысты 6 бірдей құжат бекіді. Жалпы, қарт Каспийдің қойнауы қазба байлықтан кенде емес. «Қара алтынын» айтпағанда, қара маржан уылдырық пен бекіренің өзі – баға жетпес қазына. Теңіздің қайраңынан қаншама елдің табыс тауып отырғаны қазір баршаға аян. Ақтауда бекітілетін құжатқа сай, әр елдің Каспий теңізі акваториндегі шекаралары шегенделді. Каспий теңізінің байлығын бөлісуге қатысты келіссөздер сонау 1994 жылдан бері жалғасып келді. [2]

Соңғы 10 жылда транспорт саласын дамытуға шамамен 30 млрд.АҚШ доллары жұмсалды, 2 мың км астам темір жол төселді, 19,5 мың км автомобиль жолдары қайта жаңартылды, Каспийге порттық қуаттар 26 млн.тоннаға дейін ұлғайтылды, 15 әуежайда (ҰҚЖ) қайта жаңарту жүргізілді. Ел аумағы бойынша 11 халықаралық көлік дәліздері өтеді, оның ішінде 5 темір жол және 6 автомобиль жолдары. ҚР аумағында 5 халықаралық көлік дәлізі өтеді:

- Трансазиялық темір жол магистралінің Солтүстік және Оңтүстік дәліздері.
- Солтүстік: Батыс Еуропа-Қытай,Корея, Жапония Ресей және Қазақстан арқылы (Достық-Астана-Петропавл учаскесі).
- Оңтүстік: Оңтүстік-Шығыс Еуропа – Қытай-Оңтүстік-Шығыс Азия Түркия,Иран, ОА елдері және Қазақстан арқылы (Достық-Сарыағаш учаскесі).
- Ортаазиялық дәліз. Орталық Азия-Ресей және ЕО елдері (ҚР бойынша учаске Сарыағаш –Арыс –Қандығаш –Озинки).

Көп жылдық үздіксіз келіссөздердің нәтижесінде биыл Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды. Ақтау порттары Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды кешені әрі Еуразияның логистикалық картасындағы жаңа нүкте болып табылады. Портта 4 миллион тонна жүк тиеліп, Еуропа елдеріне тасымалданбақшы. Сонымен бірге, дәл осы Ақтау қаласы – бірнеше

халықаралық көлік дәліздерінің тоғысында орналасқан, «Ұлы Жібек жолы» бойындағы маңызды қала болып қала бермек. Қазіргі таңда жоба шеңберінде Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту көзделіп отыр. Ол – Қазақстан, Қытай, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азия елдері, Шығыс Еуропа арасындағы жүк тасымалы мәселесін жандандыруға жол ашпақ. Мұндай маңызды жоба Астана халықаралық қаржы орталығына да жаңа мүмкіндіктер береді. Себебі, орталық басшысы Қайрат Келімбетовтің өзі «Бір жол, бір белдеу» жобасының Қазақстан және оның экономикалық әлеуеті үшін қаншалықты маңызды екенін атап көрсеткен еді: «Қазақстан қазіргі таңда «Жібек жолы» бастамасын жүзеге асыру барысында маңызды рөлге ие.

Каспий өңіріндегі 2018-2020 жылдарға арналған логистикалық инфрақұрылымды дамыту жоспары туралы айтылды. 2017 жылы Қазақстанның Каспий мультимодальдық тізбегі 5,5 миллион тонна жүк өңдеді. Оның ішінде құрғақ және паромдық жүктер жалпы жүктердің 80% дейін жеткізілді.

«Ақтау теңіз порты» АЭА 2002 жылы экспортқа бағытталған жоғары технологиялық өндіріске инвестиция тарту мақсатында құрылған болатын. Мұнда 27 қатысушы тіркелген. Италия, Түркия, Германия, Қытай, Англия, Әзербайжан инвесторлары қызмет етеді. Қазірдің өзінде 18 инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, 1300 жұмыс орны ашылды. 260,4 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, бюджетке 23,6 млрд. теңге түсім түсті. [3]

Инфрақұрылымды дамытумен қатар, Ақтау портында (2016ж.) енгізілді. "бірыңғай терезе" қағидаты бойынша құжаттарды ресімдеудің жаңа жүйесі, бұл жүктерді өңдеу процесін 10-12 сағаттан орта есеппен 4 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Транзиттік жүктерді тиіп-жөнелтуді қамтамасыз ету және Каспийге Транскаспийлік мультимодальдық тасымалдарды дамыту мақсатында Құрық портында паром кешенін күзету жөніндегі жоба іске асырылды. Жүк автокөлігіне қызмет көрсету үшін 2018 жылдың тамыз айында паром терминалы іске қосылды.

Транзиттік жүктерді тиіп-жөнелтуді қамтамасыз ету және Каспийге Транскаспийлік мультимодальдық тасымалдарды дамыту мақсатында Құрық портында паром кешенін күзету жөніндегі жоба іске асырылды. Жүк автокөлігіне қызмет көрсету үшін 2018 жылдың тамыз айында паром терминалы іске қосылды .

Бүгінгі таңда Қытаймен шекарада кедергісіз сауданы дамыту мақсатында "Қорғас-Шығыс қақпасы" АЭА құру толығымен аяқталды. АЭА инфрақұрылымына индустриялық және логистикалық аймақтармен қатар елдің шығысында жүктерді шоғырландыру және дистрибуциялау үшін 2015 жылы іске қосылған құрғақ порт кіреді.

Бұл экономикалық, құқықтық, экологиялық сияқты мәселелерде ортақ шешім шығаруға шақыру болатын. Бұл теңіздің биоресурстарын қорғап, жағалау күзетін нықтауда өзара тәжірибе болмақ.[4]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касенов У. Каспийское море: правовой статус, нефть и международная безопасность //Деловая неделя. – 2017.

2.<https://qazdauiri.kz>

3.<https://qazaqstan.tv/news>

4.<http://www.traceca-org.org/kz>

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА, ПРИКАСПИЙСКИЕ ТОРГОВО – ЭКОНОМИЧЕСКИЕ СВЯЗИ

Абилов А.

Научный руководитель: Саубетова Б.С.

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау,
Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются прогресс переговорного процесса состоит в том, что все его участники согласились с возможностью применения на Каспии принципа, раздела. Все страны признали возможность его раздела на национальные секторы, поскольку очевидно, что концепция полного секторального раздела, которой придерживается Азербайджан и Иран, включает в себя и раздел дна. Такое уникальное явление природы, как Каспийское море, должно быть достоянием всех прибрежных государств, реально стать фактором укрепления стабильности и сотрудничества в Каспийском регионе.

Ключевые слова: правовой статус Каспия, конкуренция, шельф Каспийского моря, рынок, предприятия, технология, Соглашение о разграничении дна северной части Каспийского моря.

Казахстан выступил за раздел дна и недр Каспийского моря на национальные секторы по принципу срединной линии, а также за установление прибрежных и рыболовных зон согласованной ширины. Прибрежные зоны, по аналогии с территориальным морем, по морскому праву будут являться суверенной государственной территорией. [1, с. 5]

Казахстан явился сторонником поэтапного подхода к определению правового статуса Каспия. Поэтому на первом этапе он считал целесообразным прежде всего урегулировать вопросы разграничения Каспийского шельфа и экологии моря.

Необходимо было определить пределы полного государственного суверенитета, установив соответствующие государственные границы на море, а также границы некоторых суверенных прав, которые могут простираются за пределы суверенной государственной территории. В частности, права на донный сектор с целью освоения его минеральных ресурсов, для прокладки трубопроводов и т.д.

Каждое из пяти прикаспийских государств имеет суверенное право на собственное видение правового статуса Каспия. Несмотря на разногласия, возникшие по данному вопросу, прогресс переговорного процесса состоит в том, что все его участники согласились с возможностью применения на Каспии принципа, раздела. Все страны признали возможность его раздела на национальные секторы, поскольку очевидно, что концепция полного секторального раздела, которой придерживается Азербайджан и Иран, включает в себя и раздел дна. [1, с. 12]

Подтверждением этого также служит Соглашение о разграничении дна северной части Каспийского моря в целях осуществления суверенных прав на недропользование, подписанное Республикой Казахстан и Российской Федерацией в 1998 году. 13 мая 2002 года в Москве был подписан Протокол, который является приложением к данному Соглашению и его неотъемлемой частью. В нем содержатся координаты модифицированной срединной линии, а также условия совместного освоения уполномоченными компаниями Казахстана и России минеральных ресурсов структур

“Курмангазы”, “Центральная” и месторождения “Хвалынское”, находящихся в непосредственной близости от согласованной модифицированной срединной линии.

29 ноября 2001 года подписано аналогичное соглашение между Республикой Казахстан и Азербайджанской Республикой. [1, с. 16]

И тот факт, что Казахстан и Россия первыми достигли взаимопонимания и договоренности по вопросам освоения ресурсов дна, еще раз подтверждает стремление наших государств развивать стратегическое партнерство по всем направлениям. Подписание двусторонних международных соглашений по недропользованию, безусловно, является успехом и указывает на согласованный и принципиальный подход трех государств в достижении общего консенсуса. Такое уникальное явление природы, как Каспийское море, должно быть достоянием всех прибрежных государств, реально стать фактором укрепления стабильности и сотрудничества в Каспийском регионе.

По оценкам зарубежных экспертов, в XXI веке энергетические ресурсы будут по-прежнему играть важную роль в развитии мировой экономики, а обеспечение растущего спроса на энергетическое сырье будет оставаться в центре всеобщего внимания. Аналитики считают, что в течение предстоящих 20 лет мировой спрос на энергоносители вырастет примерно на 50%. Учитывая, что сегодня нефть и газ являются доминантой экономического роста большинства стран, в целях снижения негативного влияния этого фактора на устойчивое развитие мировой экономики крайне важно найти новые источники энергоресурсов. [1, с. 22]

